

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81'27(043)

Қолжазба құқығында

БАЙМЫРЗА АЙНҰР АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, доцент
Л.М. Шайкенова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Арто Мустайоки (Финляндия)

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІН ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Сәйкестілік ұғымы және жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеу бағыттары.....	15
1.2 Көптілділік құбылысы: Қазақстандағы көрінісі және даму динамикасы	33
1.3 Көптілділік саясатының тілдік сәйкестілікке ықпалы.....	39
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	45
2 ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІК ДЕҢГЕЙІНІҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	48
2.1 Халық санағы мен ресми статистика деректеріндегі жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі	48
2.2 Жастар арасындағы тілдік сәйкестілік және Гринберг көптілділік индексі	59
2.3 Көптілді жастардың ана тілі және этникалық сәйкестілігінің өзара байланысы	69
Екінші тарау бойынша тұжырым	76
3 КӨПТІЛДІ ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	78
3.1 Жастардың тілдік сәйкестілігінің әлеуметтік және коммуникативтік көріністері.....	78
3.2 Жастардың тілдік сәйкестілігінің тілге қарым-қатынас арқылы репрезентациялануы.....	90
3.3 Жастардың тілдік сәйкестілігіндегі ішкі қайшылықтар.....	101
Үшінші тарау бойынша тұжырым.....	111
ҚОРЫТЫНДЫ	113
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116
ҚОСЫМША А - Пилоттық сауалнама.....	126
ҚОСЫМША Ә - Зерттеу сауалнамасы.....	130
ҚОСЫМША Б - Сұхбат сұрақтары.....	134

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

АЗАМАТТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК – тұлға сәйкестілігінің бір түрі, тұлғаның өзінің белгілі бір мемлекетке тиесілігін сезінуі (өзін-өзі сезіну, өзін-өзі теңдестіру, өзін-өзі анықтау).

АНА ТІЛІ – 1. Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. 2. Кез келген халықтың тілдік санасында маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «бөгде» деген ұғымдарды ажырататын менталды стереотиптердің іс-әрекетіне байланысты, этноспен сәйкестілік тілі.

ӘЛЕУМЕТТІК СӘЙКЕСТІЛІК – жеке адам сәйкестілігінің бір түрі; жеке адамның қоғамға, әлеуметтік топқа өзінің қатыстылығын сезінуі, әлеуметтік мәртебе және әлеуметтік рөлмен өзін-өзі теңдестіруі.

ЖАСТАР ТІЛІ – тілдің жас мөлшеріне қарай әлеуметтік және өңірлік айырмашылықтарға ие бір түрі.

КӨПТІЛДІЛІК – жеке адамның немесе қоғамның екі немесе одан да көп тілді қолдануы; мультилингвизм, полилингвизм ұғымдарымен бірдей.

ҚОСТІЛДІЛІК – билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі // қолдануы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – белгілі бір елде мемлекетпен сәйкестіліктің, біртұтастықтың белгісі ретінде қабылданатын тіл; айрықша саяси-құқықтық мәртебесі бар тіл.

САУАЛНАМА – нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпарат жинау әдісі.

СӘЙКЕСТІЛІК – мемлекетке, этносқа, тілге, мәдениетке, дінге, қоғамға, жынысқа, жасқа, кәсіпке, топқа қатысты жеке адамның өзін сезінуі, өзін-өзі теңдестіруі.

СҰХБАТ – зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сұхбат алушы мен респонденттің тікелей өзара ықпалдасу арқылы ақпарат жинау әдісі.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ – тұлғаның қалыптасуы, индивидтің белгілі бір әлеуметтік топқа, қоғамға немесе микроәлеуметтік қауымға тән құндылықтарды, нормалар мен қағидаларды, іс-қимыл үлгілерін меңгеру үдерісі. Әлеуметтенудің ең күшті факторы тіл болып табылады.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – заң субъектісі ретіндегі тілдің құқықтық жағдайы, орны; тілдің әлеуметтік жүйедегі ұлттық және халықаралық заңнамалық актілер арқылы айқындалатын орны.

ТІЛ САЯСАТЫ – мемлекеттік саясаттың бұлжымас бөлігі; тіл қызметіне, тілдің дамуының барысына нақты тілді жоспарлау субъектілерінің (мемлекеттік билік, әлеуметтік топтар, элита, халықаралық ұйымдар, партиялар, таптар және

т.б.) саналы және нысаналы ықпалының теориясы мен практикасы; қолданыстағы тілдердің жұмсалуына, қарым-қатынастың жаңа тілдік құралдарына нысаналы, әрі ғылыми негізделген басшылық жасау.

ТІЛГЕ ҚАТЫНАС – тіл, тілді пайдаланушылар және тілдік жарыспалылық туралы адамдардың көзқарастары мен пікірлері. Табиғаты жағынан тілге көзқарас әлеуметтік феномен болып табылады және тіл практикасына әсер етеді.

ТІЛДІ ТАҢДАУ – қостілділік жағдайында нақты сөйлеу жағдаятында, қарым-қатынастың, қоғамның әлеуметтік құрылымының және тілді пайдалану аясының ерекшеліктеріне қарай тілдердің немесе тіл-жарыспаларының біріне артықшылық беріп пайдалану.

ТІЛДІК БЕЙТАРАПТЫЛЫҚ – тілге/тілдерге, мемлекеттік тілге, ана тіліне, діни тілге, миноритар тілге, диаспора тіліне позитивті қарым-қатынас; бұл тілдің сақталуына ықпал етеді.

ТІЛДІК ЖАҒДАЯТ – тілдің/тілдердің қоғамда нақты қолданылуы нақты бір тарихи кезеңде белгілі бір аумақтық-әкімшілік құрылымда (этникалық қауымдастықта) қолданылатын тілдердің, тілдің өмір сүру формаларының, аумақтық және әлеуметтік диалектілердің, койне мен жаргондардың жиынтығы.

ТІЛДІК ҚАТЫНАС – ерекше географиялық, тарихи, әлеуметтік шарттардың салдарынан екі не одан да көп тілдердің бір-біріне әсер етуі және бір-бірінің құрылымына, сөздік қорына ықпал етуі.

ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – Тілдік құзыреттілік қарым-қатынас құзіреттілігінің бөлігі ретінде; жағдаятқа, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынасқа, қатынас мақсатына байланысты тілдік құралдарды сәйкесінше пайдалана білу дағдысы.

ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІК – жеке адамның өзін тілге қатыстылығы жағынан сезінуі (өзін-өзі теңдестіруі, өзін-өзі бірдейлестіруі); тілді//тілдерді білуді (тілдік құзырет, коммуникативті құзырет), тілдерді қолдануды (тілдік тәжірибе), тілдерге қарым-қатынасты қамтитын, жеке адамның немесе топтың тілдік сипаттамасының жиынтығы.

ТІЛДІК ТӘЖІРИБЕ – нақты коммуникативтік мәнмәтінде, ситуацияда қолданыстағы тілдік репертуардан кодтарды//тілдерді іріктеудің дағдылы модельдері.

ЭТНИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК – жеке тұлғаның нақты бір этникалық топқа тиесілі болатындығы, оған өзін-өзі теңдестіруі.

КІРІСПЕ

Қазіргі Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят – тарихи-мәдени және әлеуметтік лингвистикалық өзара әрекеттестіктің күрделі нәтижесі. Бүгінде Қазақстан – көпэтникалық, мультимәдени және көпконфессионалды ел, онда әртүрлі генетикалық топ пен құрылымдық тип тілдерінде сөйлейтін халықтар тұрады.

Қазіргі Қазақстанның этнотілдік ландшафты, бір жағынан, этникалық және тілдік алуан түрліліктің жоғары дәрежесімен, екінші жағынан, екі этнос (қазақ және орыс), сандық жағынан қалған барлық этностардан үстем болуымен сипатталады. Ал, қазақ және орыс тілдері коммуникативтік тұрғыдан пәрменді екі негізгі серіктес болып табылады. Және де мемлекеттік тіл саясаты аясындағы іс-шаралар нәтижесі, сонымен қатар, еңбек нарығының талабы ретінде ағылшын тілі де маңызды мәнге ие болып келе жатыр. Этникалық және мәдени тұрғыдан бірыңғай емес қоғам өкілдері бір мезгілде екі не одан да көп тілдерді қолдануы олардың көптілділігін тілдік сәйкестіліктерімен қатар кешенді түрде зерттеуді талап етеді.

Жаһандану мен жаңғыру жағдайында ұлттық тілдік сәйкестілікті сақтау ғана емес, сондай-ақ, қоғамның белсенді әлеуметтік-демографиялық тобы – жастардың бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ететін көптілділікті дамыту қажеттілігі туындауда. Жастар тілдік үдерістерді зерттеуде ерекше орын алады, себебі дәл осы ұрпақ қазіргі заманның талаптарына сай өзгерістерге белсенді түрде қатысуда.

Жастар тіліне қатысты ауқымды зерттеу жүргізу нәтижесінде жазылған «Қазақстандағы жастардың тілдік сәйкестілігі» атты монографияда [1, б. 123]: «Ғалымдар тілді зерттеу барысында тілдердің жойылу-жойылмауында жастар тілінің тікелей қатыстылығын анықтаған. Тілдердің өмір сүруінің бірден-бір кепілі – сол тілде сөйлейтін жастары» делінген. Қазақ әдеби тілінің тарихын және оның бүгінгі қолданысын зерттеген ғалым Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» [2, б. 318] еңбегінде: «Жастардың тілі – қазақ тіліне назарын аударып қызығушылықтарын тудыру, сол арқылы тілдің беделін арттыру, биікке көтеру сияқты мемлекеттің тілдің өміршендігі мен болашағы үшін күрестің бір ұшы болып табылады деп санаймыз» деп, жастар арқылы қазақ тілінің мәртебесін көтеру мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

Жастар дәстүр мен инновацияның қиылысында тұр, бұл олардың тілдік сәйкестілігіне, ана тіліне, мемлекеттік және шет тілдеріне деген қатынасына әсер етеді. Қазақстан жастарының тілдік сәйкестілігінің қалыптасуы көптеген факторларға, соның ішінде отбасындағы тілдік ортаға, білім беру саясатына, БАҚ пен цифрлық технологиялардың ықпалына, сондай-ақ, 2007 жылы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында ұсынған «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасының аясында орындалған тілдердің үштұғырлығын (қазақ, орыс, ағылшын) дамытуға бағытталған мемлекеттік тіл саясатына байланысты.

Қазақстан жастарының көптілділік феномені ерекше қызығушылық тудырады. Көптілділік тек қарым-қатынас құралы ғана емес, дәстүрлі және жаһандық құндылықтарды интеграциялауға қабілетті көпөлшемді сәйкестілікті қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Өйткені, тілдік сәйкестілік қарым-қатынас барысында анық байқалатын коммуникативтік сипаттан бөлек, тілді таңдау, тілге қарым-қатынас үдерістерінде орын алатын символикалық сипатқа да ие. Осындай күрделі тілдік үдерістердің субъектісі және жаһандану жаңалықтарын бойына тез сіңіруші әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың көптілділігі және тілдік сәйкестілігі мәселелерін зерттеу өзектілігін жоғалтпай отыр.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаятында көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасу үдерістерін кешенді түрде зерттеудің қажеттілігімен негізделеді. Бұл мәселені зерттеу елдегі әлеуметтік-мәдени үдерістерді түсінуге және ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге, сондай-ақ, көптілді бәсекеге қабілетті қоғамды дамытуға бағытталған тіл саясатын оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге ықпал етеді.

Көптілділік – Қазақстан қоғамының стратегиялық бағыты. Қоғамның белсенді әлеуметтік-демографиялық тобы және тұлғалық әлеуметтенудің ең маңызды сатысында тұрған жастардың көптілділігін нақты әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде түсіндіру зерттеу жұмыстың өзектілігін арттыра түседі. Көптілділік кең таралған құбылыс болғанымен, оның әрбір елдегі, әрбір ұрпақтағы көрінісі әртүрлі. Қазақстан жағдайында үштілділік саясатының әсерінен қалыптасқан ерекше көптілділік моделі бар. Осы модельдің жастар арасындағы тілдік сәйкестілікке қалай әсер ететінін зерттеу ғылыми тұрғыдан маңызды.

Өйткені, тілдік сәйкестілік арқылы тілге қарым-қатынас анықталады. Адам өзін қай әлеуметтік топқа жатқызса, сол топтың тілімен өзін сәйкестендіреді, яғни сол топтың тілінде сөйлейді. Сөйлемеген жағдайдың өзінде оны сыйлайды, символдық мәнін түсінеді. Әр қазақстандық ұлтына қарамастан азаматтық сәйкестілігінің бір құрамдас бөлігі ретінде тілдік сәйкестілігі шеңберінде қазақ тілін біледі, білуге ұмтылады, білмеген жағдайда оны сыйлайды. Осы арада көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау өзектілігі көрінеді.

Көптілді ортада өсіп келе жатқан жастарда бір тілге басымдық беріп, басқа тілдерден алшақтау немесе, керісінше, ана тілінен алыстау сияқты мәселелер туындайды. Бұл құбылыстарды уақытында түсініп, ғылыми негізде шешу қоғам үшін өзекті.

Жастар (жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері) тілін зерттеуіміздің өзектілігі: олар мемлекетіміздің «үштұғырлы тіл» саясатының әсерін білім беру саласы арқылы өз тәжірибелерінен өткізді; олар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарды өзіне тез сіңіреді; әлеуметтік желілерді, интернетті белсенді қолданатын болғандықтан, әлем мәдениетіне еліктейтін болғандықтан, олар жан-жақты, әлеуметтік тұрғыда мобильді; жастар – болашағымыз. Қазір олар бойына қандай түсініктер мен құндылықтарды сіңіріп, қай бағытта бет алып жатқанын анықтап алсақ,

болашақты болжай аламыз. Он жылда Қазақстан нарығын құрайтын қазіргі студент жастар. Олар енді ғана кәсіп игеріп, мамандыққа аяқ басты. Оларда түрлі сәйкестендіру үдерістері жүріп жатыр. Әлеуметтенудің маңызды қадамында тұр. Жастардың осы межедегі көзқарастары мен оларға әсер етуші факторлар нақтыланса, даму динамикасының сипатын көруге болады. Қазір олардың Қазақстанның тілдік саясатындағы және шынайы тілдік жағдаятындағы басым тілдер – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қарым-қатынасы және өзін-өзі сәйкестендіру деңгейін анықтап, осы тілдерді меңгеруге, таңдауға деген мотивациясын зерделесек, болашақ тілдік жағдаятты болжай аламыз. Соған сәйкес тіл саясатының тиімді жүзеге асуына ұсыныстар айта аламыз.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту; мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі ролін күшейту; білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру; мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру; Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту; орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылуы; этникалық топтардың тілдерін дамыту және т.б.» міндеттері ретінде жүзеге асырып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының [3] мақсаттары ұлттық тілдік сәйкестілік, көптілді білім берудің маңыздылығын айқындап отыр. Бұл аталған мәселелер зерттеу жұмысының мемлекеттік бағдарламалар аясы тұрғысынан өзектілігін нақтылай түседі.

2025 жылдың наурыз айында өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев: «Жастардың ашық, білімді болып, үнемі таным жолында жүруі аса маңызды. Ал аға буынның міндеті – жастарды дұрыс жолға бағыттап, оларды жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу. Ұлттық болмысты сақтай отырып, жаңашылдыққа ұмтылу қажет. Сонда ғана біз тек оқитын емес, өзгелерге де үйрететін ұлтқа айналамыз», – деп атап өтті [4].

Мемлекет басшысының бұл пікірі білім беру, рухани бағдар және мәдени сабақтастық арасындағы өзара байланыс пен олардың үздіксіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды. Жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында жастардың азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік-мәдени жетілуінің негізі ретінде тұрақты тілдік және ұлттық сәйкестілікті қалыптастыру ерекше өзектілікке ие болуда.

Осыған орай, қазіргі қазақстандық қоғамда көптілді әрі құндылыққа негізделген тұлғаны тәрбиелеу – аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл ретте тіл тек коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі танудың, мәдени кодты жеткізудің және әлеуметтік интеграцияның негізгі тетігі ретінде танылады.

Зерттеу нысаны – жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділік жағдаяты.

Зерттеу пәні – жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің өзара байланысының әлеуметтік лингвистикалық параметрлері.

Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің өзара байланысын әлеуметтік лингвистикалық параметрлер арқылы айқындау және көптілділік жағдаятындағы студенттердің тілдік сәйкестілігін модельдеу.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеудің теориялық негіздерін айқындау арқылы зерттеудегі «жастардың тілдік сәйкестілігі» ұғымының мәнін ашу;

- Қазақстандағы көптілділік құбылысының әлеуметтік лингвистикалық сипатын саралап, оның жастардың тілдік сәйкестілігіне ықпалын айқындау;

- халық санағы, ресми статистика, Гринберг индексын қолдана отырып, жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің сандық көрсеткіштерін анықтап, олардың өзара байланысын сипаттау;

- көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілік типологиясын жасау;

- көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілігінің құрылымдық моделін ұсыну.

Зерттеу әдістері. Тілдік сәйкестілік пен көптілділік феноменіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге салыстырмалы шолу жасау, ұғымдық-терминологиялық базаны нақтылау мақсатында теориялық талдау әдісі пайдаланылды. Жастардың тілдік ерекшеліктерін, жалпы тілдік жағдаятты түсіну үшін бақылау әдісі қолданылды. Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама әдісі жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейін анықтау үшін қолданылды. Сауалнама сұрақтары жастардың тіл таңдауы, тілге көзқарасы, коммуникативтік жағдайдағы тілдік мінез-құлқы, ана тілі мен этникалық сәйкестілікке қатынасы сияқты аспектілерді қамтыды. Жартылай құрылымдық сұхбат әдісі сауалнама нәтижелерін тереңдетіп талдау және жастардың тілге құндылықтық, эмоциялық қатынасын айқындау үшін жүргізілді. Бұл әдіс жастардың ішкі мотивациясы мен тілдік тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік берді. Статистикалық және индекстік талдау әдісі көптілділіктің сандық деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-талдау әдісі әртүрлі әлеуметтік топтар мен өңірлердегі студенттердің тілдік сәйкестілігі мен тілге қатынас ерекшеліктерін салыстыра отырып, аймақтық және мәдени айырмашылықтарды анықтауға негіз болды.

Осы әдістерді қолдана отырып, зерттеу үш кезеңде жүзеге асты. Бірінші кезеңде әртүрлі мамандықта оқитын студенттердің тілдік сәйкестілік ерекшеліктері мен көптілділік деңгейін түсіну және олардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігі арасындағы байланысты анықтау үшін бақылау әдісі екі ай көлемінде жүргізілді. Және осы кезеңде көптілділік саясатының студент жастардың тілдік сәйкестілікке әсерін бағалау үшін мемлекеттік тіл саясатының ресми құжаттары сараланды. Екінші кезеңде жаппай сауалнаманың валидтілігін

тексеру үшін пилоттық сауалнама жүргізілді. Үшінші кезеңде пилоттық сауалнама нәтижелерінің негізінде толықтырылған жаппай сауалнама және жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің гипотезасы – жоғары оқу орны студенттерінің көптілділік деңгейі артқан сайын олардың тілдік сәйкестілігі көпқабатты сипатқа ие болып, тілге деген қатынасы мен ұстанымдары күрделене түседі.

Диссертациялық зерттеудің материалы. Зерттеу материалы сандық және сапалық деректер кешенінен тұрады. Сандық материал ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ұсынған 2009 және 2021 жылдардағы халық санағы деректері, тілдік құрам мен көптілділік деңгейіне қатысты ресми статистикалық мәліметтер, сондай-ақ Гринберг көптілділік индексі есептеуге арналған аймақтық және жас ерекшелігіне сай көрсеткіштер қолданылды. Сонымен қатар, 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология және әлем тілдері факультетінде жүргізілген барлығы 100 студент қатысқан пилоттық сауалнама нәтижелері және 2024 жылы жүргізілген барлығы 500 респондент қатысқан жаппай сауалнама нәтижелері қолданылды.

Пилоттық сауалнама респонденттерінің жыныстық құрамы келесідей бөлінді: 39,2%-ы ер адамдар, 60,8%-ы әйел адамдар. Ұлты бойынша: 60,8%-ы – қазақтар, 35,2%-ы – орыстар, және 4%-ы – басқа этнос өкілдері (өзбек, татар, ұйғыр және т.б.). Сауалнамаға қатысушылардың жасы 18 бен 24 жас аралығында болды. Бұл жас тобы әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан маңызды, себебі дәл осы кезеңде тілдік сәйкестілік белсенді қалыптасу сатысында болады.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, «жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» тақырыбын эмпирикалық тұрғыдан ашу үшін зерттеу нысаны ретінде жастар қауымының толық құрамын емес, оның белгілі бір әлеуметтік-демографиялық тобын – жоғары оқу орындарының 1-курс студенттерін таңдау ғылыми тұрғыдан орынды деп есептелді. Бұл кезең – тұлғаның тілдік құндылықтары мен сәйкестілік компоненттері қарқынды қалыптасып, қайта құрылатын, әлеуметтік орта әсері басым болатын маңызды жас шағы. Сондықтан дәл осы топ зерттеудің мақсатымен тікелей сәйкес келеді.

Негізгі жаппай сауалнама респонденттері ретінде Қазақстан Республикасының түрлі өңірлеріндегі бес жоғары оқу орнының 1-курс студенттері қамтылды (әр өңірден 100 студенттен). Атап айтқанда: Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Петропавл қаласы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті; Шымкент қаласы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; Ақтөбе қаласы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті; Өскемен қаласы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті.

Респонденттердің жасы – 17-19 жас аралығы. Жыныстық құрылымы: қыздар – шамамен 55 %, ұлдар – 45 %. Ұлттық құрамында қазақтар – 83,6 %,

орыстар – 9,6 %, ал қалған 6,8 %-ын өзге этностар (өзбек, неміс, украин, татар, кәріс және т.б.) құрады. Оқыту тілі бойынша студенттердің 65 %-ы қазақ тілінде, 35 %-ы орыс тілінде білім алады.

Зерттеуге дәл осы топты таңдаудың ғылыми негіздемесі келесі факторлармен айқындалады: аймақтық әркелкілікті қамту; қала-ауыл әлеуметтік орта ерекшеліктерін анықтау; жастардың көптілді әлеуеті – 2009 және 2021 жылдардағы ұлттық халық санағы деректері бойынша 16-29 жас аралығындағы жастар Қазақстандағы ең көптілді әлеуметтік-демографиялық топ болып саналады. Осыған байланысты, 1-курс студенттері тілдік сәйкестіліктің динамикасын зерттеуге ең қолайлы эмпирикалық база ретінде қарастырылды.

Сонымен қатар, фокус-топ шеңберінде 20 жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Жалпы аудиожазба көлемі – 2,5 сағат.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы тілдік жағдаят, тілдік саясат, тілді жоспарлау, тіл идеологиясы, тілге көзқарас, тілдік сәйкестілік, көптілділік, қостілділік бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды.

Отандық зерттеушілерден Ә. Қайдар, Ө.А. Айтбаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, Б.Х. Хасанов, З.К. Ахметжанова, Э.Д. Сүлейменова, С.Ю. Сон, О.Б. Алтынбекова, Н.Ж. Шаймерденова, Ш.Қ. Жарқынбекова, Д.Д. Шайбакова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова, Г.А. Досмұхаметова, Г. Исимбаева, А.М. Абасилов, А.М. Фазылжанова, Н. Кекілбекова, А.М. Досанова және т.б. еңбектері қарастырылды.

Шетелдік тіл білімінде аталмыш мәселелерді зерттеп жүрген ғалымдар: В.М. Алпатов, А.Н. Баскаков, В.И. Беликов, В.Н. Белоусов, У. Вайнрайх, М.Н. Губогло, К. Замятин, М.И. Исаев, Л.П. Крысин, Г.Д. МакКоннелл, В.Ю. Михальченко, К. Мусаев, А. Мустайоки, В.П. Нерознак, А. Павленко, Е.Ю. Протасова, В.М. Солнцев, Г. Хруслов, Хо Сун Чхол, Sh. Akiner, B. Anderson, C. Baker, D. Bhava, A. Blackledge, S. Crisp, V. Dickens, J. Edwards, W. Fierman, J. Fishman, P. Garret, E. Goodman, N. Grant, F. Grosjean, S. Hall, E. Haugen, S. Iskanus, B. Norton және т.б.

Сонымен қатар, зерттеуде келесі маңызды дереккөздер мен ғылыми еңбектер пайдаланылды: «New Language Identity in Transforming Societies: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan» атты халықаралық зерттеу жобасының материалдары (INTAS, Брюссель, 2005–2008); «Көптілділік: Тіл – Сана – Мәдениет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция еңбектер жинағы (Аханов мұрасына арналған, Алматы, 2008); Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова құрастырған «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің түсіндірме сөздігі» – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 бет; «Қазақстан халықтарының тілдері» атты әлеуметтік лингвистикалық анықтамалық – Алматы: Арман-ПВ, 2007. – 304 бет. Бұл еңбектер диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық базасын толықтырып, Қазақстандағы тілдік жағдай, көптілділік және тілдік сәйкестілік мәселелерін кешенді түрде зерделеуге негіз болды.

Жұмыстың теориялық құндылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары әлеуметтік лингвистика, мәдениаралық қарым-қатынас, тілдік қатынастар теориясының салаларына қатысты теориялық тұжырымдарды өзіндік деңгейде толықтыруға және дамытуға өз үлесін қосады. Зерттелген көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасу ерекшеліктері тіл мен сананың, тіл мен ұлттың, тіл мен азаматтық сәйкестіліктің өзара байланысы туралы көзқарастар мен түсініктерді тереңдете түседі.

Жұмыстың практикалық құндылығы. Зерттеу жұмысында келтірілген негізгі тұжырымдар мен нәтижелер жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика бойынша элективтік курстарды оқытуда қажеттілікті өтей алады.

Алынған әлеуметтік лингвистикалық деректер лингвистер, әлеуметтанушылар, аудармашылар, білім беруді басқару саласындағы менеджерлерге, сонымен қатар, жастармен жұмыс істейтін мемлекеттік құрылымдарға, тіл саясатын жүзеге асыратын ұйымдарға практикалық материал ретінде пайдалы болуы мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы келесі аспектілерде көрініс табады:

- жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеудің теориялық негіздері айқындалып, «жастардың тілдік сәйкестілігі» ұғымының мәні ашылды. Жастардың тілдік сәйкестілігі ішкі және сыртқы қабаттан тұратын күрделі әлеуметтік лингвистикалық категория ретінде сипатталды;

- Қазақстандағы көптілділік құбылысының әлеуметтік лингвистикалық сипаты сараланып, оның жастардың тілдік сәйкестілігіне ықпалы айқындалды. Қазақстандағы көптілділік қазақ, орыс, ағылшын және басқа ұлттық немесе шет тілдерінің өзара байланысына негізделген әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретінде сипатталып, оның жастардың тілдік сәйкестілігімен өзара тәуелді байланысы ғылыми тұрғыда негізделді;

- халық санағы, ресми статистика, Гринберг индексі қолдана отырып, жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің сандық көрсеткіштері анықталды және олардың өзара байланысы сараланды;

- көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілік типтері ғылыми тұрғыда жіктелді. Студент жастардың тілдік сәйкестілігі шартты бес типке бөлініп, олардың сипаттамасы берілді. Және сол типология негізделген мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді;

- көптілді ортадағы студенттердің тілдік сәйкестілігі құрылымдық модель түрінде көрсетілді. Құрылымдық модель арқылы жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің әлеуметтік лингвистикалық байланысының жүйелі бейнесі жасалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Жастардың тілдік сәйкестілігі – өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіру арқылы анықталатын сыртқы қабаттан және тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе, тілге қатынас арқылы айқындалатын ішкі қабаттан тұратын күрделі, динамикалық әлеуметтік лингвистикалық категория. Бұл категория жас адамның тілдік мінез-құлқын, тілдік таңдауын, көптілді ортадағы бағдарын,

өзін белгілі бір этнотілдік топтың мүшесі ретінде қабылдауын, сондай-ақ тілге қатысты ұстанымдарын кешенді түрде сипаттайды. Жастардың тілдік сәйкестілігі мемлекеттік тіл саясаты, демография, ұлттық идеология, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, цифрлық кеңістік сынды макроәлеуметтік факторлар және білім беру институттары, отбасы, достар сынды микроәлеуметтік факторлардың ықпалымен өзгеріп, үнемі жаңарып отырады.

2. Қазақстандағы көптілділік – қазақ, орыс, ағылшын және басқа ұлттық немесе шет тілдерін меңгеріп, оларды әртүрлі әлеуметтік-коммуникативтік жағдайларда пайдалану қабілетін сипаттайтын, тілдік құзыреттілік пен мәдени бейімделудің өзара байланысына негізделген әлеуметтік лингвистикалық құбылыс. Жастардың тілдік сәйкестілігі осы көптілді ортада қалыптасады және тікелей көптілді тәжірибеге тәуелді. Көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасында екіжақты байланыс бар: бір жағынан, көптілділік – тілдік сәйкестілікті қалыптастырудың сыртқы әлеуметтену тетігі, екінші жағынан, тілдік сәйкестілік көптілділіктің ішкі мотивациялық және құндылықтық өзегі.

3. Студент жастардың тілдік сәйкестілігінің сандық көрсеткіштерін анықтау оның көпқабаттылық (ішкі және сыртқы қабаттар) құрылымына негізделеді. Тілдік сәйкестіліктің сыртқы қабаты халық санағында қолданылатын «ана тілі» категориясы арқылы өлшенеді: студент қай тілді ана тілі ретінде таныса, сол оның тілдік сәйкестілігінің сыртқы қабатының индикаторы. Ішкі қабаттың сандық көрсеткіштері тілдік құзыреттілік (тілдерді меңгеру деңгейі) және тілдік тәжірибе (тілдерді қолдану жиілігі мен салалары) арқылы сипатталады. Студент білетін және қолданатын тілдерінің саны мен деңгейі оның тілдік сәйкестілігінің ішкі қабатының негізгі параметрлері болып саналады. Көптілділік те тілдік тәжірибеге негізделетіндіктен, студенттің тілдерді білуі мен қолдануы тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты мен көптілділік деңгейінің ортақ сандық көрсеткішін құрайды.

4. Көптілді ортадағы студенттердің тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінен туындайтын бес тип айқындалды: тұтас ұлттық сәйкестілік, мәдени доминатты сәйкестілік, интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік, полилингвалды сәйкестілік. Тілдік сәйкестіліктің ішкі қабаты бойынша белсенді, дағдарысты, әлеуетті, шектелген және бейтарап типтері айқындалды. Бұл типологиялар шартты болып табылады, өйткені тілдік сәйкестілік динамикалық құбылыс болған соң, оның типтері де өзгермелі, тұрақты шекаралары болмайды.

5. Көптілді ортада қалыптасқан студент жастардың тілдік сәйкестілігі – үш деңгейден (танымдық-коммуникативтік деңгей, эмоциялық-бағалауыш деңгей, әлеуметтік-мәдени деңгей) тұратын күрделі құрылымдық модель. Танымдық-коммуникативтік деңгей көптілді тұлғаның тілдік білімінің, сөйлеу тәжірибесінің және тілдерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілетінің жиынтығын қамтиды. Эмоциялық-бағалауыш деңгей жастардың тілге деген ішкі қатынасы, сезімдік байланысы мен құндылықтық бағдары арқылы көрініс табады. Әлеуметтік-мәдени деңгей тұлғаның тілдік

тәжірибесінің әлеуметтік контекспен және этникалық сәйкестілікпен байланысын бейнелейді.

Жұмыстың талқылануы мен апробациядан өтуі. Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен қорытындылары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультетінің Түркітану және тіл теориясы докторанттық бірлестігінің мәжілісінде талқыланды және апробациядан өтті. Жұмыстың теориялық және практикалық бөлімі 2016 ж. Хельсинки университетінде (Хельсинки, Финляндия), 2018 ж. Біріккен ұлттық тілдер комитетінде (Вашингтон қ., АҚШ) 2 ғылыми іс-сапар кезінде апробациядан өтті.

Зерттеудің жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, республикалық, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда 12 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 3 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, шетелдік журналда 1 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала:

- Жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігін зерттеуде әдіс-тәсілдер таңдау негіздемесі. ҚазҰУ хабаршысы, №1, 2016;

- Тілдік сәйкестіліктің субъектісі – жастардың әлеуметтік мінездемесі. «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция, Алматы, 22.04.2016-22.04.2016;

- Языковая идентичность: к постановке вопроса. Абай ат. ҚазҰПУ, №3(57), 2016;

- Қазақстандағы көптілділік ғылым призмасы арқылы. Абай ат. ҚазҰПУ, №4(58), 2016;

- Language identity and multilingualism of Kazakhstani society. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Прага, Чехия, 22-28.03.2017;

- Языковая идентичность и полиязычие общества Казахстана. Профессор Э.Д. Сүлейменова құрметіне арналған «Ғылым және білім берудегі жаңа трендтер» атты II ғылыми-әдістемелік симпозиум, 2017;

- Роль русского языка в процессах языковой языковой идентификации студенческой молодежи Казахстана. VII Международная конференция «Сохранение, поддержка и продвижение русской культуры и языка за рубежом» 28-29.11.2017;

- The role of the Russian language in the determination of Kazakh students. Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 800-817 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385;

- Language identification processes of the youth. «Тілтаным» журналы, №3 (2021), 28-36 бб.;

- Influence of state language development programs on the formation of language identity. Journal of Language and Linguistic Studies. Vol. 18, No. 1 (2022);

- The Impact of Linguistic Identity on the Perception of Abai's Poetry. Forum for Linguistic Studies, 2024, 6(5), 239–246;

- The Impact of Native and Foreign Languages on the Linguistic Identity Formation of Kazakhstani Youth. Forum for Linguistic Studies, 2024, 6(5), 247–257.

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІН ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеу бағыттары және қазіргі ғылыми әдебиеттегі көрінісі

Әлеуметтік ғылымдарда сәйкестілік мәселесі көбіне әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. «Сәйкестілік» ұғымының өзі психоанализ аясында қалыптасқан. Ол қылмыстық тергеу тәжірибесінде адамның өзін немесе өзгені тану, белгілі бір тұлғамен теңестіру сияқты процестерді түсіндіру қажеттілігінен туындаған. Бұл ұғым саналы және бейсаналы мотивтердің арақатынасын анықтауда, тұлғаның қосарлануы мен қорғаныс механизмдерінің әрекетін талдауда қолданылды. Мәселен, психикада жағымсыз тілек-ниеттерді, жарақаттық тәжірибелерді ығыстыру немесе оларды түрлендіру секілді құбылыстарды сипаттауда осы термин метафоралық мағынада невроздарды диагностикалау кезінде жасалатын психологиялық процестерге ауыстырылып қолданылды. Кейінірек ол топта әлеуметтенудің эмпирикалық бекітілген үдерістерін сипаттау, институтта, ұжымда немесе бейресми топта, қоғамдастықта әртүрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдау, жалпы нанымдарды, құндылықтарды, символдарды игеруді сипаттау үшін қолданыла бастады.

«Сәйкестілікті қалыптастыру нақты жеке тұлғаның болып жатқан нәрсені өзіне ғана емес, белгілі бір «біз»-ге қатысы бар деп қабылдай отырып, өзін белгілі бір мағынада топтан бөлмегендегі салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың және нормалардың субъективті интернализациясының осындай дәрежесін білдіреді.

Әлеуметтанушы үшін бұл «біз» топтық ынтымақтастықтың сипатын, оны түсіндірудің құралы болып табылады. Тиісінше, интерпретатордың негізгі күші «біз» құрайтын құндылық көріністерінің құрылымын, осындай байланыстардың қарқындылығын, «біздің» пайда болуы немесе ыдырауы жағдайларын, институционализацияның формалары мен тетіктерін және «біздің» репродукциясын қандай да бір жүйелі түрде құруына және сипаттауына байланысты және т.б.» [5, б. 265].

Сәйкестілік ұғымына XX ғасырдың 70-ші жылдары Э. Эриксонның, кейінірек Дж. Марсияның еңбектерінің арқасында айтарлықтай көңіл бөліне бастады. Эриксонның «сәйкестілік» құрылымы бірқатар психологтардың оның шамасын өлшеу мақсатында жөндеуге ұшырады. Канадалық психолог Дж. Марсия ұсынған сәйкестілік мәртебесінің үлгісі ең сәтті шыққан деп танылды. Марсия сәйкестілікті гипотетикалық психологиялық құрылым ретінде қарастырады, ол феноменологиялық тұрғыдан адамның проблемаларды шешу заңдылықтары арқылы көрінеді.

Сәйкестіліктің болуы немесе болмауын саралайтын мінез-құлық индикаторлары ретінде міндеттемелерді қабылдау немесе қабылдамау (commitment) және дағдарыстың өтуі немесе өтпеуі, баламаларды зерттеулер (crisis, exploration of alternatives) бөлініп көрсетілді. Бірінші критерий жеке маңызды мақсаттарға, құндылықтар мен сенімдерге айнамастықтың болуын не

болмауын көрсетті; екіншісі – баламаларды зерттеу кезеңдерінің болуы, оның барысында бұрынғы кезеңдерде қабылданған жоспарлар мен құндылықтар тексеріліп, талданады. Осы екі критерийдің тоғысында сәйкестіліктің төрт мәртебесі анықталды және сипатталды:

- диффузиялық сәйкестілік (identity diffusion) – бұл жеке тұлғаның ізденбегені, шешім шығару таңдауы болмаған кездегі сәйкестіліктің болмауы;

- алдын ала анықталған (қабылданған) сәйкестілік (foreclosure identity) – мақсаттарды, мұраттарды өзіндік іздеу жүзеге асырылмаған, алайда сыртқы жағдайлардың әсерінен қалыптасқан құндылықтардың, нанымдар мен міндеттемелердің белгілі бір және тұрақты жүйесінің болуы;

- мораторий (moratorium) қазіргі уақытта іске асырылып жатқан мәселенің шешімін белсенді іздестіруді (дағдарыстың белсенді өмір сүруін) білдіреді, мұнда құндылықтардың, нанымдар мен міндеттемелердің нақты және тұрақты жүйесі әзірше болмайды;

- қол жеткізілген сәйкестілік (identity achievement) мәселені шешудің өзі орындаған белсенді ізденісімен (дағдарыс өткен) және құндылықтардың, нанымдардың және міндеттемелердің жеткілікті, тұрақты түрде дербес қалыптасқан және жеке маңызды жүйесімен сипатталады [6, б. 53-65].

«Сәйкестілік – индивидтің немесе топтың өзіндік санасы. Бұл өзін-өзі сәйкестендірудің, сіз немесе менің сізді және бізді олардан ерекшелейтін ерекше қасиеттерге ие екендігін түсінудің өнімі.

Сәйкестілік тіпті жаңа туған нәрестеге тән, ол жынысы, аты, ата-анасы, азаматтығы сияқты белгілермен анықталады. Сәйкестілік адамның жүріс-тұрысын анықтауымен маңызды. Егер мен өзімді ғалым деп санасам, өзімді осы түсінікке лайық ұстаймын. Алайда жеке тұлғалар сәйкестілігін өзгертуге бейім» [7, б. 56].

Сәйкестілік, басқаша айтқанда, адамның қажеттіліктерінің бірін қанағаттандырады, ол – тиесілі болу, қатысы болу және ынтық болу қажеттілігі, бұған керісінше «тамырдан ажырау», бас тарту, жалғыздық, тастап кету, қажетсіздік сезімі болады. Қажеттілікті қанағаттандыру адам өмірі үшін өте маңызды және оның орындалмауы адамға ауыр тиеді [8, б. 9].

Хантингтон сәйкестілікке қатысты төрт маңызды мәселені анықтайды:

- жеке тұлға өзінің сәйкестілігіне тек әлеуметтік топта/топтарда ие бола алады немесе ауыстыра алады;

- сәйкестілік – бұл әрқашан өзіндік құрылым, біздің өзіміз туралы құрастырған ойларымыз;

- жеке тұлғалар сәйкестіліктің бірнеше түріне ие бола алады, осы ережеге төтенше әлеуметтік жағдай ғана бағынбайды;

- адамның өзін-өзі қабылдауы оны басқа адамдардың қабылдауына тікелей байланысты, ал соңғысы тіпті адамның сәйкестілігінің бір бөлігі бола алады.

Сәйкестілік механизмі адамның өзін қандай да бір қауымдастықпен салыстыру деген терең, қиын қанағаттандырылатын қажеттілігін ғана қамтымайды. Мәселенің тағы бір жағы бар – осы теңдестіру арқылы адам өзін тереңірек түсінуге, өзінің жеке өзегін білдіруге тырысады. Адам өзін қоршаған

орта арқылы түсінеді, басқалар адамға «өзі туралы тұрақты ойды» қалыптастыруға көмектеседі [9, б. 68].

Сәйкестілік мәселесі бүгінге дейін түрлі ғылым салаларында әр қырынан зерттеліп келеді. Осы бағыттардың алғашқысы – примордиалистік көзқарас. Примордиализмге сәйкес, адам өзінің қандай да бір этникалық, діни, тілдік немесе әлеуметтік топқа тиесілілігін туған сәтінен бастап иеленеді және бұл категориялар адамнан және қоғамнан тәуелсіз, өзгермейтін құбылыстар ретінде қарастырылады. Алайда бұл көзқарастың шектеулілігі кейін сәйкестілікті түсіндіретін басқа бағыттардың пайда болуына әкелді. Солардың ішінде маңыздысы – инструментализм мен конструктивизм.

Инструменталистік тәсіл сәйкестілікті белгілі бір мақсаттарға жету үшін қолданылатын құрал деп түсіндіреді. Әдетте ол билікке ұмтылған элиталар тарапынан пайдаланылып, халық санағы, құжат беру сияқты ресми рәсімдерде көрініс табады.

Ал конструктивизм болса, сәйкестілікті мәдени әрі құрылымдық феномен ретінде сипаттайды. Бұл бағыт бойынша тұлға немесе топ өз мүдделерін қанағаттандыру және нақты мақсаттарға жету үшін сәйкестілікті саналы түрде «құрастырады» немесе таңдайды.

Қазақстандық лингвистикада сәйкестілік тұлғаның өзін белгілі бір мемлекетке, этносқа, тілге, мәдениетке, дінге, гендерге, жасқа немесе кәсіпке қатысты сезінуі ретінде түсіндіріледі. Сәйкестілік динамикалық құбылыс деп есептеледі, себебі адам әрқашан өз сәйкестілігін нақты айқындай алмайды және ол уақыт өте өзгеріске ұшырауы мүмкін (мысалы, КСРО азаматының Қазақстан Республикасының азаматына айналуы). Сонымен бірге сәйкестілік саяси немесе өзге де мақсаттарда манипуляция объектісіне айнала алады.

Сәйкестіліктің түрлері өте көп: жас, гендерлік, азаматтық, әлеуметтік, діни, этникалық және тілдік сәйкестіліктер. Бұлардың барлығы бірге адамның санасында «жиынтық сәйкестілікті» қалыптастырады. Жиынтық сәйкестілік құрылымында ерекше маңызды, негізгі категориялар болады; олар адамның өзін басқа адамдармен салыстырудағы басты өлшемдер ретінде қызмет етеді (мысалы, әлеуметтік, тілдік немесе жас ерекшелігі). Жиынтық сәйкестіліктегі түрлі компоненттердің рөлі жағдайға байланысты өзгеріп отырады.

Сәйкестілікке әлеуметтік сөздікте келесідей анықтама береді: «Сәйкестілік (ағыл. *identity* < лат. *identitās*) – адамның психикасының оның әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, ұлттық, кәсіби, тілдік, саяси, діни, нәсілдік және басқа да топтар мен қауымдастықтарға тиесілілігін немесе олардың қасиеттерін бейнелейтін жеке тұлға ретінде өзін-өзі тану қасиеті. Бұл сондай-ақ, белгілі бір топтың немесе қауымдастықтың тән ерекшеліктерін бейнелейтін адаммен өзін теңестіруді білдіреді» [10, б. 344-349].

Терминді әлеуметтік терминдер қатарына жатқызғанымен ғылымның өзге де салаларында белсенді қолданысқа ие. Соның бірі психологияда, яғни Ресей психология саласында сәйкестілік, яғни «идентичность» термині «идентификация» терминімен қатар қолданылады. «Эго-идентичность» (эго-сәйкестілік) – Э. Эриксон [11, б. 20] енгізген термин – жеке тұлғаның

тұтастығы; өсу мен даму үдерісінде орын алатын өзгерістерге қарамай, біздегі Мен-нің бірегейлігі мен үздіксіздігі (мен – өзгеріссіз мен). Ал эго-сәйкестілікті жоғалту – сәйкестілік дағдарысы деп аталады. Бұл жағдайда адамның өз әлеуметтік рөліне сенімі жоғалады және сәйкестілдік ұқсастығы мен тұтастығы төмендейді.

Ағылшын психологиялық деректерінде сәйкестілік – бұл адамның (өзін-өзі сәйкестендіру) немесе топтың (белгілі бір әлеуметтік санат немесе әлеуметтік топ) өзін қалдыптастыратын қасиеттері, нанымдары, көзқарастары немесе сөздері. Мұндағы сәйкестілік категоризациясы оң не теріс сипатқа ие [12, б. 179].

Психологиялық сәйкестілік адамның өзін-өзі бағалауымен (өзінің ментальды үлгісімен), өзін-өзі сыйлауы және индивидуалдылығымен байланысты. Психологиядағы сәйкестілікке Вайнрайх келесідей анықтама береді: «Адамның тұлғалық болмысы – өзін-өзі ұғынудың жиынтығы, онда қазіргі кездегі өзін түсінуі өткендегі өзін қабылдауымен және болашақтағы өзіне деген ұмтылысымен үздіксіз байланыста көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаның жеке болмысының аспектілерін анықтауға болады. Мысалы, этникалық болмыс – адамның өзін-өзі ұғынуындағы өз ата-бабаларының өткені мен болашақтағы этникалық ұмтылыстарына қатысты үздіксіз байланысты бейнелейтін өлшемдерден тұратын бөлігі» [13, б. 19].

Сәйкестілікті білдіретін «идентичность/идентификация» терминдеріне қатысты В.П. Зинченко, Б.Г. Мещеряковтың «Психологиялық сөздігінде» түрлі анықтамалар берілген:

- «танымдық үдерістер психологиясында – тану, қандай да бір нысанның ұқсастығын анықтау;

- психоанализде – индивид өзімен эмоционалды байланысқа түскен адамның орнында болған жағдайдағы әрекетін білдіру (немесе елестету) үдерісі;

- әлеуметтік психологияда – индивидтің өзін басқа адаммен теңестіруі, субъектінің өзінің объектімен ұқсастығының қандай да бір дәрежесін бастан кешуі;

- өзін маңызды деп санайтын өзге адамның (мысалы, ата-анаға) әрекетіне үлгі ретінде ұқсату, балау (әдетте, еріксіз түрде орын алады);

- өзін көркем шығарманың кейіпкерімен теңестіру, сол арқылы шығарманың мағыналық мазмұнына ену, оны эстетикалық тұрғыда уайымдау;

- қорқыныш немесе дабыл тудыратын нысанға бейсаналы түрде икемденуден тұратын психологиялық қорғаныс механизмі;

- проекция, басқа адамға өз бойындағы белгілерін, уәждерін, ойлары мен сезімдерін телу;

- топтық сәйкестілік – өзін қандай да бір (үлкен немесе кіші) әлеуметтік топпен немесе қоғаммен теңестіру, оның мақсаттары мен құндылықтарын қабылдау, өзін осы топтың немесе қоғамның мүшесі ретінде сезінуі;

- инженерлік және заң психологиясында – қандай да бір нысанды (соның ішінде адамдарды) тану, оларды белгілі бір топқа жатқызу немесе қандай да бір белгілер негізінде тану» [14, б. 45].

Зерттеушілер сәйкестілікті оның негізгі белгілерін ескере отырып, екі үлкен топқа бөледі: табиғи және жасанды сәйкестіліктер. Табиғи сәйкестіліктерге этникалық, нәсілдік, аумақтық (ландшафтық), жаһандық және түрлілік сипаттағы сәйкестіліктер жатады. Ал жасанды сәйкестіліктер қатарына ұлттық, кәсіби, шарттық, конфессиялық, өңірлік, (суб)континенттік, таптық, топтық және стратификациялық түрлері енгізіледі. Кейбір сәйкестілік формалары аралас сипатқа ие. Мысалы, гендерлік сәйкестілік табиғи және әлеуметтік факторлардың тоғысында қалыптасатын құбылыс ретінде қарастырылады.

Этникалық сәйкестілік этноцентризмнен өзін қоршаған немесе өзге де этно-сәйкестілік қасиеттерін қабылдауды ұйымдастыру қағидаты ретінде пайда болған. Этникалық сәйкестілік сол этносқа тән тілдік белгілері мен ым-ишарат әрекеттерінен көрінеді. Соңғы уақытта этникалық сәйкестілік ғалымдар арасында көп зерттеліне бастады. Себебі, жаһандану заманындағы түрлі этностардың, түрлі мәдениеттердің араласуы мен тоғысуынан этникалық сәйкестілік өзекті бола түсті.

Гендерлік сәйкестілік психологиядағы бірегейліктің маңызды бөлігін қалыптастырады, өйткені ол едәуір дәрежеде адам өзін жеке тұлға ретінде және басқа адамдарға, идеяларға және табиғатқа деген қатынасын, көзқарасын анықтайды [15, б. 130]. Когнитивті психологияда «сәйкестілік» термині өзін-өзі тану және түсіну қабілетіне жатады [16, б. 3].

Психологтар көбінесе жеке тұлғаны немесе бірегей заттарды сипаттау үшін «сәйкестілік (identity)» терминін қолданады. Алайда, әлеуметтанушылар, бұл терминді индивидуумды анықтайтын қоғамдық немесе топтар жиынтығының сәйкестілігін сипаттау үшін жиі қолданады. Дегенмен, сәйкестілікті анықтауда қатып қалған ереже жоқ, ғылымның әр саласына тән анықтаулар мен оның атқаратын қызметі түрленуі мүмкін.

Эрик Эриксон (1902-1994) сәйкестілікке қызығушылық танытқан алғашқы психологтардың бірі болып табылады. Эриксон жасаған құрылым эго-сәйкестілік ретінде белгілі сабақтастықтың психологиялық сезімінің арасындағы айырмашылыққа сүйенеді (кейде жай ғана «мен» ретінде сәйкестендіріледі); жеке тұлға ретінде белгілі бір адамды екіншісінен ерекшелейтін жеке айырмашылықтар; әлеуметтік немесе мәдени сәйкестілік ретінде белгілі адам атқара алатын әлеуметтік рөлдер жиынтығы. Эриксонның психодинамикалық дәстүрдегі жұмысы сәйкестіліктің қалыптасу үдерісін өмірдің барлық кезеңдерінде зерттеуге бағытталған.

Сәйкестіліктің қалыптасуына қоғамның, адамның қоғамда алатын рөлі [17, б. 101], білімі, кәсіби статусы [18, б. 784] тікелей ықпал етеді. «Психофизиологиялық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени және тілдік ерекшеліктердің күрделі үйлесіміне негізделген жеке тұлғаның күрделі сәйкестілігі адам

үлкенірек мәдени және тілдік қауымдастықтарға қосылған сайын арта түседі» [19, б. 249].

Сәйкестілік терминіне қатысты берілген барлық анықтаулар мен зерттеулердің түрлі сипат алуы – бұл термин концепциясының күрделі екендігін дәлелдей түседі. Себебі, жеке тұлғаны тәжірибе негізінде анықтау қиын.

Сәйкестілік туралы пікірталастарда бұл термин әртүрлі мағынада қолданылады: іргелі және тұрақты ұқсастықтан бастап тұрақсыздық, күтпеген жағдайлар мен келісімділікке және т.б. дейін. R. Brubaker мен F. Cooper көптеген ғалымдарда сәйкестілікті тәжірибелік және талдау санаты ретінде шатастыру үрдісі кездесетіндігін атап өтеді [20, б. 10].

Шынында да, көптеген ғалымдар сәйкестілікке қатысты жоғарыда аталған талаптарды ескере отырып, көп жағдайда өз түйсіктері мен өз бойында орын алған тәжірибелерге сүйенеді. Бұл тұрғыда Brubaker және Cooper сияқты кейбір сарапшылар осы тұжырымдамадан толық бас тартуды ұсынады [20, 12]. Басқа ғалымдар, керісінше, үнемі жаңарып отыратын концепцияларды қолдауды ұсынады. Мәселен, S. Hall [21, б. 302] сәйкестілікті әр түрлі және үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік шынайы тәжірибелерді ескеретін үдеріс ретінде қарастыруды ұсынады. Кейбір ғалымдар «сәйкестендірілетін» және жеке тұлғалар интерпретациялайтын әр түрлі компоненттердің құрамдас бөлігі ретінде қабылданатын сәйкестендіру идеясын енгізді.

Әлеуметтік лингвистикалық терминдер сөздігінде тілдік сәйкестілікке төмендегідей анықтама берілген: «Тілдік сәйкестілік – тұлғаның белгілі – бір тілге қатыстылығын сезінуі. Тілді\тілдерді білуінен (тілдік құдірет), тілдерді қолдануынан (тіл практикасы), тілдерге қарым-қатынасынан тұратын индивидтың немесе топтың тілдік қасиеттерінің жиынтығы» [22, б. 292-293].

XXI ғасырдың басында тіл және сәйкестілік арасындағы байланыс пен оның ара қатынасына аса мән беріле бастады [23, б. 89].

Сәйкестілікті зерттеу адамның қоғамға тиесілілігі немесе қоғамға сиыспауы тұрғысында қаралады. Осы тұрғыда S. Pugh лингвистикалық сәйкестілікті «тіл мен жеке тұлғаның және / немесе қоғамның тоғысу нәтижесі» деп көрсетеді: «Тілдік сәйкестілік – бұл тіл мен жеке тұлғаның және/немесе қауымдастықтың өзара байланысының нәтижесі» [24, б.1].

Тіл жеке тұлғаны құрудағы ең маңызды фактор болып табылатынына күмән жоқ. Бұл әсіресе, қазіргі қоғамда кездесетін әлеуметтік, этно-, саяси, тілдік жағдайларда айқын байқалады. Жалпы алғанда сәйкестіліктің қалыптасуына не ықпал етеді деген сұрақ туады. Тілден өзге факторлар саны жетерлік, яғни экстралингвистикалық факторларды да ескеруіміз қажет. Мұндай факторлар қатарына отбасы, қоғам, әлеумет, саясат, тарих, менталитет, мәдениет және т.б. жатады.

Тілдік сәйкестіліктің қалыптасуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ішкі факторлар – адамның этникалық сәйкестілігі мен ұлттық мәдениеті, ал сыртқы факторлар – оның лингвомәдени ортасы [25, б. 11].

Отбасындағы тәрбиенің маңызы, ата-анасының шығу тегі, туыстары, тұрған жері, үйі, материалдық жағдайы және т.б. мәселелер жеке тұлғаның қалыптасуындағы сәйкестілік алғышарттарын құрайды. Одан индивид өсе келе қоғамда өз орнын анықтау мақсатында өзін өзгелермен салыстыру арқылы қоғамдық сәйкестілік орын алады. Сол секілді тарихтағы сәйкестілік өз ұлитын өзгелермен салыстыру арқылы пайда болады. Тарихта өз ұлты өзгелерден қалай ерекшеленді немесе қазіргі таңда саяси сахнадағы өз мемлекетінің өзге мемлекеттерден ерекшелігі, экономикалық тұрақтылығы мен даму барысын салыстыру да – сәйкестілікті анықтауда маңызды рөл атқарады.

Тіл және сәйкестілік ұғымы саналы адамда қалыптасады. Саналы деуіміздің себебі, индивид сөйлеу барысында өз тілін өзгеден ажырата алуы қажет. Бұл ретте енді күбірлеп сөйлеп келе жатқан бала үшін күллі әлем бір тілде сөйлейтіндей. Сол себепті өзінің тіліне мән бере бастаған саналы тұлғада тілдік сәйкестілік пайда болады.

Э.Д. Сүлейменованың тұжырымдауынша, тілдік сәйкестілік, басқа кез келген сәйкестілік сияқты, адамға туа біткен немесе табиғи түрде берілетін қасиет емес. Ол – адамның интериорлану процесінің нәтижесінде қалыптасатын құбылыс. Тілдік және әлеуметтік-мәдени тәжірибе арқылы айқындалып, тұлға тарапынан саналы түрде таңдалуы мүмкін. Сонымен қатар тілдік сәйкестілік қоғамдағы әлеуметтік, саяси немесе идеологиялық жағдайларға байланысты өзгеріске түсуі ықтимал [26, б. 125].

Осы тұрғыдан алғанда, тілдік сәйкестілік – тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторлардың өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасатын күрделі динамикалық жүйе. Адам белгілі бір тілдік қауымдастыққа ене отырып, сол ортадағы құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін бойына сіңіреді, нәтижесінде оның тілдік таңдауы мен өзіндік санасында тиісті әлеуметтік рөлдер мен мәдени кодтар беки түседі. Тілдің осындай көпқырлы қызметі адамның қоғамдағы орнын айқындап, оның өзге топтармен қатынаста өзін қалай танытатынын белгілейді.

Тіл «мен – өзіміздің бірімін, мен – сіздерге ұқсаспын» деген астарлы белгі арқылы адамның қоғамға бейімделуіне, мәдени және әлеуметтік нормаларды игеруіне ықпал етеді. Ол этникалық, жас ерекшелігіне, гендерлік немесе әлеуметтік рөлдерге байланысты топтар арасындағы қатынастарды реттеп, олардың арасындағы байланыстарды нығайтады. Осылайша, тіл адамның өзін белгілі бір қауыммен сәйкестендіруіне мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік тетікке айналады. Сондықтан тілдік сәйкестілік – жеке тұлға мен топтың тілдік ерекшеліктері мен мінез-құлықтық белгілерінің өзара бірлігінен тұратын құбылыс деп сипаттауға болады [26, б. 126].

Тілдік сәйкестіліктің зерттелуін өзектей түсетін тағы бір ұғым – мемлекеттік тіл. Ал өз кезегінде, мемлекеттік тіл – мемлекеттіліктің негізгі нышандарының бірі. Мемлекеттілік қалыптастыруда тілдің маңызы соншалық, ұлттық немесе мемлекеттік тілдің болмауы мемлекеттіліктің өзіне күмән келтіреді. Сол сияқты, мемлекеттік тілді меңгермеу азаматтың елге деген қатыстылығына күмән тудыруы мүмкін.

Тілдер көбіне әлеуметтік және саяси үстемдіктің символы ретінде көрінеді. Адамдар өздерін белгілі бір әлеуметтік топтармен сәйкестендіреді, ал белгілі топқа қатыстылық сол топқа қатысты жағымды немесе жағымсыз бағалармен астасып жатады. Кез келген сәйкестілік, белгілі бір деңгейде, нақты бір тілмен немесе тілдік нұсқамен байланысты.

Жиынтық сәйкестіліктің негізгі элементтерімен (әлеуметтік, саяси, мәдени және т.б.) өзара байланысты тілдер қоғамда жоғарырақ бағаланады және олардың даму мүмкіндіктері де көбірек болады. Мұндай символдық басымдық үстем топтың тілін табиғатынан «сапалы тіл» ретінде қабылдауға алып келуі ықтимал. Мысалы, ресми тіл миноритар тілдермен салыстырғанда құндылығы жоғары, қоғамдық қызметі де кеңірек тіл болып есептеледі.

Осы себепті тіл таңдау – әлеуметтік әрекет. Тұлға қандай тілді қолданатынын таңдау арқылы өзін белгілі бір әлеуметтік топпен сәйкестендіргісі келетінін білдіреді. Адам өзінің тілдік репертуарындағы элементтерді әртүрлі жағдайларда қолдану арқылы әлеуметтік сәйкестілігінің кейбір қырларын күшейтеді немесе керісінше көмескілендіреді. Мәселен, ол этникалық сәйкестілігін көрсету үшін этникалық тілге (мысалы, қазақ тіліне) жүгінуі мүмкін. Ал басқа жағдайда қалалық, космополит бейнесін қалыптастыру үшін орыс тілін таңдауы ықтимал.

Осылайша тіл таңдау арқылы адам тек қолда бар тілдік сәйкестіліктердің бірін таңдаумен шектелмей, әлеуметтік шындықты қайта құрып, өз сәйкестілігін де жасайды.

Тілдік сәйкестілік – бұл жеке тұлғаның және топтың өзіндік санасымен байланысты көпқырлы және күрделі құбылыс, ол тілдің қолданылуымен айқындалады. Бұл ұғым тек лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар тіл қызмет ететін мәдени, әлеуметтік және тарихи контексттерді де қамтиды. Gumperz пікірінше, ол тілдік нормаларға, диалектілерге, акценттерге деген бейімділік, сондай-ақ әртүрлі қарым-қатынас жағдайларындағы тілдік таңдау преференциялары арқылы көрінуі мүмкін [27, б. 56].

Тілдік сәйкестіліктің қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар бірнешеу. Әлеуметтік-мәдени контекст: мәдениет пен дәстүрлер тілдің қалай қабылданатыны мен қолданылуына ықпал етеді [28, б. 88]. Тарихи жағдайлар: әртүрлі тілдік топтар арасындағы тарихи өзара әрекеттесу тілдік сәйкестілікті жиі анықтайды [29, б. 106]. Жеке тәжірибе: тілмен және оның тасымалдаушыларымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі де маңызды рөл атқарады [30, б. 87].

Тілдік сәйкестілік әлеуметтік қатынастар арқылы анықталады. Ол белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын білдіру немесе мәртебе мен билікті көрсету үшін қолданылады. Мысалы, стандартты тілді қолдану жоғары мәртебемен байланысты болуы мүмкін, ал диалектілерді қолдану белгілі бір қауымдастыққа тиесіліліктің белгісі ретінде қабылданады [31, б. 104].

Бүгінде технологиялар мен жаһандану үдерісінде тілдік сәйкестілік күрделене түсуде. Адамдар жиі бірнеше тілдер мен мәдени контексттер

арасында әрекет етуге мәжбүр, бұл олардың тілдік сәйкестілігін өзгертуі мүмкін. Бұл үдеріс тиесілілік сезімін де, жатсыну сезімін де тудыруы мүмкін [32, б. 91].

Тілдік сәйкестіліктің мәнін ашатын негізгі аспектілерді әлеуметтік, мәдени және психологиялық деп топтастырып қарастыруға болады. Тілдік сәйкестілік көбінесе әлеуметтік өзара әрекеттесу контекстінде қалыптасады. Ол белгілі бір әлеуметтік топқа, аймаққа немесе этносқа жататындықты көрсетуі мүмкін. Сол себепті таптық құрылым, білім деңгейі және әлеуметтік желілер сияқты әлеуметтік факторлар тілдік сәйкестіліктің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Мәселен, белгілі бір диалектілерді немесе акценттерді қолдану белгілі бір әлеуметтік тапқа немесе топқа жататындықты білдіруі мүмкін. А. Giddens [33, б. 54] жүргізген зерттеу бойынша, тіл тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сәйкестіліктің көрсеткіші, ол мәдени және тарихи контексттерді бейнелейді.

Мәдениет пен тіл өзара тығыз байланысты. Тілдік тұлға көбінесе тіл арқылы берілетін мәдени дәстүрлер мен нормалар негізінде қалыптасады. Halliday [34, б. 149] атап өткендей, тіл – мәдени кодтар мен мәндерді жеткізу құралы, бұл оның мәдени сәйкестілікті қалыптастырудағы маңызын көрсетеді. Тұлға өзін-өзі сәйкестендірген мәдени топтың тілін саналы немесе бейсаналы түрде меңгеруге тырысады.

Саналылық пен бейсаналылық мәселесіне тереңдей түссек, тілдік сәйкестіліктің тағы бір қыры ашыла түседі, ол – психологиялық аспект. Психология да тілдік сәйкестіліктің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Тілдік сәйкестілік адамның психологиялық жай-күйін тығыз байланысты болуы мүмкін.

Тілді өзін-өзі сәйкестендіру құралы ретінде пайдалану көптілді қоғамдарда ерекше маңызды, өйткені мұндай ортада адамдар түрлі тілдер мен мәдениеттер арасында таңдау жасау қиындығымен бетпе-бет келеді. Өзін-өзі бағалау және белгілі бір топта қатыстылық сезімі индивидтің тілдік сәйкестілігінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігі зерттеулер барысында дәлелденіп отыр [35, б. 20]. Осы тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар жеке сәйкестіліктің маңызды элементі болып табылады.

Сәйкестілік мәселесі қай кезде де өзекті. Жаһандану үдерістерінің әсерінен бұл мәселенің маңызы арта түсті. Қоғамда сәйкестілікті таңдауда, анықтауда бірінші кезекте мән берілетіні ұлты, діні, тілі, азаматтығы болғандықтан, этникалық сәйкестілік, азаматтық сәйкестілік және тілдік сәйкестілік сұрақтарын әлеуметтанушылар, философтар, тілтанушылар, саясаткерлер тереңірек зерттей түсті.

Қарқынды дамып келе жатқан қазақ қоғамында ауқымды фактілік материалдарға негізделген тілдік жағдаятты жан-жақты (сандық және сапалық) макроәлеуметтік лингвистикалық талдаудың қажеттілігі өте айқын: біріншіден, тіл саясаты және тілді жоспарлауда соңғы кезде орын алған өзгерістер Қазақстандағы тілдік жағдаятқа әсер етіп, оның дамуының негізгі

тенденцияларын анықтайтын тамыры тереңде жатқан үдерістердің рөлін ғылыми тұрғыдан қарастыруды қажет етеді; екіншіден, тілдік жоспарлаудың тиімділігі, тілдің ерікті vs еріксіз түрде енгізілуі, тілдің «өздеріміз» бен «өзгелердің» көз алдындағы беделі, тілді (тілдерді) үйренуге деген прагматикалық мотивация дәлірек бағалауды қажет етеді; үшіншіден, әртүрлі этникалық топтар, әлеуметтік таптар мен жас ерекшелік топтарындағы қазақстандықтарға әсер ететін сәйкестілік түрлері (бірінші кезекте азаматтық сәйкестілікпен күрделі өзара әрекеттесетін тілдік және этникалық сәйкестіліктер) бойынша қазақстандықтардың құндылық және сәйкестендіру бағдарларының ерекшеліктерін анықтау және т.б. қажет [36, б. 9].

Жаһандану термині салыстырмалы түрде жақын арада пайда болғанымен, адамзат тарихының өзгеруіне тікелей ықпал ететін факторға айналып үлгерді. Бұл күрделі үдеріс халықаралық қатынастарға ғана емес, халықтардың өз-өзіне деген қатынасына да өзгерістер әкеліп жатыр. «Жаһандану үдерістері елдер мен халықтардың саясатына, экономикасына, мәдениетіне ғана емес, сондай-ақ олардың жеке тұлға, сондай-ақ тұтас халық деңгейіндегі сәйкестілігіне де түбегейлі жаңа сәттер енгізуде» [37, б. 77].

Бүгінде жаһандану үдерісі ұлттық тілге, мәдениетке, ұлт пен ұлттық мемлекет идеясына белгілі бір дәрежеде қауіп төндіріп, олардың орнын барша адамзатқа ортақ «ғаламдық қоғам» құру идеясымен алмастыруды көздейтіні айқын байқалып отыр. Бұл үрдіске, әсіресе, оның іске асуына мүдделі елдер ретінде АҚШ пен Англия жетекшілік етуде, себебі ағылшын тілі арқылы олардың өмір салты, мәдениеті мен құндылықтары әлемдік деңгейде кеңінен тарауда. Осындай жағдайда Еуропаның дамыған елдері – Франция, Германия сынды мемлекеттер өздерінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін сақтап, қорғауға айрықша көңіл бөле бастады [38, б. 7].

Бір жағынан, жаһандану теоретиктері этникалық қозғалыстар мен көңіл-күйлердің тез жандануын атап өтеді. Жаһандану мәдениеттерді біріктіріп қана қоймайды, сонымен қатар адамдардың жергілікті және этникалық өзін-өзі тануын оятады және ынталандырады.

Екінші жағынан, ішкі және сыртқы жаһанданудың бірқатар үдерістері сәйкестілік дағдарысының шиеленісуіне тікелей әсер етеді.

Р. Робертсон мен Х. Хандкердің пікірінше, қазіргі жаһандану өркениеттер, аймақтар, ұлттық мемлекеттер, этникалық қауымдастықтарға өздерінің тарихы мен сәйкестілігін қайта құруға мүмкіндік береді [39, б. 30-31].

Жаһандану – бүгінгі таңда ең қуатты және маңызды жаһандық үдеріс. Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастыққа кірігіп, онда өз орнын белгілей бастағалы жаһандану ықпалын барған сайын тереңірек сезінуде, әсіресе, ұлттық сәйкестілік мәселесі өзектеле түсті.

Ұлттық сана-сезімінің өсуін әлеуметтік өмірді стандарттауға қорғаныс реакциясы ретінде елестетуге болады. Бүгінгі таңда мәдени көп құрылымды және ұлттық ерекшелікке қауіп төніп тұр, олар адамзатқа жалғыз шындық ретінде бір модель енгізуге тырысады, оның барлық алуан түрлілігін бір трафаретпен теңестіреді. Демек, халықтардың табиғи реакциясы-өзін,

бірегейлігін қорғау. Өсіп келе жатқан анти-глобалистік тенденциялар адамдардың белгілі бір бет-әлпет әлемінің өкілдері емес, белгілі бір этномәдени, ұлттық қоғамдастықтың тасымалдаушылары болғысы келетіндігімен байланысты.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары ұлттық – мемлекеттік құрылыстың екі негізгі стратегиясы және тиісінше оларға ұлттық бірегейліктің үстем модельдері белгіленді. Бірінші стратегия азаматтық ортақтығы негізінде өз құрамы бойынша полиэтникалық қоғамнан біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыруға бағытталған, екінші стратегия қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігімен байланысты болуы тиіс.

Моноэтникалық қоғам жағдайында этникалық және азаматтық сәйкестілік өзара үйлесім табады, өйткені бұл жағдайда бір ғана субъект – әрі этникалық топ, әрі ұлт-мемлекет рөлін атқаратын халық бар. Ал көпұлтты қоғамда бұл қатынас әлдеқайда күрделене түседі: мұнда этникалық және азаматтық сәйкестіліктер көбіне бір-бірімен сәйкес келмей, тіпті кей жағдайда қарама-қарсы сипатқа ие болады [40, б. 25].

Көпұлтты Қазақстан халқының жеке және топтық сәйкестілік құрылымында этникалық тиістілік әлеуметтік санаттаудың доминантты нысаны болып қала береді [41, б. 134-135].

Этникалық және азаматтық сәйкестілік, оның тұтастығын бұзбай оны сақтау және одан әрі дамыту проблемалары – Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа неғұрлым тиімді кіруін қарастыру және жаһандану сын-қатерлеріне талдау жасау үшін қажетті негізгі мәселелердің бірі. Этникалық және азаматтық сәйкестіліктің құрамдас бөлігі тілдік сәйкестілік болса, алғашқы екі ұғымның қоғамда мәнін ашушы құрал – тіл болып табылады.

Этникалық сәйкестілікке бағытталған зерттеулердің басым болуы кеңестік қоғамдағы салыстырмалы біркелкі мәдени кеңістіктің ықпалымен түсіндіріледі. Мұндай жағдайда этникалық айырмашылықтар ең алдымен экспрессивті, көзге бірден көрінетін сипаттар арқылы айқындалғандықтан, зерттеушілер назарын дәл осы ерекшеліктерге жиі аударған. Болып жатқан өзгерістердің сипаты, этносаяси қақтығыстардың күрт шиеленісуі ұлттық сананың қарқынды өсуіне, этникалықты өзектілендіруге, ТМД елдерінің халқында бұрынғы кеңестік бірегейлікті алмастыратын жаңа азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ғылыми және практикалық қызығушылықты тудырды.

Нәтижесінде қайта құрудан кейінгі қоғамның осы өткір проблемалары ұлтаралық шиеленіс контекстінде этника феноменін көптеген психологиялық және этноәлеуметтік зерттеулерге; мәжбүрлі мигранттардың, қоныс аударушылардың, босқындардың этноәлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне байланысты этникалық бірегейлікті зерттеуге; ана тіліне қатысты көзқарастармен, сондай-ақ этносаралық қабылдау және өзара іс-қимыл контекстінде өзара байланыста зерттеуге себеп болып отыр [42, б. 172].

Э.Д. Сүлейменованың түсіндіруінше, этникалық сәйкестілік – жеке тұлғаның өзін белгілі бір этникалық қауыммен байланыстырып, сол топтың мүшесі ретінде қабылдауы. Ғалымның пікірінше, өткен мен дәстүрлі

құндылықтардан алшақтау, сондай-ақ ресейлік қоғамның трансформация кезеңінде қоғамдық дамудың сабақтастығының үзілуі әлеуметтік және рухани сипаттағы қайшылықтарды күшейтті. Қоғамдық өзгерістер жағдайында этносаралық қатынастар әлеуметтік әрі саяси дамуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде этникалықты алдыңғы қатарға шығарды. Зерттеулер көрсеткендей, қоғам трансформациясы кезінде халықты жаңа құндылықтар мен саяси мәдениетке бейімдеу үдерісі өз этникалық мәдениетіне деген қызығушылықтың артуы арқылы жүзеге асады. Осыған орай этникалық сана жанданып, этносішілік үдерістер қоғамның әлеуметтік және саяси жүйесіне тікелей әсер етеді [43, б. 5-9].

Г.Т. Телебаев ұсынған этникалық сәйкестіліктің типологиясы әлеуметтану талдауында неғұрлым ықшам, сондықтан жалпы ұлттық болып табылады, онда автор этникалық сәйкестіліктің 4 түрін анықтайды:

«1. Этнофобия – сәйкестендірудің этникалық қағидатының құндылығын жоққа шығару;

2. Этникалық нигилизм – этникалық көзқарасқа немқұрайлы қарау;

3. Этникалық толеранттылық – өз ұлтына да, өзге ұлтына да оң көзқарас («қалыпты» немесе «оң» этникалық сәйкестендіруге сәйкес келеді);

4. Ұлтшылдық – өзінің этникалық қоғамдастығының артықшылығын мойындау, өз ұлтының мүдделерін кез келген тәсілмен, оның ішінде басқа этникалық топтардың құқықтарына нұқсан келтіру арқылы қамтамасыз етуге деген ұмтылыс» [44, б. 51-52].

Г.Т. Телебаев ұсынған этникалық сәйкестілік типологиясы тілдік сәйкестілікті талдауда да маңызды бағдар бола алады, өйткені этникалық және тілдік сәйкестіліктер көбіне өзара тығыз байланыста қалыптасады. Мәселен, этнофобияда этникалық қағидаттың құндылығы жоққа шығарылғандай, тілдік деңгейде де ана тіліне немесе белгілі бір этностың тіліне теріс көзқарас байқалуы мүмкін. Этникалық нигилизмге сәйкес немқұрайлық тілдік талғамда да бейтараптылықпен көрініс табады. Ал этникалық толеранттылықта өз тіліне де, өзге тілдерге де оң қатынас танытылады, бұл көптілді қоғамдағы үйлесімді тіл қолдану тәжірибесіне сәйкес келеді. Ұлтшылдық типінде этникалық топтың артықшылығын мойындау қандай да бір тілдің басымдығын идеологиялық түрде дәріптеумен ұштасып, тілдік иерархия қалыптастыруға алып келуі мүмкін. Осылайша, Телебаев жіктеген этникалық сәйкестілік түрлері тілдік сәйкестіліктің де құндылықтық, эмоционалдық және әлеуметтік-саяси қырларын түсіндіруге мүмкіндік береді.

«Этникалық сәйкестілік қосарлы рөл атқарады: бір жағынан, ол интегративті функцияны орындайды, адамдарды бір немесе бірдей этникалық негізде біріктіреді, екінші жағынан, бұл этникалық топты барлық басқа топтарға бөледі және кейде қарсы қояды» [40, б. 27]. Ал бұл қарсылық тіл арқылы көрініс табатыны анық. Этникалық тіл – ұлтішілік коммуникация құралы ретінде бір ұлтты екіншісінен даралап тұратын бір ұлттың ана тілі.

Бұл туралы отандық әлеуметтанушы лингвист ғалым Б. Хасанұлы былай деп тұжырымдайды: «Ана тілі – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс

ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтішілік қатынас құралы» [45, б. 25]

Этникалық сәйкестіліктің негізі табиғи, тарихи жолмен анықталатын болса, азаматтық сәйкестіліктің құрылымдалуында мемлекеттің үлесі зор. Себебі, «азаматтық сәйкестілік арқылы қоғамның барлық этникалық топтарының біртұтас тұтастыққа интеграциялануын және олардың жалпыұлттық міндеттерді шешуге бағытталуы күтіледі, этникалық сәйкестілік мұндай функцияны атқармауы мүмкін және көбінесе ол мұндай мақсат көздемейді» [40, б. 28].

Churchill тұжырымдауынша, азаматтық сәйкестілік дегеніміз – бұл әр адамға тән әлеуметтік сәйкестіліктің басқа түрлерімен өзара әрекеттесетін әлеуметтік құрылым [46, б. 28].

Азаматтық сәйкестілікті талқылау үшін Дженсон мен Папиллонның өлшемдері қолданылды: құқықтар мен міндеттер, қолжетімділік және мүшелік. Азаматтардың құқықтары мен ұжым алдындағы міндеттерден тұратын алғашқы өлшем азаматтық, саяси және әлеуметтік құқықтар тұрғысынан көпшілікке таныс. Қолжетімділік дегеніміз – азаматтық құқықтарды жүзеге асыру үшін соттар мен адвокаттарға қол жеткізу немесе медициналық қызметтерге қол жеткізу немесе кірісті қамтамасыз ету сияқты құқықтарды пайдалану құралдары. Үшінші өлшем – мүшелік, яғни, әр азамат ұжымның мүшесі болып саналады [47, б. 22].

Азаматтық сәйкестілік зерттеушілердің назарын аударады, өйткені олар қоғамның жағдайын, оның интеграциясы мен шоғырлану бағытын, құндылық бағдарларын көрсетеді. Бұл ретте этносаралық қатынастар бағыттың оң немесе теріс азаматтық сәйкестіліктің, ынтымақтандыру деңгейінің және мәдени әртүрлілікті қабылдаудың сезімтал индикаторы ретінде қаралады.

Қазіргі орыс қоғамы кеңес дәуірінің салдарын бағалау, демократияға көшу және әлемдік қоғамдастықта өз жолын және орнын таңдау жағдайында. Бұл ретте таңдау саясат, экономика, мәдениет салаларында да, идеологияда да жүреді, оған сәйкес өзгертін сәйкестіліктер мен ынтымақтастық кеңістігі, олардың құндылық-нормативтік және коммуникациялық әлеуеті қалыптасады [48, б. 6].

Көпұлтты қоғамдарда жалпы азаматтық сәйкестіліктің этникалық сәйкестілікке қатынасы туралы мәселе өте өткір, өйткені олар басқа да сәйкестілік түрлерімен қатар өмір сүреді. Көпұлтты қоғамдардың тәжірибесі көрсеткендей азаматтық және этникалық сәйкестілік бір-бірінің орнын баса алмайды. Азаматтық сәйкестілік этникалық сәйкестіліктен бас тартуды талап етпейді және этникалық сәйкестілік те сәйкесінше. Көпұлтты қоғамдағы этникалық бірегейлік азаматтық сәйкестілікті қалыптастыру қажеттілігін жоққа шығармайды.

Көпұлтты қоғамда екі бірдей міндет азаматтық және этникалық сәйкестілікті қалыптастыру және нығайту болғандықтан, осы және басқа

сәйкестілік маркерлерінің бүкіл жиынтығын анықтау және есепке алу мәселесі ерекше мәнге ие болады. Бұл тұрғыда азаматтық сәйкестілік маркерлері проблемаларының жеткіліксіз зерттелуі өзіне ерекше назар аударады. Әрине, патриотизм – бұл азаматтық сәйкестіліктің басты белгісі, бірақ оның жалғыз емес екендігі де анық.

Этникалық сәйкестілікке келетін болсақ, мұнда негізгі маркер этникалық топтың тілі болып табылады. Адамның ана тіліне сүйене отырып, біз әдетте оның ұлтын анықтаймыз. «Ана тілін қолдану этномәдени бірегейлікті сақтаудың негізгі шарты болып табылады, өйткені этномәдениеттің көптеген компоненттері (ауызша халық шығармашылығы, халықтық ән мәдениеті, ұлттық әдебиет, ұлттық театр және т. б.) оның жұмыс істеуі арқасында жалғасын табады» [49, б. 46].

Әлемдік ғылымда саны аз этникалық топ тілдерінің рөлінің төмендеуі объективті түрде этникалық сәйкестіліктің әлсіреуіне және, сайып келгенде, деэтнизацияға әкелетіні анықталған факт. Бұл туралы Churchill пікірі: «Тілдік және мәдени тұрғыда саны аз ұлттарға қатысты айтатын болсақ, ұлттық мемлекеттің классикалық формасы дәстүрлі түрде этникалық, нәсілдік, тілдік, діни немесе мәдениеттің ортақтығын көрсететін критерийлер негізінде көптеген азаматтарды тең емес мәртебеге дейін төмендететін мүшелік параметрлерін белгіледі [46, 26. 9-30].

Тұлғаның азаматтық және этникалық өзін-өзі тануы тілге тікелей байланысты. Сонымен, азаматтық сәйкестілік адамның тұрғылықты елінің мемлекеттік тілін міндетті түрде білуін меңзейді, ал олардың этникалық тамырларына деген адалдығы тиісті этникалық топтың тілін білуді талап етеді [50, б. 175].

Бұл пікірді Ж.С. Смағұлова да қолдайды: «Мемлекеттілікті құрудағы тілдің рөлінің артқандығы соншалықты, ұлттық / мемлекеттік тілдің болмауы мемлекеттіліктің заңдылығына күмән келтіруі мүмкін, ал мемлекеттік / ресми тілді білмеу – азаматтық сәйкестілікке күмән келтіреді» [51, б. 351].

Азаматтық немесе этникалық болсын, кез келген сәйкестілік түрі тілдік сәйкестілікпен тікелей байланысты. Жалпы алғанда, сәйкестіліктің барлық формаларының (этникалық, азаматтық, әлеуметтік, гендерлік және т.б.) маңызды көрсеткіші ретінде тіл қарастырылады. Осыған орай, сәйкестілік этностың қалыптасуындағы негізгі элементтердің бірі әрі тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз ететін тетік ретінде тіл арқылы зерттеледі деп айтуға болады. Сонымен бірге тіл әлеуметтік маңызы бар ақпаратты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мүмкіндігіне ие. Бұл қасиеті кеңістік пен уақытты айыруға, соның нәтижесінде мәдениеттер арасындағы диалогты қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

С.Г. Тер-Минасова тұжырымдамасына сәйкес, «Тіл – бұл сол тіл иелендерінің бір қауымдастыққа қатыстылығының нышаны» [52, б. 45], яғни тіл – азаматтық сәйкестіліктің де, этникалық сәйкестіліктің де негізі болып табылады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік ғылым салаларында этникалық сәйкестілік мәселелері тілге деген көзқарасымен түсіндіріледі. Тіл білімі саласында мұндай теориялар әлеуметтік лингвистиканың кейбір жаңа бағыттарымен ұсынылған: этнометодологиялық бағдарланған конверсиялық талдау, тілдік түзету теориясы, тілдік менеджмент деп аталатын, тілдердің антропологиялық типологиясы және т. б. [53, б. 99].

Этникалық сәйкестілік ұғымына оның объективті компоненттері (тілді білу және қолдану, этникалық шығу тегі, тұрғылықты аумағы, этноним, этникалық эндогамия, мәдени дәстүрлердің сақталуы, ортақ тарих, өмір сүру тәсілі, дін және т.б.), сондай-ақ субъективті этникалық өзін-өзі сәйкестендіру кіреді. Биэтнизм деп аталатын құбылыс та қоғамда орын алып жатады, бұл ең алдымен этникалық аралас отбасыларда байқалады.

Қос этникалық сәйкестіліктің дизайны белгілі бір компоненттердің басымдылығына немесе теңдігіне байланысты екі сәйкестіліктің компоненттерінің қиылысы ретінде түсіндіріледі, бұл екі сәйкестіліктің тепе-тең және тепе-тең емес түрін көрсетеді. Егер сәйкестіліктің кейбір компоненттері үстем жағдайға ие болса (әдетте бұл тілдердің бірі немесе мәдени стереотиптердің бірі болса), бұл тепе-тең емес тип.

Осылайша, этникалық сәйкестілік ұғымы монолингвизм мен көптілділік мәселелерімен тікелей байланысты. Жаһандану үдерісіне байланысты көші-қонның жаңа толқындары (дәлірек айтқанда, «глокализация», яғни жаһандану және локализация) көптеген адамдардың әртүрлі тілдер мен мәдениеттермен байланысуына әкелді.

Еуропада романтизм дәуірінен бастап көптеген ұлттық немесе тіпті ұлтшыл қозғалыстар монолингвализмді ең жақсы және мемлекет үшін ең дұрыс бағыт санады. Патриоттық дискурста тіл (ұлттық тіл, ана тілі немесе тіпті әдеби тіл) ұлттық мәдениеттің негізі болып табылады, халықтың бірегейлігін (жанын, рухын) білдіреді.

Бұл бірегейлік көбінесе абсолютті және қасиетті нәрсе ретінде қабылданды және әлі де қабылданады, нәтижесінде тұрақты болады. Бұл тілдерде сөйлеушілердің нақты өмірі мен практикалық қажеттіліктері көбінесе аталған тұрақтылықты бұзады, өйткені бұл тұжырымдамада тілдік компонент қорғалуы және «таза болуы» керек нәрсе ретінде түсініледі. Осылайша, егер халықты монолингвалды тілдік қауымдастық ретінде қарастыратын болсақ, көптілді жағдайлар ұлттық сәйкестілікке айтарлықтай қауіп төндіреді және теріс нәрсе ретінде түсіндіріледі.

Американдық антропологияның танымал өкілдері Э. Сепир мен Б.Л. Уорф тілдік салыстырмалылық гипотезасын дамыта отырып, тілдің белгілі бір мәдениетте атқаратын рөлін анықтауға тырысты. Олардың көзқарасы бойынша, шындық тілді ғана емес, керісінше: тіл шындықты құрылымдайды. Бұдан шығатыны, тіл танымдық үдерістерге, сөйлеушілердің шындықты қабылдауына, санаттауына және түсіндіруіне, сондай-ақ олардың эмоцияларының құрылымына әсер етеді. Осы тұжырымдамаға сәйкес, тіл

қарым-қатынас жүйесі ретінде белгілі бір дәрежеде пайдаланушылардың ойлау қабілеті мен эмоционалды саласын анықтайды [53, б. 116-118].

Тіл – мәдениет, салт-дәстүр, қоғамдық сана-сезімді сақтай отырып, сол тілде сөйлейтін тілдік ұжымнан құралған адамдар легін ұлт ретінде біріктіретін қуатты құрал [52, б. 34].

Тілге этностың негізгі ерекше белгісі ретінде екі жағынан қарауға болады: «ішке» бағыты бойынша, сонда ол этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде әрекет етеді; «сыртқа» бағыты бойынша, бұл жағдайда ол этностың негізгі этнодифференциялаушы белгісі болып табылады. Осы екі қарама-қарсы функцияны диалектикалық түрде біріктіре отырып, тіл этникалық топтың өзін-өзі сақтау және «өздерінің» және «бөтеннің» оқшаулануының құралы болып табылады [54 б. 75].

Кеңестік кезеңдегі сәйкестіліктен тәуелсіз мемлекет сәйкестілігіне ауысу қоғамда көптеген қиындық туғызды, соның салдарын әлі күнге дейін сезініп келеміз. «Адамдарды қинайтын мәселе – таңдаған сәйкестілікке қол жеткізіп, оған өзгелерді сендіруде емес, бір сәйкестілікті таңдап, егер ол сәйкестілік өз маңызын жойғанда екіншісіне уақытылы ауысу болып табылады» [55, б. 78].

Тілдік сәйкестілік мәселесін реттеу арқылы мемлекет жаңа азаматтық сәйкестілікті құрылымдап, этникалық сәйкестілікті сақтай алады. Сол себепті, кез келген мемлекеттің тілдік саясатының имплицитті мақсатын тілдік сәйкестілікке қатысты анықтауға болады. Мәселен, Кеңес одағында бұл орыстандыру саясаты үстем болса, қазір бұл қазақшаландыру саясатына ауысып келеді. «Тілдік гомогенизация (қазақшаландыру) мемлекеттік тілді таратудың ғана емес, мемлекеттік (азаматтық) бірегейлікті дамыту мен таратудың негізгі тетіктерінің біріне айналды» [56, б. 80].

Жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеуде жалпы тілдік сәйкестілікті зерттеу жұмыстарына жүгінеміз. Тілдік сәйкестілікті зерттеу бағыттары жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектерде көрініс тапқандай, үш түрлі бағытта өрбиді. Оларды шартты түрде батыстық, кеңестік және қазақстандық бағыттар деп бөліп қарастыруға болады.

Тіл адамның белгілі бір этникалық және әлеуметтік қауымға тиесілігін айқындайтын белгі ретінде қарастырылады. Ол сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің индикаторы, мәдени тәжірибенің сақтаушысы және ұжымдық жадтың көрінісі болып табылады. Бұл ұстанымдар социолінгвист А.Д. Швейцер мен америкалық зерттеушілер Р. Белл, Д. Хаймз, У. Лабов, Ч. Фергюсон, Д. Фишман, У. Брайт еңбектерінде дамытылған. Кеңестік дәуірде бұл бағыттағы тұжырымдар Е.Д. Поливанов, Л.П. Якубинский, В.М. Жирмунский, Р.О. Шор, Б.А. Ларин, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Қазіргі кезеңде лингвистикалық зерттеулер лингвомәдениеттанулық бағытты ұстана отырып, тілді этнос арқылы талдауға басымдық береді. Бұл бағыттың өкілдері – И. Дмитрюк, В.Г. Костомаров, А.Т. Хроленко, С.И. Тер-Минасова, Ю.Н. Караулов, А.И. Кравченко, К.Ф. Седов, Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ф.З. Яхин және басқалар – тіл мен мәдениеттің өзара

байланысын жаңа тарихи жағдайлар контекстінде қарастырады. Тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, тіл саясаты мен тілдік жағдайдың өзгеруі тіл мен сәйкестілік мәселесін қазіргі лингвистикалық ғылымның өзекті тақырыбына айналдырды.

Бұл кезеңге жататын ең ауқымды еңбектің бірі – «New Language Identity in Transforming Societies: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan» атты халықаралық зерттеу жобасы. Жоба мақсаты мен қол жеткізген нәтижелерін саралағанда тілдік ахуал мен тіл саясатының өзгеруі тілдік жоспарлау мен тілдік саясатта жаңа басымдықтарды айқындауды, этникалық сәйкестілікті қайта пайымдауды, тіл мен қоғамның өзара байланысын терең түсінуді талап еткенін байқауға болады. Осы тұрғыда У.М. Бахтикиреева тілдің ұлттық тұтастық сезімін қалыптастырып, қолдайтынын, бұл – ұлттық немесе этникалық сәйкестіліктің басты өлшемдерінің бірі екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, тіл этностың бірегейлігін айқындайтын негізгі және кейде жалғыз компонент ретінде қызмет атқара алады [56, б. 18].

Демек, тілдік сәйкестілік – тек тілдің таңдауымен немесе оны меңгеру деңгейімен шектелмейтін, тұлғаның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, психологиялық күйін және өзін қоғамда тану формасын қамтитын көпқабатты феномен [57].

Тілдік сәйкестілік ұғымы екі қабаттан тұрады: «біріншісі – ішкі қабат, яғни жеке тұлғаның бірегей ерекшеліктерінің жиынтығы; екіншісі – сыртқы қабат, яғни жеке адамның өз әлеуметтік ортасының күтулері мен нормаларына сәйкестенуінің нәтижесі» [58, б. 25]. Ішкі қабат тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе және тілге қатынасты қамтыса, сыртқы қабат тілдік тұлғаның өзін белгілі бір лингвомәдени топпен өзін сәйкестендіруі (сурет 1).



Сурет 1 – Тілдік сәйкестіліктің көпдеңгейлілігінің визуализациясы

Тілдік сәйкестілік мәдени және этномәдени сәйкестілікпен тығыз байланысты. Ол тұлғаның өзін белгілі бір (этно)мәдени қауымдастықтың мүшесі ретінде сезінуі мен соған тиесілілігін түсінуінен көрініс табады [59, б. 24-37].

Тілдік сәйкестілік ең алдымен табиғи немесе мәжбүрлі қостілділік жағдайында айқын байқалады. Мысалы, эмиграция, мемлекеттің геосаяси өзгерістері, сондай-ақ екі немесе көптілді отбасылар сияқты жағдайларда бұл құбылыс ерекше көрінеді [60, б. 315].

Пост-кеңестік және қазақстандық тілдік сәйкестілікке қатысты зерттеулер үшін басым бағыт – мәдени-тілдік қауымдастықтың қасиеттерін анықтау, жалпылау және сипаттау [61; 62; 63; 64], ал шетелдік лингвистикада зерттеу нысаны ретінде әртүрлі мәдени-тілдік топтар арасындағы өзара әрекеттестік қарастырылады [65; 66; 67; 68].

Шетелдік ғылыми еңбектердің ерекшелігі – олардың айқын қолданбалы бағыттылығы, яғни тілдік сәйкестілік феноменін практикалық тұрғыдан талдау: мысалы, екінші тілді меңгеру процесін оңтайландыру немесе шетелдік аудиторияда тіл үйренуді жеңілдету [69, б. 136-139].

Халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының тілдік, этникалық және азаматтық сәйкестілігі мәселелері арнайы зерттеу нысаны ретінде бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтқанда, бұл бағыттағы маңызды тұжырымдар Э.Д. Сүлейменованың, Ш.К. Жарқынбекованың, З.С. Айдарбековтың және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

«Қазақстан жастарының ұжымдық сәйкестілігін қалыптастыру тетіктері: социолингвистикалық және дискурстық тәсілдер» атты ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022–2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша жүзеге асқан жоба [70], сондай-ақ Мемлекеттік тілді дамыту институтының «Қазақстандағы жастардың тілдік сәйкестілігі» атты монографиясы [1] жастардың тілдік сәйкестілігі мәселесінің қазіргі ғылыми кеңістікте айрықша өзекті екенін айғақтайды. Бұл еңбектерде келтірілген теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық деректер жастардың тілдік тәжірибесі, көптілді ортадағы тілдік таңдау стратегиялары, тілге қатысты құндылықтық ұстанымдары және әлеуметтік-мәдени ықпалдар сияқты негізгі аспектілерді жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Аталған зерттеулер тілдік сәйкестіліктің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік, мәдени, институционалдық факторларды айқындай отырып, қазіргі қазақстандық жастардың тілдік мінез-құлқын түсіндіруге жаңа ғылыми бағдар ұсынады. Сонымен қатар, бұл жұмыстар жастар әлеуметтік тобының тілдік сәйкестілігін зерттеудің негізгі мәселелерін, өзекті бағыттарын және олардың шешімін қажет ететін ғылыми-тәжірибелік қырларын нақты көрсетеді.

Аталмыш зерттеулерге сүйенетін болсақ, Қазіргі кезеңде жастардың өзіндік сәйкестілігін іздеу үдерісі көптеген жаңа сипаттармен ерекшеленеді. Оларға сәйкестіліктің «бұлдырлануы», көпқырлы немесе көптік сәйкестіліктің қалыптасуы, «сәйкестіліктер ойыны», сондай-ақ «виртуалды», «жаһандық»

немесе «негативті» сәйкестіліктің пайда болуы сияқты құбылыстар тән. Бұдан бөлек, қазіргі қоғамда «нарцистік ыдырау» мен әлеуметтік сәйкестілікті жоғалту сияқты үрдістер де байқалады [70, б. 206].

Жаһандану үдерістері мен сәйкестілік феномені өзара тығыз байланыста дамып, қазіргі заман ғылымы мен мәдениетіне бірқатар күрделі сын-қатерлер туындатуда. Қазіргі әлеуметтік шындық жастардың мәдени және тілдік кеңістікте өз орнын айқындау барысында көпдеңгейлі сәйкестілік формаларын қалыптастыруымен сипатталады. Бұл құбылыс жаһандану жағдайында жас ұрпақтың өзін-өзі тану және әлеуметтік бағдарлау стратегияларының күрделенгенін көрсетеді.

1.2 Көптілділік құбылысы: Қазақстандағы көрінісі және даму динамикасы

Көптілділік – Қазақстанның тіл саясатының негізгі басым бағыттарының бірі. Бұл бағыт аясында еліміз үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін – еркін меңгерген білімді қоғам ретінде қалыптасуды мақсат етеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса, орыс тілі – ұлтаралық қатынас құралы, ал ағылшын тілі – жаһандану кеңістігіне табысты ену тілі ретінде айқындалған. Осы үштілділік саясаты жөнінде түрлі көзқарастар болғанымен, бастысы – тіл ең алдымен қарым-қатынас құралы екені даусыз.

Осыған орай, тіл мен мәдениеттің байланысы жөнінде көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін келтіруге болады. Мәселен, К. Замятин, А. Пасанен және Я. Саарикиви [74, б. 77] өз еңбектерінде: «Тіл – мәдениеттің айнасы. Әр тіл өзіндік бірегейлікке ие, өйткені әрбір халықтың мәдени дәстүрлері, тұрмыс салты және дүниетанымы ерекше. Барлық адамзат үшін ортақ тіл орнатуға ұмтылу немесе кей тілдерді артық көру – мәдени алуандылықтан бас тарту, яғни мәдени байлықты жоғалту деген сөз» деп атап көрсетеді.

Көптілділік ұғымы ғылыми әдебиеттерде түрлі қырынан қарастырылған. Этносоциологиялық, әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда Ю.Д. Дешериев, И.Ф. Протченко, М.Н. Губогло, М.И. Исаев, А.Е. Карлдинский, Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова және т.б.; психоллингвистикалық тұрғыда Л.В. Щерба, У. Вайнрайх, Ю.А. Жлуктенко, Л.С. Выготский және т.б.; филологиялық тұрғыда Л.В. Щерба, Н. Михайленко, Б.Х. Хасанов және т.б.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде: «Көптілділік – жеке адамның немесе қоғамның екі немесе одан да көп тілді қолдануы; мультилингвизм, полилингвизм ұғымдарымен бірдей» деген анықтама берілген [22, б. 134].

Қазақстандағы көптілділік бірқатар ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, көптілділік жаппай құбылыс ретінде анықталады, себебі ел халқының басым бөлігі қазақ және орыс тілдерінде жоғары деңгейдегі тілдік құзыреттілікке ие. Екіншіден, көптілділік гетерогенді құбылыс ретінде қарастырылады, өйткені оның қалыптасуына әртүрлі генетикалық отбасылар мен типологиялық топтарға жататын тілдер қатысады. Үшіншіден,

көптілділікке күрделі диффуздық сипат тән, ол елдегі тілдік жағдайдағы белсенді инновациялық үдерістердің ықпалымен қалыптасады. Төртіншіден, көптілділік тілдік құзыреттіліктің жылжымалылығымен ерекшеленеді, ол тілдік жоспарлау саясатының әсерінен өзгеріп отырады. Бесіншіден, көптілділік туралы қоғамдық түсініктерде келесі екіжақты имплициттік байланыс байқалады: қоғамның көпэтникалылығы оның көптілділігін болжайды және, керісінше, қоғамның көптілділігі оның көпэтникалылығына негізделген [71].

Б.Х. Хасанов 125 ұлттық және орыс тілінен тұратын 126 қостілділік түрін, шамамен жиырмадан астам орыс-ұлттық және ұлттық-қазақ қостілділігін, кем дегенде онға жуық ұлттық-ұлттық қостілділікті, сондай-ақ қазақ, орыс және ұлттық компоненттердің үштігінен құралған үштілділікті ажыратады [72, б. 29-33].

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда көптілділіктің жекелеген көрінісі ретінде әртүрлі аймақтарда таралуы, тілдердің қызмет ету салаларының ауқымы, бірінші тілдің екінші тілге әсер ету ерекшелігі және т.б. жағынан ерекшеленетін билингвизмнің көптеген түрлері қалыптасқан деп айтуға болады. Жалпы Қазақстан жастарының көптілділігі аясында бірнеше топтарды бөліп қарастыруға болады: біртілділер, қостілділер, үштілділер, төрт және одан да көп тілді меңгергендер.

Тіл – ұлттың тарихы мен рухани болмысының көрінісі. Ол арқылы халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, өмір сүру философиясы танылады. Сондықтан тілдің адам өміріндегі орны мен маңызы ерекше екені айқын. Бүгінде Қазақстан – көпэтносты және көпдінді мемлекет. Елдің тілдік саясаты осы алуан түрлілікті ескере отырып қалыптасқан. Қазақстан Республикасының Тіл саясатының тұжырымдамасында тілдік жағдайдың күрделілігі мен мәдени-тілдік дамудың өзекті мәселелері нақты сипатталған. Соған қарамастан, қазіргі талаптарға сай ресми құжаттардың бірнеше тілде дайындалуы тілдік саясаттың негізгі қағидасына айналған.

Қазақстандағы көптілділік үдерісін зерттеген профессор Э.Д. Сүлейменова оны «нақты және айқын әлеуметтік құбылыс» деп сипаттайды [73, б. 6]. Ғалымның пайымдауынша, егер этникалық қауым өз ана тілін сақтай білсе, онда олардың қазақ және орыс тілдерін меңгеру деңгейі де соған сай жоғары болады. Ал ана тілінен алыстаған жағдайда көптілділік деңгейі әлсірейді. Демек, Қазақстанда көптілділіктің тұрақтылығы мен тілдік әртүрлілікті сақтау үшін этникалық тілдердің дамуына және олардың қолданылу аясына ерекше көңіл бөлу қажет.

Тілдердің өзара байланысын алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – Г. Шухардт. Ол тілдердің тарихи дамуында тілдік қатынастардың ерекше рөл атқаратынын атап көрсеткен. Ал Н.Я. Марр бұл құбылысты «*тілдердің тоғысуы*» деп атап, оны тіл эволюциясының маңызды тетігі ретінде сипаттады. Кейінірек француз лингвисті А. Мартине мен американ зерттеушісі У. Вайнрайх [75, б. 40] латынның *contact* сөзі негізінде «*тілдік қатынас*» ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Осыдан байқалатыны – көпұлтты қоғамда тілдік қатынас табиғи және заңды құбылыс болып табылады.

Тіл мен ойлау арасындағы байланыс мәселесі де маңызды. Халықтың тілі қандай болса, оның дүниетанымы мен ойлау жүйесі де сол деңгейде қалыптасады. Э. Сепир мен Б. Уорфтың ықтимал лингвистика теориясы бойынша, адам өз ана тілінің призмасы арқылы әлемді қабылдайды. Зерттеушілер Батыс өркениеті мен өзге мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар тілдің құрылымдық ерекшеліктерінен туындайтынын дәлелдеуге тырысқан.

Тіл – тек әлем бейнесін бейнелейтін құрал ғана емес, сонымен қатар адамның қабылдау, есте сақтау және ойды қайта жаңғырту процестерімен тікелей байланысы бар күрделі танымдық құбылыс. Ол әрі қалыптастырушы, әрі ұйымдастырушы, әрі дамытушы қызмет атқара отырып, адам санасымен тығыз қатыста қарастырылады. Бүгінгі заман тіл білімі кең өрісті, көп қырлы, үздіксіз дамып келе жатқан ғылыми жүйе екендігін көрсетіп отыр. Осы ілімнің дамуына көптілділіктің және оны зерттеудің ерекше ықпал ететіні сөзсіз.

Ұлттық сана мен өзіндік болмыстың негізінде тілдік сана қалыптасады. Тілдік сана арқылы адам өз тілін, яғни өзінің этномәдени болмысын айқындайды. Бұл үдеріс туған тілдің атауын танудан басталып, өзге тілдерден ерекшелейтін белгілерін түсінумен жалғасады. Ана тілін терең меңгеру және оның табиғатын тану – үздіксіз жүретін өмірлік процесс. Тілдік қатынас кеңістігінде көптілділік – қоғамның өмірлік қажеттілігінен туындаған тарихи және әлеуметтік категория. Демек, көптілділік – адамзат өркениетіне тән әмбебап лингвистикалық құбылыс.

Мемлекетаралық байланыстардың кеңеюі еліміздің түрлі салада қол жеткізген табыстарымен тығыз байланысты. Сол жетістіктердің бір кілті – өзге тілдерді меңгеру қажеттілігі. Қазіргі таңда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен бөлек, басқа да шет тілдерін білу жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің дамуына елеулі үлес қосатыны анық. Ғылыми тұрғыдан дәлелденгендей, бірнеше тілді меңгеру адамның есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін күшейтіп, шығармашылық және аналитикалық ойлау деңгейін арттырады.

Көптілділік саясатының тиімді жүзеге асуы мен халықаралық ынтымақтастықтың артуы – қазақ тіл білімінің дамуына да серпін беріп отыр. Бұл тұрғыда ана тілін өзге тілдермен салыстыра зерттеу үшін алдымен туған тілдің табиғатын терең түсіну қажет. Өйткені өзге тілдерді меңгеру арқылы адам өз ана тілінің құрылымын, мағыналық және мәдени ерекшеліктерін неғұрлым айқынырақ ұғына алады.

Қазіргі лингвистика ғылымында бірнеше тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдауға арналған зерттеулер саны күн сайын өсіп келеді. Мұндай еңбектерде тілмен бірге халықтың тарихы, мәдениеті мен дәстүрі де қарастырылады. Сондықтан көптілділіктің ғылыми тұрғыдағы рөлі ерте дәуірден бастап маңызды болып келген және жаһандану жағдайында оның өзектілігі одан сайын артып отыр.

Тарихтан белгілі, ұлы ойшыл әл-Фараби жетпіс алты тілді жетік меңгерген. Сондай-ақ, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы және өзге де қазақтың ұлы

тұлғалары бірнеше тілді еркін меңгергендігімен ерекшеленеді. Бұл – біздің ұлттық рухани байлығымыз әрі кейінгі ұрпаққа үлгі болатын құндылық.

Қазақстандағы тілдік жағдаят түрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық, т.б. факторлар арқылы түсіндіріледі. Және сол фактор тудырып отырған мәселенің бірі – көптілділік. Жалпы тілдер бар жерде тіл мәселесі болатыны белгілі. Тіл мәселесі дүниедегі 200-ден астам мемлекетте зерттеледі. Өйткені мемлекет халқы мейлі бір ұлттан тұрсын, көп ұлттан құралған болсын, бәрібір өзіндік тіл проблемалары орын алады. «Айталық, бір ұлтты мемлекетте тіл мәселесі таза лингвистикалық сипатта, яғни халықтық тілдің жекелеген өмір сүру салалары арасында өрбиді. Мысалы, дүние жүзінде бір ұлтты мемлекет ретінде танылатын Жапонияда мемлекеттік тіл проблемасы жапон диалектілерінің арасында өршіп отырғандығы байқалады» [76, б. 8].

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, сәйкесінше, мұнда көптеген тілдер шоғырланған. Ал көптілді елде тіл саясаты екі жақты мақсатты ұстанады. Біріншісі әрбір жекелеген тілдердің ана тілі ретінде өмір сүру мен дамуын қамтамасыз ету болса, екіншісі, қандайда бір тілдің бүкіл ел аумағында этносаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметтік мәртебесін бекіту. Өйткені көптілділік жағдайында барлық тілдерді бір деңгейде дамыту, тең сақтау мүмкін емес.

Тілдердің заң жүзіндегі теңдігі мен қызмет ету аясындағы теңдігі екеуі екі бөлек түсінік. Конституция тілдер теңдігін жариялайды. Бірақ ол тілдер қызмет ету аясы жағынан ешқашан тең болмайды. Көптілділік ортада ылғи да бір тіл этносаралық қарым-қатынас құралы болып бөлектеніп отырады. Сондықтан мемлекет сол тілге мемлекеттік мәртебе беріп, оған қамқорлық жасайды. Ал ол тіл сол мемлекеттің жұмысын жүргізуге көмектеседі.

Жаһандану үдерісінде барлық елдер бір-біріне тәуелді бола бастайды; яғни біз екі тілді, көп тілді және көп мәдениетті білімсіз дами алмаймыз. Бүгінде көптілді білім беру саласы өте қарқынды түрде дамып жатыр. Қазақстанның жоғары оқу орындарына магистратура, докторантураға түсу үшін ағылшын тілінен тест тапсыру – талапкер үшін басты шарттардың бірі. Ал енді оған қоса, қазақстандық жоғары оқу орындарының қатарын шетелдік университеттер толтырмақ. Бүгінгі таңда Қазақстанда шетелдік ЖОО-дың 33 филиалы жұмыс жасап тұр [77].

Тілдердің әр түрлілігі әлемді жаңа қырынан танытады және таным көкжиегімізді кеңейтеді; тілдер айрықша және тиімді түрде ойлау мен қабылдаудың әр түрлі тәсілдерін бере алатындықтан, біз үшін адамның тіршілік ету шеңбері де кеңейе түседі [78, б. 35].

Полиэтникалық мемлекеттердегі тілдік жағдаят «белгілі бір қауымдастық (ең алдымен мемлекет) шеңберінде бірнеше тілді қолдану; жеке адамның (адамдар тобының) белгілі бір коммуникативті жағдайға сәйкес таңдалатын бірнеше тілді қолдануы арқылы түсіндірілетін көптілділік (мультилингвизм, полилингвизм) құбылысымен сипатталады» [79, б. 303]. Көпұлтты Қазақстан да осы елдер қатарында.

Зерттеушілер Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаятты экзоглосты, баланссыз, диглосты және демографиялық жағынан тепе-теңдік сақталмаған түрінде сипаттайды [80, б. 281].

Оның қалыптасуына географиялық, саяси, экономикалық, тарихи сипаттағы түрлі факторлар әсер етеді. Тілдік жағдаятқа ықпалын тигізетін маңызды фактор – белгілі бір қоғамда өмір сүретін этностардың саны. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-коммуникативті кеңістігіндегі тілдік қатынаста үстемдік ететін қазақ және орыс тілдерінің әлеуметтік функцияларына қазақстандық қоғамның күрделі тарихи даму жолының әсері болғандығы, бұл сайып келгенде, кеңестік кезеңде қазақ-орыс қостілділігінің жаппай таралуына әсер еткендігіне тарихи факт.

Қазіргі Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі жоғары мәртебесіне басымдық беретін ұлттық қазақ қостілділігінің қалыптасуы мен даму тенденциясы байқалады. Сонымен қатар, республикамызда әлемдік жаһандану үдерістеріне байланысты «бір этнос өкілдерінің гетерогенді қоғамда үш тілді кезектестіріп қолдануы» – үштілділік бағыты белсенді түрде жүргізілуде [81, б. 356].

Егеменді Қазақстан экономикасындағы жаһандық өзгерістер тек осы саланың мамандарына ғана емес, сонымен қатар тіл мамандарына да жаңа талаптар қояды, өйткені тіл жаңа сөздер, жаңа тұрақты тіркестер, қолданыстағы сөздердің мағыналарының өзгеруі, олардың қолданылу жиілігі және т.б. мәселелер тұрғысынан қоғамда болып жатқан барлық өзгерістермен тікелей байланысты. Қазақстан экономикасының дамуымен қоса осы салаға қызмет ететін тілдердің, атап айтқанда, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қамтитын үштілділіктің функционалды рөлі де жоғарылайды.

Қостілділік секілді үштілділік те сыртқы, экстралингвистикалық факторлармен шартталған, атап айтқанда:

- шет елдерге еркін саяхат жасау мүмкіндігі;
- тығыз халықаралық ынтымақтастық мүмкіндігі;
- жаһандану дәуірін сипаттайтын және интеграциялық үдерістердің табиғи серіктесі саналатын шетелде білім алу немесе оқуды жалғастыру мүмкіндігі және т.б.

Осыған байланысты бүгінде Қазақстан Республикасының орта және жоғары оқу орындары жүзеге асырып отырған көптілді білім беру идеясы қазақ қоғамы үшін өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде қостілділік пен көптілділік үдерістері байқалады. Қазақстанның көптілділігі – бұл айқын және нақты факт [82, б. 52]. Қазақстан көптілділігін құрайтын тілдер: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі және өзге де ұлт өкілдерінің ана тілі.

Қазақтардың көптілділігі тілдік ауысу үдерісінде қалыптасып, ұзақ уақыт бойы олардың тілдік мінез-құлқын айқындайтын негізгі ерекшелікке айналды. Бүгінде «тілдік ауысымда» белгілі бір өзгеріс орын алып, қазақтардың, әсіресе жастардың, ана тілін меңгеру деңгейі артқанына қарамастан, бұл этнос әлі де көптілді қауым ретінде сақталып отыр. Елде жүзеге асырылып жатқан табысты

тілдік саясатпен қатар, демографиялық үрдістер де «тілдік ауысу бағытының» маңызды айқындаушы факторларының бірі [82, б. 61].

Көптілділіктің жоғары көрсеткіштері бар үш диаспора – өзбек, ұйғыр және татар халықтары қазақ тілін меңгерудің жоғары дәрежесімен ерекшеленеді. Бұл факт украиндар мен беларусь славян халықтарының – орыс мәдени-тілдік ортасымен қатты сіңісуіне қарама-қарсы туыстас түркі халықтарының өз тілдерін сақтай отырып, қазақ тілін қолдау тенденциясының дәлелі бола алады.

Барлығы бірігіп елдегі этнолингвистикалық ландшафт пен көптілділікке диффузиялық сипат береді, ал лингвистикалық жағдайдың өзі демографиялық және коммуникативті тұрғыдан екі күшті серіктес – қазақ және орыс тілдерінің айналасында шоғырланған [83, б. 62].

Қазақстан халықтарының тілдері – өткені мен қазіргі жағдайы бар әлеуметтік лингвистикалық ұғым.

Көптілділік адамның рухани үдерісіне әсер етеді. Жеке тұлға үшін көптілділік – көп тілді қоғамда қатынас құралы болумен қатар ойлау жүйесінің сөйлеудегі нәтижесі. Көптілділік біріншіден ұлттық мінез-құлық компоненттері болып табылса, екіншіден басқа ұлттардың құндылықтарын тану болып табылады.

Ағылшын тілінің жаһандану үдерістеріне тікелей қатысуы көптеген мемлекеттерді тілдік идеология мен тіл саясатының тұжырымдамалық бағыттарын қалыптастыру кезінде осы жағдайды ескеруге мәжбүр етеді.

Қазақстанда бұл іске асырылуы мемлекеттік ішкі саясаттың жеке бағыты ретінде бөлініп, нығайтылған қоғамдық келісімнің шарты мен елдің бәсекеге қабілеттілігінің дәлелі ретінде қарастырыла бастаған «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасында айқын көрініс тапты.

Үш тілдің ішінен екі тіл барлық атрибуттары мен нәтижелері тілдік дәрежесімен байланысты халықаралық тілдер: «Қазақстанда едәуір тұрақты позициясы бар орыс тілі және әлемдік экономика мен ғылымдағы табысты интеграция тілі – ағылшын тілі» [73, б. 36-37].

Аталған екі тіл өзара ықпалдастыққа ұшырап жатыр. Егер қазақ және орыс тілдерінің өзара ықпал ету үдерістерін салыстыратын болсақ, онда посткеңестік дәуірдегі айна тенденцияларын, әсер ету бағытының өзгергендігін: кеңес заманында орыс тілінің қазақ тіліне әсері басым болса, ал қазір кері үдерістердің күшейгендігін – қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің Қазақстандағы орыс тілі мен орыс тілді қарым-қатынасқа әсерін атап өткен жөн. Бұл, әсіресе, тіл фактісі ретінде қарастырылуы тиіс баламасыз сөздерді (мәжіліс, мәслихат, әкім және т.б.) кірме сөздерге айналдыруды міндеттейтін қоғамдық-саяси салада айқын байқалады [84, б. 93].

Әлеуметтік лингвист Б. Хасанов Қазақстандағы қазіргі орыс тілін макроделдал тіл, орыс ұлттық тілінің аймақтық нұсқасы ретінде көрсетеді [83, б. 94].

Қазақстандағы тіл саясатының стратегиялық бағыты – лингвистикалық егемендік жағдайында тілдерді үйлесімді теңдік қағидаттарына сүйене отырып дамыту. Бұл үрдіс тілдік дамудың демократиялық үлгісін білдіреді және көп

жағдайда өздерін демократиялық мемлекеттер қатарына жатқызатын елдердің өзі мұндай күрделі мәселелерге тікелей араласуға сақ қарайтынымен ерекшеленеді. Халықтар достығы мен азаматтық келісімнің халықаралық деңгейде мойындалған үлгісі болып отырған Қазақстанда тілдік саясат «бір социум – көп идиом» қағидатына негізделіп, көптілді қоғамдағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Елдің тұрақты дамуы мен жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру, сондай-ақ жаһандық үдерістерге бейімделген жедел жаңғыру стратегиясы жоғары білім беру, ғылым және тәрбиелік-білім беру кеңістігінде жаңа әдіснамалық тұрғыларды талап етеді. Қазіргі кезең жаңа парадигмалық ойлаудың қалыптасуымен сипатталады, оның аясында тілдік танымның шекарасы да кеңейіп, бұрынғы теориялық пайымдар мен көзқарастарды қайта қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл – өткен тәжірибені жоққа шығару емес; керісінше, оны бүгінгі ғылыми талаптар тұрғысынан саралап, сұрыптап, мазмұнын байытып, жаңа ғылыми интерпретациялар ұсынуды көздейді.

1.3 Көптілділік саясатының тілдік сәйкестілікке ықпалы

Қазақстан – этникалық және тілдік әртүрлілігімен ерекшеленетін мемлекет. Елде 130-дан астам этнос өкілі тұрады, бұл жағдай тіл саясатын жүргізуде ұтымды әрі үйлестірілген тәсілдерді қажет етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының тіл саясаты көптілділік феноменіне қатысты мемлекетаралық тұрақтылық пен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған.

Тіл саясаты – ұлттық, әлеуметтік және мәдени саясаттың құрамдас бөлігі; қоғамдағы тілдік қатынастарды реттеумен байланысты мемлекеттің қызмет саласы, ал тілдік идеология – бұл әлеуметтік топтардың тілге қатынасы, оның қоғамдағы рөлі, ұлт пен мемлекетті анықтауда, әлеуметтік мәселелер мен қақтығыстарда, дінде, мәдениетте және ғылымда танылатын көзқарастар мен идеялар жүйесі, сондай-ақ ол осы тілдік жағдайды сақтау немесе өзгерту мақсаттарынан келіп шығады [85, б. 34].

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттегі жаңа саяси бағыт» атты халыққа Жолдауында Н.Ә. Назарбаев: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс», – деген болатын [86]. Мемлекеттің қалыптасу жылдарында қабылданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын реттеу мен қалыптастырудағы заңнамалық-құқықтық, нормативтік-құқықтық актілер тіл саясатының мақсатын, бағытын, міндеттері мен кезеңдерін анықтайды. Бұлар – Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының заңы (11 шілде, 1997 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-

2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 Өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының құқықтық негізі 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңмен қаланды. Бұл заң бойынша: «қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие; орыс тілі – мемлекеттік органдарда қазақ тілімен тең дәрежеде ресми түрде қолданылады; басқа тілдер – этностардың мәдени-тілдік құқықтарын сақтау шеңберінде қолдау табады» [87]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында тілдік әртүрлілікті қорғауға бағытталған нормалар көрсетілген, бұл еліміздегі тілдік толеранттылықты заң жүзінде қамтамасыз етеді [88].

Тіл саясаты тұжырымдамасының басты мақсаты – Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қағидаттарға сәйкес тілдік дамудың басым бағыттарын нақты айқындау және мемлекеттік, этносаралық, әлеуметтік-коммуникативтік салалардағы тілдердің қызметін реттейтін тиімді тетіктерді белгілеу болды. Тұжырымдамада тіл «ұлттық мәдениеттің өзегі» ретінде айқындалып, Қазақстандағы тіл саясатының негізгі бағыты түрлі этностардың үйлесімді әрі орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет екендігі көрсетілді.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қазақ тілінің нормативтік-құқықтық базасын дамыту, терминологиялық және лингвистикалық қорын кеңейту, жүйелеу және жетілдіру сияқты басым міндеттерді іске асыруды көздеді. Бағдарлама өзіне жүктелген міндеттерді толық орындап, елдің тілдік жоспарлау стратегиясын одан әрі жалғастыру үшін негіз қалады. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру мақсатында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, онда тілдік жоспарлауды кезең-кезеңімен жүзеге асырудың нақты индикаторлары, күтілетін нәтижелері және қажетті іс-шаралар жүйесі белгіленді.

Аталған мемлекеттік бағдарламада қазақ тілін сапалы оқытуды қамтамасыз етуге қатысты ғылыми негізделген ұсынымдар беріліп, тіл дамытудың өзекті мәселелері нақтыланып, оларды шешудің жолдары көрсетілген. Бірінші кезекте – қоғамдық сұраныс қалыптастыру, екінші – тілдік қоғамдық ортаны дамыту, үшінші – оқыту сапасын қамтамасыз ету міндеттері қойылған. Бүгінде мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп, бағдарламада көзделген іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Кез келген мемлекетте белгілі бір деңгейде тіл саясаты жүзеге асырылатыны заңды құбылыс болып табылады. Билік тарапынан нақты бір тілді қолдауға немесе шектеуге бағытталған арнайы шаралар қабылданбаса да, тілдердің қолданылу аясы мен ықпал ету деңгейі білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да әлеуметтік салалардағы саясат арқылы жанама түрде реттеліп отырады.

Қазіргі замандағы мемлекеттердің көпшілігінде толық тілдік біртектілік сирек ұшырасады. Тіпті біртүлді мемлекет ретінде қарастырылатын Жапонияның өзінде де азшылық тілдері мен үстем тілдің әлеуметтік және территориялық тұрғыдан әртүрлі нұсқалары кездеседі. Сол себепті кез келген тіл саясаты табиғаты жағынан бір-біріне қарама-қарсы, бірақ өзара байланысты екі қажеттіліктің өзара әрекеттестігіне сүйенеді. Бұл қажеттіліктерді, белгілі социолингвист, тіл саясаты маманы В.М. Алпатов [89, б. 11-12], сәйкестілікке деген қажеттілік және өзара түсіністікке деген қажеттілік деп бөліп қарастырады.

Сәйкестілік қажеттілігі адамның (саналы немесе бейсаналы түрде) кез келген қарым-қатынас жағдайында өзіне «жақын», табиғи түрде балалық шақтан қалыптасқан тілді қолдануға ұмтылысынан көрінеді. Мұндай тіл көбінесе ана тілі немесе ұлттық тіл деп аталады. Бұл қажеттіліктің шегіне жеткен көрінісі – толық біртүлділік. Біртүлділік бірқатар артықшылықтарға ие. Біріншіден, жаңа тілді меңгеру, әсіресе ересек жаста саналы түрде үйрену, қосымша когнитивтік күш жұмсауды талап етеді, әрі әр адамның тіл үйрену қабілеті әртүрлі. Екіншіден, тіл меңгеру тиімділігі адамның жас ерекшелігіне байланысты өзгереді. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, адам тек ана тілін немесе ерте балалық шақта меңгерген тілді қолданғанда ғана миының екі жартышарын толық пайдаланады. Ал бес-жеті жастан кейін үйренілген тіл сол жақ жартышардың белсенділігімен шектелетіндіктен, мұндай жағдайда тілдік құзыреттілік толық болмайды.

Егер адам бірнеше тілді балалық шақтан меңгерсе де (мысалы, ата-аналары әртүрлі тілде сөйлесе немесе бала күтушісі басқа тілде сөйлесе), тілдердің арасында абсолютті теңдік болмайды: олардың бірі басым, ал екіншісі қосалқы тіл ретінде қалыптасады [90, б. 3].

Үшіншіден, ана тілі ұғымы тек психолингвистикалық емес, әлеуметтік мәнге де ие. Көп жағдайда ана тілі – бұл адамның өз этносының, өз мәдениетінің тілі. Ал «бөгде» тілді қолдану этникалық немесе мәдени тұрғыдан, тіпті әлеуметтік жағынан өзін төмен сезінумен байланыстырылуы мүмкін.

Өзара түсіністік қажеттілігі қарым-қатынасқа қатысушылардың ана тіліне қарамастан бір-бірімен кедергісіз тілдесуге, түсінісуге деген ұмтылысын білдіреді.

Индустриалды қоғамға өту кезеңінде мемлекет шеңберінде ең басты орын алатын қажеттілік – өзара түсіністікке деген сұраныс болып табылады. Бұл қажеттілікті қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде, әдетте, біртұтас мемлекеттік тіл танылады, ал кейбір жағдайларда (мысалы, Швейцарияда) бірнеше ресми тіл қатар қолданылады.

Бұл үдеріс екі өзара байланысты бағытта дамиды және кейде бір мезгілде, кейде уақыт айырмасымен жүзеге асады. Біріншісі – мемлекеттік тілдің әкімшілік шаралар мен білім беру жүйесі арқылы (кейінірек бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да) кеңінен таралуы, екіншісі – оның кодификациялануы, яғни бүкіл мемлекет көлемінде бірыңғай тілдік нормалардың қалыптасуы.

Осы кезеңнен бастап және қазіргі уақытқа дейін көптеген мемлекеттерде тіл саясатының басты бағыты – мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту мен нығайту болып келеді. Бұл үрдіс кейде саналы түрде, кейде бейсаналы түрде жүзеге асырылады, бірақ барлық жағдайда да мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік мәртебесін сақтау мен дамытуға бағытталады.

Алпатовтың тіл саясатына қатысты тұжырымдамасын А. Мустайоки [91, б. 17] былай жалғастырады: «Біз бұл факторларды сәл басқаша атаймыз: идеология және прагматика. Идеология – бұл құндылықтар иерархиясы және дұрыс деп табылған әрекет ету ұстанымдары, ал прагматика – бұл экономикалық және өзге де кірістерді есепке алу. Бұл тілге байланысты жеке тұлғалық шешімдерге де қатысты, бірақ сезім мен сана туралы тұлғалық деңгейде айту оңайырақ деп айтуға болады. Ата-анасы баласының титулды ұлт тілін немесе өзге «кең таралған» тілді меңгеруін қаласа, мұның артында сана тұрған болса керек. Ал егер баласының ана тілін (миноритарлы), ата-анасының тілін меңгеруін қаласа, бұл жерде әңгіме өз тіліне деген эмоционалды қатынасы туралы болып тұр. Дегенмен егер ата-ана бұл шешім ана тілдерінің қоғамда сақталуына ықпал етеді деп ұйғарса, онда эмоционалды қатынас рационалды оймен толығып тұрғанын білдіреді».

Э. Хобсбаумның [92] пікірінше, мемлекеттердің монотілділікке (тілдік гомогенизацияға) деген ұмтылысы ескірген және іс жүзінде мүмкін емес нәрсе: «Біріншіден, біз енді тек оқу және жазу мәдениетінде өмір сүрмейміз. Екіншіден, біз енді біртұтас жалпыға ортақ тіл идеясы орындалатын әлемде өмір сүрмейміз, яғни біз көп тілді әлемде өмір сүріп жатырмыз. Үшіншіден, біз кем дегенде қазіргі уақытта жалпыға ортақ ғаламдық қарым-қатынастың бір ғана тілі, атап айтқанда ағылшын тілінің белгілі бір түрі бар дәуірде өмір сүріп жатырмыз».

Ж.С. Смағұлова [93] пікірінше, тілдік саясат сол ел өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын толық ескере отырып, жүргізілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда мемлекет түрлі қиындықтарға ұшырауы мүмкін: «Тіл иелмендерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартпай тілдің символикалық мәртебесін көтермелеу қауіпті болуы мүмкін. Оның соңы популистік ұлтшылдыққа әкеліп, әлеуметтік шиеленіске ықпал етіп, ұлтаралық қақтығыстарды оятуы және күш көрсетуді ақтап алуға дейін апарып соғуы мүмкін».

Сонымен тіл саясаты дегеніміз – белгілі бір мемлекет шеңберіндегі түрлі экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, тілдердің немесе тілдің дамуын анықтайтын саяси шаралардың жиынтығы. Қазіргі кезде таза бір тілде сөйлейтін мемлекет аз болғандықтан тіл саясатын жүргізу барлық мемлекеттерге ортақ, өзекті мәселе деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының тілдік саясаты да бірнеше бағытта жүзеге асырылып жатыр.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанда барлық посткеңестік кеңістіктегі ең либералдық тіл саясаты жүргізілуде, оның негізінде мәдениеттер мен тілдердің көптүрлілігі – Қазақстанның ұлттық игілігі деген түсінік жатыр [73, б. 41].

Зерттеушілердің пайымдауынша, Қазақстандағы тіл саясаты мемлекет тарапынан тілдің қоғамдық өмірдегі орнына, оның қызмет ету тетіктеріне және даму болашағына қатысты ұстанымдардың жиынтық көрінісі болып табылады. Бұл саясат бірнеше маңызды сипаттамалармен ерекшеленеді. Ең алдымен, ол орталықтандырылған сипатта, өйткені тілдік жоспарлау мемлекеттік құрылымдар арқылы жүргізіліп, міндетті іс-шаралар жүйесін қамтитын институционалдық реттеу тетіктеріне негізделеді. Екіншіден, тіл саясаты перспективалы, яғни қазіргі тілдік ахуалды жаңғыртуға, тілдердің функционалдық әлеуетін кеңейтуге бағытталған стратегиялық міндеттерді көздейді.

Сонымен қатар, Қазақстанның тіл саясаты демократиялық сипатқа ие, себебі тілдік үдерістерді реттеуде қоғамның көпұлтты, көптілді құрамының мүдделері мен сұраныстары есепке алынады. Ол сондай-ақ халықаралық сипатта, өйткені стратегиялық бағыттар қатарында мемлекеттік қазақ тілін дамыту, орыс тілінің қызметін қолдау, этностық топтардың тілдерін сақтау, сондай-ақ әлемдік тілдерді меңгеру мен қолдану басымдық ретінде белгіленген.

Тіл саясатының тағы бір маңызды қыры – оның сындарлы мазмұны. Бұл бағыт қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге, оның өміршендігін арттыруға, сонымен қатар орыс тілінің және елдегі өзге этностар тілдерінің қолдану аясын сақтауға және қолдауға бағытталады. Бұған қоса, Қазақстанның тіл саясаты экзогlostық сипатқа ие, себебі пуристік үрдістерге қарамастан, қазақ тілінде халықаралық лексика мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, тұтынушылық мәдениет, ойын-сауық, сән, аспаздық және басқа да жаңа салаларға қызмет көрсететін лексикалық қабаттың белсенді дамуы байқалады [94, б. 44].

Қазақстанда тіл саясаты вернакулизация мен монолингвизмнің, көптілділік пен халықаралықтандырудың теңгерімін білдіреді: бір жағынан – мемлекеттік тіл ретінде автохтонды қазақ тілін таңдау (вернакулизация) және қарым-қатынастың реттелетін және реттелмейтін салаларында қазақ тілінің жүйелі түрде жүзеге асырылып таралуы (монолингвизм); екінші жағынан – елдің орыс және басқа тілдерін қорғау және қолдау (мультилингвизм), орыс тілін сақтау және ағылшын коммуникативтік кеңістігін қалыптастыру (халықаралықтандыру). Жүзеге асырылатын іс-шаралардың барлық мазмұны мен сипатымен тілдік үдерістерді мемлекеттік реттеу тілдік саналуандықты қолдау (мультилингвизм/тілдік плюрализм) мен қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау арасындағы дилемманы осы акт үшін міндетті салдарлармен деңгейлестіруге бағытталған [94, б. 45].

Қазақ тілі ең ірі тілдердің бірі ретінде виртуалды өрісте ақпараттық ресурстардың көмегімен әлемдік бәсеке мен бірегейлік (соның ішінде ұлттық-мемлекеттік бірегейлік) бәсекесіне енгізілді.

М. Вингендер пікірінше, заманауи тіл жұмсалымы, яғни тілдерді іс жүзінде қолдану мемлекеттің тіл саясатын әрдайым толық көрсете бермейтіні, кейде оны мүлдем көрсетпейтіні белгілі. Осындай құбылыстар ТМД елдерінде әр

түрлі деңгейде көрініс тапқан және оларды төмендегідей антиномиялармен сипаттауға болады:

- титулдық тілдерге қолайлы мемлекеттік-саяси шарттар олардың жеткіліксіз дәрежеде таралуына жиі қайшы келеді;
- мемлекеттік тілдің мәртебесі стандарттаудағы олқылықтарға жиі қарсы тұрады;
- орыс тілінің жоғарғы беделі титулдық тілдердің төменгі беделіне жиі қарсы шығады;
- титулдық тілдерді қарқынды қолдаудың тілдік саясаты олардың тілдік қауымдастықпен арақатынасына үнемі сәйкес келе бермейді [95, б. 237].

Көптілділік пен интернационалдандырудың мүмкіндіктерін оңтайлы пайдаланудың тамаша мысалы ретінде ұлттық саясаттың мақсаттары мен стратегиялық басымдықтарымен үйлесім тапқан және Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан негізгі құндылықтардың – бірліктің, тұрақтылық пен дамудың сақталуын қамтамасыз ететін «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын келтірген жөн [94, б. 45].

Қазақстанның тарихи дамуы Ресей империясы мен КСРО құрамында болу кезеңдерімен тығыз байланысты. Осы уақыт аралығында орыс тілі мемлекетаралық және ұлтаралық қатынас тілі ретінде орнықты. Қазақстандағы орыс тілділіктің ерекше сипаты – орыс тілінде сөйлейтіндердің басым бөлігі этникалық орыс емес азаматтардан құралатынында. XX ғасырдың басынан бастап кеңес билігінің орнауы, түрлі этностардың Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы және тілдік кеңістікті кеңейтуге бағытталған орыстандыру саясаты орыс тілінің коммуникациялық кеңістікте жетекші орын алуына ықпал етті.

Орыс тілін меңгеру қазақ қоғамының тарихи артықшылықтарының бірі ретінде қарастырылады. Себебі бірнеше буын бойы қазақстандықтар дәл осы тіл арқылы қосымша білім алып, кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтіп, ел ішінде де, халықаралық кеңістікте де өз орнын таба білді. Бүгінгі таңда Қазақстанда 136 этнос өкілі бір мемлекет аясында өмір сүріп отыр, олардың татулығы мен ынтымағы елдің басты құндылықтарының бірі болып саналады. Осыған байланысты Үкімет тіл саясатында ешбір тілдің құқықтары шектелмеуін қадағалап, тілдік теңдік қағидатын сақтауға басымдық береді.

Қазақстан – көптілді және көпэтносты мемлекет. Ел тұрғындарының басым бөлігі кем дегенде екі тілде еркін сөйлейді. Мемлекеттік тілдің жүйелі және жоспарлы дамуы орыс тілінің қоғамдық қызметіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Мемлекеттің болашақ дамуы, әсіресе сыртқы саяси тұрақтылығы көрші елдермен тату көршілік қатынастарды сақтаумен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда орыс тілі интеграциялық байланыстардың, ұлтаралық қатынастың және ортақ ақпараттық кеңістіктің маңызды элементі ретінде қала береді. Зерттеуші Н. Кекілбекова да орыс тілі БҰҰ-ның алты ресми тілінің бірі болғандықтан, оны меңгеру бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруда маңызды фактор екенін атап көрсетеді [96, б. 48].

Үштұғырлы тіл саясатының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін меңгеру. Қазіргі уақытта ағылшын тілі – ғаламдық ақпарат алмасудың, инновациялық технологияларға қол жеткізудің және халықаралық білім беру кеңістігіне енудің негізгі құралы. Геополитикалық, коммуникациялық және технологиялық өзгерістер ағылшын тіліне деген сұранысты күшейтіп, оны меңгеруге қажеттілікті арттырып отыр. 2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ағылшын тілін 1-сыныптан бастап оқыту осы қажеттілікке жауап ретінде енгізілді. Ағылшын тілі бүгінде халықаралық қатынастардың, ғылымның, экономиканың және мәдени алмасудың жетекші тілдерінің бірі, сондықтан көптілді маман қалыптастыруда оның рөлі айрықша.

Қазақстанда «үштұғырлы тіл» саясатына қоса, елдегі барлық этностардың өз ана тілдерін еркін меңгеруге және қолдануға кең мүмкіндік берілген. Бұл – қазақстандық демократиялық қағидалардың нақты көрінісі. Мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді меңгеру қазіргі азаматтардың жеке бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші болып отыр. Мемлекеттік деңгейде әр қазақстандықтың үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін – меңгеруі жөніндегі ұстаным бекітілген. Егемендік жағдайында жүргізілген жаңа тілдік саясат аясында елімізде жаңа тілдік жағдаят қалыптасып, қазақ тілінің қолданылу аясы жылдан жылға кеңейіп келеді. Мемлекеттік тілді ұлттық мәдени құндылықтармен қатар меңгеру қоғамның түрлі үдерістеріне сәтті бейімделудің және әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды факторы ретінде танылуда.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Тілдік сәйкестілік пен көптілділік ұғымдарының теориялық негіздері тілдік әлеуметтану, әлеуметтік психология, мәдениеттану және тіл білімі тұрғысынан кеңінен қарастырылды. Тілдік сәйкестілік – адамның өзін белгілі бір тілдік қауымдастықпен сәйкестендіру үдерісі, ал көптілділік – тұлғаның бірнеше тілді меңгеру және оларды әртүрлі әлеуметтік контексте қолдану қабілеті, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер мен ұлттық сәйкестіліктерді меңгеруін білдіреді. Бұл жағдайда тілдік сәйкестілік динамикалық сипатқа ие болып, жеке тұлғаның әртүрлі әлеуметтік контексттерде өзіндік танымын бейімдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда тарихи-мәдени, әлеуметтік, саяси факторлардың ықпалымен қалыптасқан екі негізгі коммуникациялық құрал – қазақ және орыс тілі болғандықтан, тілдік сәйкестілік осы екі тілдің төңірегінде анықталады. Тілдік сәйкестілік белгілі бір топпен тілдік ерекшеліктер бойынша өзін-өз теңестіру ғана емес, оған қоса, тілдік ерекшеліктері сәйкес келмейтін басқа топтан өзін бөліп көрсету. Осыған орай, «біз» және «өзгелер» (бөгде) бинарлы оппозициясына сәйкес, «қазақтілділер» және «орыс тілділер» деген шартты екі әлеуметтік топ пайда болады.

Тілдік сәйкестілікті одан әрі күрделендіре түсетін фактор – көптілділік саясаты, әсіресе қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қатар қолданылуы.

Қазіргі тілдік жағдаяттағы көптілділік – бұл күрделі әлеуметтік құбылыс, ол тек тілдердің көптігімен ғана шектелмейді, сонымен қатар әр тілдің әлеуметтік, мәдени, және саяси контекстердегі рөліне негізделеді. Көптілділік – қазіргі жастардың өмір сүру кеңістігінің табиғи және әлеуметтік белгісі. Ол тек тілдік дағды немесе құрал емес, сонымен қатар, тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын, мәдени бағдарын және өзіндік менін қалыптастыратын әлеуметтік-психологиялық орта.

Жастардың тілдік сәйкестілігі осы көптілді ортада қалыптасады және тікелей көптілді тәжірибеге тәуелді. Бірнеше тілді меңгеру адамның түрлі тілдік қауымдармен қарым-қатынас орнатуына, әртүрлі мәдени нормалар мен құндылықтарды бойына сіңіруіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде тұлға өзін бір ғана тілдік топпен емес, бірнеше мәдени және тілдік қауыммен теңестіре алады.

Көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасында екіжақты байланыс бар: бір жағынан, көптілділік – тілдік сәйкестілікті қалыптастырудың сыртқы әлеуметтену тетігі, өйткені, адам тілді қолдану арқылы қоғамда өз орнын табады. Екінші жағынан, тілдік сәйкестілік көптілділіктің ішкі мотивациялық және құндылықтық өзегі, яғни тұлға қандай тілді, қай ортада және қандай мақсатпен қолданатынын өзінің ішкі тілдік ұстанымы арқылы анықтайды.

Осылайша, көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасындағы байланыс мемлекет ішінде әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, мәдени алмасуды дамытуға және жаһандық аренада бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды элемент болып табылады.

Тілдік жоспарлауды жүзеге асыру, тілдік жағдаятты түсіну үшін тілдік практиканы зерттеу маңызды. Кез келген елде тілдердің маңыздылық деңгейі тек ресми бұйрықтар мен жарғылар арқылы ғана емес, азаматтардың күнделікті тұрмыстағы тілдік қатынастары арқылы анықталады.

Ғылыми әдебиеттерді шолу барысында тілдік сәйкестіліктің тіл мен қоғамның өзара байланысының нәтижесі екендігі, әртүрлі әлеуметтік топтардың мәдени және әлеуметтік ұстанымдарын білдіретін құрал екендігі және оның тарихи, саяси, мәдени жағдайларға байланысты өзгеріп отыратын динамикалық табиғаты нақтыланды. Осыған орай, әлеуметтік топ ретінде жастардың тілдік сәйкестілігін және көптілділігін байланыстыра зерттеп, осы байланыстың негізгі әлеуметтік лингвистикалық параметрлерін анықтауда келесі жұмыс анықтамаларын тұжырымдаймыз: жастардың тілдік сәйкестілігі – өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіру арқылы анықталатын сыртқы қабаттан және тілдік құзыреттілік, тілдік тәжірибе, тілге қатынас арқылы айқындалатын ішкі қабаттан тұратын күрделі әлеуметтік лингвистикалық категория.

Ал жастардың көптілділігі – қазақ, орыс, ағылшын және басқа ұлттық немесе шет тілдерін меңгеріп, оларды әртүрлі әлеуметтік-коммуникативтік жағдайларда пайдалану қабілетін сипаттайтын, тілдік құзыреттілік пен мәдени бейімделудің өзара байланысына негізделген әлеуметтік лингвистикалық құбылыс. Бұл құбылыстың қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік тіл саясатының ықпалымен айқындалады, өйткені, ол қазақ тілінің мәртебесін нығайтып, орыс

және ағылшын тілдерінің функционалдық қолданысын реттеу, басқа да ұлттық тілдерді қолдау арқылы жастар арасында үйлесімді көптілді ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігі өзара бірін-бірі толықтыратын және бірін-бірі анықтайтын әлеуметтік лингвистикалық категориялар. Көптілділік жастардың тілдік мінез-құлқы мен қарым-қатынас аясын кеңейтсе, тілдік сәйкестілік сол тәжірибенің мазмұнын, құндылықтық бағытын және мәдени маңызын айқындайды.

2 ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІГІНІҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2.1 Халық санағы мен ресми статистика деректеріндегі жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі

Жастардың тілдік сәйкестілігінің сандық көрсеткіштерін анықтауда тілдік сәйкестіліктің көпқабаттылық қасиеті [58, б. 25], [101, б. 39] негізге алынды. Сыртқы қабаты бойынша тілдік сәйкестілік белгілі бір лингвомәдени топтың тілі арқылы өзін-өзі анықтауы, яғни ана тілі ұғымы өзектеледі. Ал ішкі қабаты бойынша тілдік сәйкестіліктің құрамдас компоненті тілдік құзырет және тілдік тәжірибе сандық көрсеткіштер арқылы сипатталады. Көптілділік те тілдік тәжірибе арқылы айқындалатынын [22, б. 134] ескеретін болсақ, екеуінің көрсеткіштері бір деп тұжырымдауға болады.

Қоғамдағы тілге қатысты ірі мәселелерді зерттеуде тілді қолданушыларды нақты әлеуметтік топтарға бөліп қарастыру – тіл біліміндегі ұтымды әдістердің бірі. Сондықтан жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауда тіл иелмендерін әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде «әлеуметтік топ» терминіне мынадай анықтама берілген: «әлеуметтік топ – ортақ әлеуметтік сипаттамалары бойынша біріктірілген (ер адамдар, оралмандар, ересектер, жастар, балалар және т.б.), сондай-ақ қоғамдық еңбек бөлінісінің жалпы құрылымында нақты функциялар атқаратын адамдар жиынтығы [22, б. 58]. Жастардың ортақ әлеуметтік сипаттамалары арқылы олардың қоғамдағы белсенділігін анықтауға болады. Әлеуметтік сипаттамалар мынадай параметрлер арқылы өлшенеді: жасы, жынысы, ұлты, білім деңгейі, тұрғылықты жері, саяси белсенділігі, әлеуметтік құндылықтары мен ұстанымдары және т.б.

Жастарға әлеуметтік топ ретінде Ленинград жастар мәселелерін зерттеу мектебінің негізін қалаушы, әлеуметтанушы В.Т. Лисовскийдің тұжырымдамасы: «Жастар – әлеуметтену кезеңіндегі, білім беру, кәсіби және мәдени қызметтерді, қоғам ұсынған өзге де әлеуметтік рөлдерді игеру мен орындау үдерісіндегі буын өкілдері. Нақты тарихи жағдайларға байланысты жастардың жас өлшемдері 16-дан 30 жасқа дейін өзгеруі мүмкін» [97, б. 31].

Әлеуметтанушылар, психологтар, тарихшылар және өзге де ғылым өкілдері нақты жастық шек туралы пікірлері сәйкес келе бермейді. Қазақстан Республикасының заңнамасына жүгінетін болсақ, Мемлекеттік жастар саясаты туралы 2015 жылдың 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ заңында «жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары» деп көрсетіліп келді. 2022 жылы 26 желтоқсанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын. Аталған заң 2023

жылы 1 наурызда толық күшіне енді. Бұл заңға сәйкес, жастар санатының жастық шегі 35-ке дейін ұлғайтылды [98].

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистикалық комитетінің мәліметтері бойынша, жастардың саны 2022 жылдың басында 14-28 жас аралығында 3 833 458 (оның ішінде ерлер – 1 957 274, әйелдер – 1 876 184), ал 14-34 жас аралығында 5 694 397 (оның ішінде ерлер – 2 896 681, әйелдер – 2 797 716) [99].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ұсынған «Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі» жинағын дереккөзі ретінде ала отырып, Халық санағы нәтижелеріне тілдік сәйкестілік, көптілділік, соның ішінде, жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі мәселелері бойынша талдау жүргізілді.

Халық санағы бойынша Қазақстан Республикасы халқының жалпы саны 3 176 418 адамға артты 2009 жылы 16 009 597 адамнан 2021 жылы 19 186 015 адамға дейін (кесте 1). Ең тығыз қоныстанған өңірлер Алматы және Түркістан облыстары және Алматы қаласы болып табылады, ел халқының ең аз үлесі бар өңірлер Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары болып табылады.

Қазақстан халқының саны 2021 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 19,8% ға өсіп, 19 186 015 адамды құрады. Ерлер саны 9 324 840, яғни 1 612 616 адамға немесе 21% ға артты, әйелдер саны 9 861 175, яғни 1 563 802 адамға немесе 19% ға артты (кесте 1). Ерлер мен әйелдердің арақатынасы біршама артты 2021 жылы 1000 әйелге шаққанда 946 ер адам (2009 жылы 1000 әйелге шаққанда 929 ер адам).


Кесте 1 – Халық санағы деректері бойынша ҚР халқының саны

Халық санағын өткізу жылы	Барлық халық	Пайызы	Қала халқы	Пайызы	Ауыл халқы	Пайызы
1999	14 981 281	100	8 455 783	56,4	6 525 498	43,6
2009	16 009 597	100	8 977 787	56,1	7 031 810	43,9
2021	19 186 015	100	11 741 342	61,2	7 444 673	38,8

2009 жылғы халық санағына негізделген демографиялық пирамида төменгі жастағы балалар санының салыстырмалы аздығымен, 15–35 жас аралығындағы халық когортасының едәуір көлемімен және пирамиданың жоғары бөлігінің біртіндеп тарылуымен сипатталады. Төменгі негіздің тар болуы туу деңгейінің орташа екенін, ал еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесінің айрықша жоғары болуы демографиялық құрылымның ерекшелігін көрсетеді. Жоғары жастағы когорталардың біртіндеп кемуі алдағы жылдары халықтың қартаю үрдісінің басталу белгілерін аңғартады. Мұндай демографиялық құрылым әлеуметтік-экономикалық трансформация кезеңдерін бастан кешірген мемлекеттерге тән ерекшелік болып табылады.

Ал 2021 жылғы халық санағы мүлде басқа динамиканы көрсетеді. Бұл кезеңдегі демографиялық пирамида жас құрылымның айқын басымдылығын, балалар мен жастардың жоғары үлесін көрсетеді. Мұндай пирамидаға жоғары туу көрсеткіші, өлім-жітімнің төмендеуі және жас буынның үлесінің артуы тән. Демографиялық болжамдарға сәйкес, мұндай құрылым Қазақстан халқының болашақта айтарлықтай өсу әлеуетін көрсетеді және жастардың денсаулығы, білім беру сапасы мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктеріне инвестицияны күшейтуді қажет етеді.

2009 жылғы санақ нәтижелеріндегі маңызды жайт – бірде-бір жас когортасының тұрғындар саны миллион адамға жетпеген. Ал 2021 жылғы санақ екі жыныс бойынша да алғашқы екі жас когортасының миллионнан астам адамнан тұратынын көрсетеді (сурет 2). Бұл өзгерістер соңғы онжылдықта халық санының 3 миллионнан астам адамға артуымен және демографиялық пирамиданың айтарлықтай жасаруымен сипатталады.



Сурет 2 – Халықтың жастық-жыныстық құрылымы

Өңірлік деңгейде Қазақстанның барлық облыстарында урбандалу қарқынының жаппай артқаны байқалады. Қала халқының ең жоғары өсімі Астана қаласында (101,3%), Алматы қаласында (40%) және Шымкент қаласында (52,2%) тіркелген. Астана қаласы ең елеулі өсім көрсетіп, екі санақ арасындағы кезеңде халқы екі еседен астам ұлғайған. Урбандалудың өңірлік құрылымында Атырау облысы көш бастап тұр – қала халқының өсімі 39,9%, одан кейін Батыс Қазақстан (36,6%) және Маңғыстау облысы (34,7%). Ең төмен өсім Павлодар (5,7%), Шығыс Қазақстан (5,6%) және Қарағанды (4,4%) облыстарында тіркелді.

Қазақстан Республикасындағы жастардың тілдік сәйкестігі мен көптілділігіне жасалған талдау Халық санағы деректеріне негізделді. 2009 және 2021 жылдардағы санақ нәтижелерін өзара салыстыру қазіргі қазақстандық қоғамдағы тілдік үдерістердің динамикасын, көптілді ортаның қалыптасуын және жастардың тілдік жүріс-тұрысының өзгерістерін кешенді бағалауға

мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, демографиялық факторларды тілдік сәйкестілікпен сабақтастыра қарастыру зерттеудің өзектілігін күшейтеді.



Сурет 3 – Халықтың ұлттық құрамы



Сурет 4 – 2021 жылғы санақ мәліметтері бойынша мемлекеттік тілді меңгерген 5 және одан жоғары жастағы халық (%)

Нәтижесінде келесідей мәселелерді бағалауға мүмкіндік туды:

- қазақ немесе орыс тілдерінің тасымалдаушылары ретінде өзін сәйкестендіретін жастардың үлесі;
- алдыңғы халық санақпен салыстырғанда тілдік сәйкестіліктің өзгеру динамикасы;
- жастардың көптілділігінің сандық көрсеткіштері.

Талдау жүргізу үшін келесі бірнеше әдіс қолданылды. Біріншісі – статистикалық талдау. Жалпы нәтижелердің ішінен жастарға қатысты мәліметтер жинақталып, сараланды. Екіншісі – салыстырмалы талдау. Өзгерістердің трендтері мен динамикасын анықтау үшін 2021 жылғы халық санағы мәліметтерін алдыңғы санақ деректерімен салыстыру.

Зерттеу нәтижесінде мынадай нәтижелер алынды: Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі жастар арасында басым тіл анықталды; жастар арасындағы қостілділіктің/көптілділіктің деңгейі бағаланды; тілдік сәйкестілік пен көптілділіктің уақыт өте келе өзгеру динамикасы талданды.

Зерттеу нәтижелері келесі бағыттарда қолданылуы мүмкін: тілдерді, әсіресе қазақ тілін сақтау мен дамытуға бағытталған тіл саясатын әзірлеу; жастардың тілдік қажеттіліктерін ескеретін білім беру бағдарламаларын оңтайландыру; тілдік сәйкестілікті тереңірек түсіну үшін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жүргізу.

Қазақстан Республикасындағы жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігін Халық санағының мәліметтері негізінде талдаудың өзіндік шектеулері де бар. Олар: субъективтілік, яғни тілдік сәйкестілікті таңдау әртүрлі факторларға, оның ішінде әлеуметтік қолайлылық пен жеке нанымдарға байланысты болуы мүмкін; уақыт айырмашылығы, халық санағы мен қазіргі уақыт арасындағы тілдік жағдайдың өзгеруі (жаһандану ықпалы мен технологиялардың өте қарқынды дамуының әсерінен қоғамдағы өзгерістер өте жылдам орын алып жатыр); мәліметтердің шектеулілігі, яғни тілдік сәйкестіліктің барлық аспектілері халық санағының мәліметтерінде толық камтылмауы мүмкін. Тілдерді білу деңгейі де субъективті бағалануы мүмкін.

Сондықтан келесі зерттеулерде және диссертациямыздың келесі бөлімінде мына мәселелерге тереңірек тоқталу керек екенін айтып өту керек. Жастардың тілдік сәйкестігін тереңірек түсіну үшін келесі зерттеулер қажет: тілдік сәйкестілікті таңдаудың себептерін анықтау үшін сапалық зерттеулер (сұхбат, фокус-топтар); жастардың әртүрлі коммуникативтік жағдайларда тілдік мінез-құлқын лингвистикалық талдау; тілдік сәйкестіліктің басқа сәйкестілік аспектілерімен (этникалық, азаматтық) байланысын зерттеу үшін әлеуметтанулық-мәдени талдау.

2021 жылғы Халық санағының мәліметтерін талдау Қазақстан жастарының тілдік сәйкестілігі және көптілділігі туралы құнды ақпарат алуға және елдегі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Сонымен, жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігіне статистикалық сипаттама беру үшін ҚР халқының ұлттық санағының қорытындыларына жүгінеміз.

2021 жылғы Халық санағының мәліметтеріне сәйкес, «ұлты мен ана тілі бойынша халық» тармағына тоқталатын болсақ, 13 497 891 респонденттің ұлты – қазақ болса, олардың 13 380 107-сі, яғни 99,1 %-ы ана тілі ретінде қазақ тілін көрсетсе, 0,9%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Орыстар саны 2 981 946, олардың 2 853 224-і, яғни 95,7%-ы ана тілі ретінде орыс тілін көрсетсе, 4,3%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Өзбек ұлтының 95,0%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде тандаса, 5,0%-ы өзге тілді таңдаған. Украиндардың 19,9%-ы украин тілін тандаса, 80,1%-ы басқа ұлт тілін көрсеткен. Ұйғырлардың 85,2%-ы ұйғыр тілін ана тілі ретінде көрсетсе, 14,8%-ы басқа ұлт тілін таңдап отыр. Татарлардың 59,1%-ы татар тілін көрсетсе, 40,9%-ы басқа тілді көрсеткен. Немістердің 34,2%-ы неміс тілін тандаса, 65,8%-ы басқа ұлт тілін көрсеткен. Кәрістердің 41,6%-ы кәріс тілін тандаса, 58,4%-ы өзге тілді ана тілі ретінде көрсеткен. Түріктердің 84,2%-ы түрік тілін тандаса, 15,8%-ы басқа ұлт тілін көрсеткен. Әзірбайжандардың 74,5%-ы әзірбайжан тілін тандаса, 25,5%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Белорустардың 55,3%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде тандаса, 44,7%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Дүнгендердің 94,0%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде тандаса, 6,0%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Күрт ұлтының 87,2%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде тандаса, 12,8%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Тәжіктердің 92,2%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде тандаса, 7,8%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Поляктардың

21,9%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде таңдаса, 78,1%-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Шешендердің 78,8%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде таңдаса, 21,2 %-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Қырғыздардың 76,8%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде таңдаса, 23,2 %-ы басқа ұлт тілін таңдаған. Басқа ұлттардың 42,3%-ы өз ұлт тілін ана тілі ретінде таңдаса, 57,7 2 %-ы басқа ұлт тілін таңдаған.

Нәтижелерге сүйенетін болсақ ұлттар арасындағы ұлттық сәйкестілік пен тілдік сәйкестілік арақатынасы әртүрлі деңгейде. Қазақ, орыс, өзбек, дүнген, тәжік ұлттары өте жоғары деңгейлі сәйкестілікті көрсетсе, ұйғыр, түрік, күрт, шешен, қырғыз ұлтының ұлттық сәйкестігі мен тілдік сәйкестілігі жоғары деңгейлі сәйкестілікті көрсетсе, әзірбайжан және белорус ұлты орташа деңгейді, украин, татар, неміс, кәріс, поляк және басқа ұлттар сәйкестіліктің төмен деңгейін көрсетіп тұр.

Этникалық, тілдік сана-сезім, тарихи, т.б. факторларды есепке алмағанның өзінде тілдік сәйкестілікке әсер етуші фактор – білім беру саласы екендігі анық. Осы орайда айта өтетін жайт – Қазақстанда қазақ және орыс тілінен бөлек, орта білім тәжік, ұйғыр, өзбек тілдерінде де оқытылытанын ескеру керек. Өз ана тілінде білім алған адамның сол тілмен өзін сәйкестендіруі оңайырақ.

2023-2024 оқу жылында Республикада 7 723 мектепте 3,9 млн оқушы білім алды. Олардың 3700-ден астамы – қазақ тілінде білім беретін мектептер. 2022-2023 оқу жылында мектеп бітірген 172 мың оқушының 120 мыңнан астамы қазақ тілді мектептерде білім алған болса, бұл көрсеткіш 2020-2021 оқу жылында 111 183-ті құрады. 2023-2024 оқу жылында бірінші сыныпқа барған 300 мыңнан аса оқушының 70 пайызға жуығы мемлекеттік тілде оқуды таңдаған.

Кейінгі 30 жыл ішінде елімізге шетелден 1,5 млн-ға жуық қандас оралып, көрсеткіш 70 пайыздан асып отыр. Егер оған қазақ тілін жақсы меңгерген бірқатар түркітілдес халықтардың өкілдерін қосатын болсақ, онда бұл көрсеткіш 80 пайызға жетеді. Ал алдағы уақытта 90 пайыздан асады деп болжанып отыр. Сарапшы мамандар қазақ тілді мектептер санының көбеюін ұлт тұрақтылығының кепілі ретінде қарастырады. Өйткені қазақ сыныптарында оқыған балалар ана тілін меңгерумен қатар халықтың дәстүрлі тәрибесін де қатар меңгереді. Ана тілімен қатар өзге тілдерді меңгерген оқушылар бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына ықпал етеді. Бүгінде елімізде 17 жасқа дейін 6 миллионнан аса бала болса, оның 3,3 миллионын мектеп жасындағылар құрайды. Ал оларға сапалы білім, саламатты орта қалыптастыру – мемлекет алдында тұрған кешенді міндет.

Қазақ мектептерінің рейтингі жоғары екенін ҰБТ, халықаралық, республикалық олимпиадалар нәтижесінен айқын аңғаруға болады. Сонымен қатар сарапшылар қазақ мектептерінде тәрбие беру ісінің де озық екенін алға тартады. Қазақ тілді мектептерге деген сұраныс 2016-2017 жылдарға дейін жақсы көрсеткішпен ерекшеленген. Дегенмен кейбір деректер қазақ мектептерінің саны 2011-2016 жылдары аралығында 17 пайызға азайып кеткенін растайды. Ірі қалаларда жаңадан қазақ мектептері ашылып

жатқанымен, халық көшіп кеткен шағын ауылдарда бала санының азаюына байланысты мектептер жабылған.

Кеңестік кезеңде рухани сала түбегейлі өзгеріске ұшырады. 1990 жылы Қазақ КСР Халыққа білім беру министрі Ш. Шаяхметов елімізде 1960-1986 жылдары 500-ден аса қазақ мектебі негізсіз жабылған десе, тарихшы ғалым Х. Әбжановтың деректері бойынша 1 314 қазақ мектебі жабылған. Мамандар тың көтерілген жылдардан бастап ел тәуелсіздігіне қол жеткізгенге дейін көптеген қалада бірде-бір қазақ мектебі, тіпті қазақ сыныбы болмағанын алға тартады.

Қазақ мектептерінің тағдыры қай кезеңде де қоғамды толғандырып келді. Кеңес тұсында Алматы қаласының өзінде жалғыз №12 қазақ мектебі қалғаны белгілі. Осы кезде Шона Смаханұлы бастаған зиялы қауым аталған мәселені мемлекеттік деңгейдегі мәселе етіп көтеріп, Алматы қаласында қазақ мектептерінің ашылуына мұрындық болды. «Мектепке кеңес» қоғамдық кеңесі 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінің ізін ала, 1987 жылы құрылып, оның мүшелері үй-үйді аралап, ата-аналардан қол жинады, қазақ отбасыларын үгіттеді. Осылайша, қазақ мектептерінің жаппай ашылуына ықпал етті.

1989-1990 оқу жылдарында еліміздегі қазақ мектептерінде 1 мыңға жуық оқушы білім алды. Тиісті сала дерегіне сүйенсек, тәуелсіздік жылдары қазақ тілінде оқытатын 965 мектеп іске қосылып, жалпы саны 3 733-ке жеткен. Бұл – жалпы мектептердің 54 пайызына тең. 1991 жылы қазақ мектептерінің саны 2 768 болатын. Мектеп жасындағы ұлты қазақ балалардың саны – 2 568 068-ді құраса, олардың 2 173 141-і қазақ тілінде білім алған.

Осы орайда еліміз аймақтарындағы орын тапшылығын жойып, заманауи мектептермен қамтамасыз ету бірінші кезекте тұр. Бұл бағытта мемлекет тарапынан «Жайлы мектеп» жобасы қабылданып 400-ге жуық мектеп салынып, 800 мыңдай оқушы орнымен қамтамасыз етіліп жоспарланған. Жаңа мектептер 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 орынға арналатын болады. Жоба нәтижесін беретін болса орын тапшылығы, апатты мектептер, үш ауысымды мектептер мәселесі шешіледі. Болжамға сәйкес, 2026 жылға қарай елімізде 1,2 млн оқушы орындарына тапшылық байқалатын болады.

Жаңа тұрпатты мектептер заман ағымына сай жарақталып, сапалы интернет, білікті кадрлармен қамтамасыз етілуге тиіс. Алайда сарапшылар ұлттық жоба аясында еліміздегі мектептер тапшылығы азаймайды деген пікірде. Өйткені демографиялық, миграциялық ахуалды басшылыққа алғанда, өңірлерді жайлы мектеппен қамтамасыз ету ісінде жүйелі сараптама жасалмай отыр.

Ал ұлттық мектептерді дамыту ісінде еліміздің ішкі ахуалын, халықаралық кеңістіктегі ықпалдастығын негізге ала отырып, білім бағдарламаларының, оқулықтардың сапасын жақсарту, білікті мамандардың әлеуетін көтеру, жаңа технологияларды меңгеруге қатысты кешенді қадамдарды басшылыққа алу маңызды.

Қала халқының көбеюі әлем бойынша жүріп жатқан тенденция. Қазақстан да осы қатарда. Қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткен қалада тұратын қазақтардың үлесі 99%, ал ауылда тұратын қазақтардың үлесі 99,3%, ауыл

тұрғындарында сәйкестілік деңгейі сәл де болса жоғарырақ. Ұлттық құрамда титулды ұлттан бөлек, үлес салмағы басым орыстарды қарастырсақ, олардың да көрсеткіші сондай: қала халқының 95,5%-ы, ауыл халқының 96,4%-ы орыс тілін ана тілі ретінде белгілеп отыр. Қалалық коммуникацияда екі тілдің де қолданыс аясы кеңірек деп болжауға болады. Сондықтан бірнеше тілді қолданушылар тілдік сәйкестілігін анықтауда ұлттық сәйкестіліктен бөлек факторларға басымдық беруі мүмкін.

Ұлттық санақтың «ұлттар бойынша тілдерді меңгерудің саны» тармағына тоқталатын болсақ. Барлық халық саны 17 194 712 болса, оның ішінде біртілділер саны – 4 205 514, екітілділер – 7 727 082, үш тілді меңгергендер саны – 4 923 864, төрт тілді меңгергендер саны – 292 858, бес тілді мергендер саны – 32 969, алты тілді меңгергендер саны – 8 845, жеті және одан да көп тілді меңгергендер саны – 3 580. Тілдердің көптігі елдегі тілдік сәйкестіліктің қалыптасуының күрделі үдеріс екенін көрсетеді. Өйткені, адам неғұрлым көбірек тіл білсе, соғұрлым тілді таңдауда, тілге қатынас танытуда, тілмен өзін сәйкестендіруде қиналады. Ғалымдар ондай үдерісті «тілдік сәйкестілік дағдарысы» ұғымымен сипаттайды.

Тілдік сәйкестілік мәселесі тілдік жағдаяттағы тілдердің санының артуы, олардың функцияларының кеңеюі/тарылуы, өзгеруіне байланысты екені анық.

«Қостілділік, көптілділік – әртүлі этносқа жататын адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында есте жоқ ескі замандардан келе жатқан әлеуметтік құбылыс» [1, б.124].

Қазір жер шарын мекендеген халықтардың 70 пайыздайы екі, не одан да көп тілдерді әртүрлі деңгейде меңгерген. Өйткені қазір біз өмір сүріп отырған жаһандану дәуірі – шекараларды жоққа шығаратын цифрлық кезең, көп тілде сөйлейтін заман.

Қазақстандағы көптілділіктің негізі – қостілділік (қазақ және орыс тілдері), ал қостілділік негізі – Кеңес одағы кезеңіндегі орыстандыру саясаты. Сондықтан посткеңестік елдердегі қостілділік, көптілділік тақырыптарына арналған зерттеулердің басым көпшілігі орыс тіліне қатысты.

Посткеңестік елдердегі тілдік жағдаят күрделі, әрі жан-жақты талдауды қажет етеді. Аталмыш мемлекеттерде орыс тілінің мәртебесі және практикалық қолданыс деңгейі әртүрлі. Мәселен, Қазақстан, Қырғызстан және Белорусь елдерінде орыс тілі – мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын ресми тіл, ал Прибалтика елдерінде ресми мәртебесі жоқ және қолданыс аясы да тарылып келеді [100, б. 56]. Грузия, Армения елдерінің білім беру және БАҚ салаларында мәдени рөлі айқын көрінсе [101, б. 19], [102, б. 475], Украинада 2019 жылы қабылданған Тіл заңы орыс тілінің мемлекеттік мекемелерде қолданылуына шектеу қойды [103].

Н.Ә. Алдабек пен А.А. Масимбаева көптілділіктің қалыптасуына ықпал ететін бірқатар әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторларды атап көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, көптілділік көбінесе баланың ауызекі сөйлеу тілі дамитын ерте кезеңдерінде қалыптасады: отбасында ана тілінде

тәрбиеленген бала балабақша, мектеп, аула сияқты көптілді ортада басқа тілдерді табиғи жолмен меңгереді. Сонымен қатар интернационалдық некенің де көптілді тұлғаның қалыптасуына оң әсерін тигізетіні айтылады. Қазіргі жаһандану жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары, интернет, компьютерлік бағдарламалар мен ойын контенттері де көптілділік құбылысының кеңеюіне ықпал етіп отырған маңызды факторлар қатарына жатады [104, б. 141].

К. Стасевич те көптілділіктің мотивациялық және когнитивтік қырларын атай отырып, жастардың көптілді болуға ұмтылысын олардың экономикалық және әлеуметтік артықшылықтарға қол жеткізу ниетімен байланыстырады. Автордың пайымдауынша, шетелдік сапарлар, халықаралық ортада қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері дүниетанымды кеңейтеді және жастарды бірнеше тілді игеруге ынталандырады. Зерттеулер нәтижелері көптілді тұлғалардың когнитивтік қабілеттері жоғары болатынын – ойды жылдам жинақтап айту, ақпаратты тез құрылымдау және маңыздыларын ажырата білу қабілеттері басқаларға қарағанда жақсы дамитынын көрсетеді. Мұның себебі көптілді адамдардың бір тілдік жүйеден екінші тілдік жүйеге ауысу барысында миының ақпаратты жедел сұрыптауға дағдылануы болып табылатынын автор атап өтеді [105].

Ұлттың тілі иеленушілерінің мәдениетімен, әлемді тану дағдысымен, дүниетанымдық көзқарасымен біте қайнасқан формада қалыптасады. Өзге тілді толық таңдау аталмыш ұстанымдардың да өзгеруіне әкеледі. Өзін белгілі ұлтпен сәйкестендіретін әлеуметтік топ мүшелері үшін өзге тілді таңдау көп қиындықтар мен кедергілер туындатады. Сондықтан аталмыш үдеріс саналы түрде жүзеге асады [106, б. 202].

«Жекелеген ұлттар бойынша тілдерді меңгеру» тармағына тоқталайық. Қазақтардың 99,6%-ы қазақ тілін меңгергенмін деп белгілеген. Орыс тілін меңгерген қазақтар үлесі – 79,5%, ағылшын тілі – 39,7%. Мемлекеттік тіл қазақ тілін меңгерген орыс ұлтының үлесі – 75,1%, орыс тілін 100%-ы білсе, ағылшын тілін білетін орыстар үлесі – 28,1. Қазақ тілін меңгердім деген украиндер үлесі – 23,7%, орыс тілін меңгергендері – 87,5%, ағылшын тілін меңгергендері – 21,8%. Қазақ тілін меңгердім деген өзбектер үлесі – 72,0%, орыс тілін меңгергендері – 86,0%, ағылшын тілін меңгергендері – 17,6%. Қазақ тілін меңгердім деген грузиндер үлесі – 30,7%, орыс тілін меңгергендері – 80,9%, ағылшын тілін меңгергендері – 31,2%. Қазақ тілін меңгердім деген қырғыздар үлесі – 58,5%, орыс тілін меңгергендері – 80,5%, ағылшын тілін меңгергендері – 19,9%. Саны жағынан үлкен топқа жататын ұлттардың ішінде өзбектер қазақ тілін меңгеру бойынша жоғары деңгей көрсетті (72,0%), ең төменгі деңгейді көрсеткен саны жағынан көп ұлттар – орыстар және украиндер. Сәйкесінше, орыс тілінен жоғары деңгей көрсетіп отырған да осы ұлттар.

Осы тармақтың нәтижелерін қорыта айтқанда, халықтың 80,1%-ының қазақ тілін меңгеруі, ең алдымен, қазақ ұлтының демографиялық үлесінің өсуімен тікелей байланысты екендігі байқалады. Бұл көрсеткіш қазақ тілін меңгерудің артуы этникалық қазақтардың сандық өсімімен анықталатынын, ал

өзге этнос өкілдері арасында орыс тілін меңгеру деңгейінің әлі де жоғары болып отырғанын көрсетеді. Демек, қазақ тілін білушілердің жалпы үлесінің ұлғаюы негізінен демографиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіліп отырғаны көрінеді.

«Тілдің эволюциялық динамикасына тілдік саясаттың концепциясы, тілдердің мемлекеттік мәртебесі әсер ететіндігі сөзсіз. Оның дәлелі ретінде еліміздегі қазақ тіліне қатысты жағдайды айта аламыз. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы күн сайын артып, үстемділік сипаты жоғарылап келеді» [106, б. 203].

Алдыңғы Ұлттық санақ қорытындыларымен салыстырғанда оң өзгеріс байқалады. Бірақ нәтижелер өте мардымсыз деуге болады. Динамика қарқынды дамып жатқан әлем үшін өте баяу.

Ағылшын тілін меңгеру деңгейі әр ұлттың 30-40% деп алып, үштілділік, көптілділік саясатының нәтижелілігі ретінде көрсетуге болар еді. Және ағылшын тілін меңгеру экономикалық жағынан тиімді болып есептеледі. «Адамдар қандай да бір жағдайда үстем тілді тандайды, өзі меңгерген тілді «өзіне қажетті деп есептемейді» яғни өзін өзге тіл иеленушісімен сәйкестендіруге талпынады. Бұл жерде әлеуметтік және экономикалық табыс міндеті қойылуы мүмкін. Өйткені қазіргі қажеттілік көбіне әлемдік интеграциямен байланысты қабылданады [106, б. 203].

Алайда 2024 ж. Ағылшын тілді емес 116 ел кірген EF English Proficiency Index (EF EPI) рейтингінде Қазақстан 103-ші орынға ғана табан тіреді. Ел ішінде ағылшын тілін меңгеруден жоғары деңгей көрсеткен Алматы және Астана қалалары, ал ең төмен деңгей Жамбыл және Түркістан облыстарында. Жас ерекшелігі бойынша ең жоғары көрсеткіш – 26-30 жас, ең төмен көрсеткіш – 18-20 жас. Екеуі де жастар категориясына жатады [107]. Көрсетілген нәтижелер тілдік саясат және білім беру салаларының кейбір тілдік бағдарламалары толықтыруды қажет ететінін байқатады.

«Жас топтары бойынша тілдерді меңгеру» тармағына назар аударайық. Бұл жерде жастар категориясы бірнеше топқа бөліп қарастырылған. Олар: 15-19 жас, 20-24 жас, 25-29 жас және 30-34 жас. Осы төрт топ бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің үлесіне тоқталайық.

15-19 жас бойынша: қазақ тілін меңгергендер үлесі – 86,2%, орыс тілін меңгергендер үлесі – 100%, ағылшын тілін меңгергендер үлесі – 76,8%.

20-24 жас бойынша: қазақ тілін меңгергендер үлесі – 85,3%, орыс тілін меңгергендер үлесі – 100%, ағылшын тілін меңгергендер үлесі – 81,1%.

25-29 жас бойынша: қазақ тілін меңгергендер үлесі – 85,6%, орыс тілін меңгергендер үлесі – 100%, ағылшын тілін меңгергендер үлесі – 82,6%.

30-34 жас бойынша: қазақ тілін меңгергендер үлесі – 82,4%, орыс тілін меңгергендер үлесі – 88,4%, ағылшын тілін меңгергендер үлесі – 23,4%.

Жастар арасында қазақ және орыс тілдерінің үлесі жоғары екені анық көрініп тұр. Әсіресе, алғашқы үш топта орыс тілін меңгергендер үлесі 100%. Ағылшын тілінің деңгейі де айтарлықтай жоғары. Тек соңғы топта ғана өте

төмен. Қорыта айтқанда, санақ қорытындысы бойынша жастардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерімен сәйкестендіру деңгейлері жоғары.

2009 және 2021 жылдардағы санақ қорытындыларын салыстыру арқылы тілдік сәйкестіліктің өзгеру динамикасына тоқталайық.

2009 жылмен салыстырғанда қазақ тілін меңгерген қазақтар саны 98,3%-дан 99,6%-ы артқан, ал орыс тілін меңгергендер саны 83,51%-дан 79,5%-ға төмендеген, ағылшын тілін меңгергендер үлесі 17,5%-дан 39,7%-ға артқан.

Мемлекеттік тіл қазақ тілін меңгерген орыс ұлтының үлесі – 25,3%-дан 75,1%-ке артқан, орыс тілін білетіндері 98,4%-дан 100%-ға артқан, ағылшын тілін білетін орыстар үлесі 12,6%-дан 28,1%-ға жеткен.

Қазақ тілін меңгердім деген украиндер үлесі 21,5%-дан 23,7%-ға артқан, орыс тілін меңгергендер үлесі 98,9%-дан 87,5%-ға төмендеген, ағылшын тілін меңгергендер үлесі 8%-дан 21,8%-ға артқан.

Қазақ тілін меңгердім деген өзбектер үлесі 95,5%-дан 72,0%-ға төмендеген, орыс тілін меңгергендері – 92,9%-дан 86,0%-ға төмендеген, ағылшын тілін меңгергендері – 10,7%-дан 17,6%-ға артқан.

Қазақ тілін меңгердім деген қырғыздар үлесі 92,7%-дан 58,5%-ға төмендеген, орыс тілін меңгергендер үлесі 92,5%-дан 80,5%-ға төмендеген, ағылшын тілін меңгергендер үлесі 11%-дан 19,9%-ға артқан.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгергендер үлесі жалпы халық бойынша артып келеді, ішінара түркі тілдес халықтардың (өзбек, қырғыз) арасында мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі аз ғана төмендеген; орыс ұлтынан басқа ұлттарда орыс тілін меңгеру көрсеткіші төмендегені байқалады. Орыс ұлтының қазақ, орыс, ағылшын тілімен сәйкестілік деңгейлері артты деуге негіз бар. Ағылшын тілін меңгеру бойынша барлық ұлттарда алға жылжу үрдісі байқалады.

Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы мәліметтерін негізге ала отырып жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігін талдау – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік лингвистикалық үрдістерді зерттеудің маңызды әдістемелік қадамдарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері жастар арасындағы тілдік сәйкестілік пен тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік, демографиялық, білім беру және тарихи факторлардың кешенді ықпалын айқындауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген салыстырмалы-статистикалық талдау негізінде бірқатар тұжырымдар ұсынылды. Біріншіден, жастар арасында қазақ және орыс тілдерін меңгеру деңгейінің жоғары екендігі байқалды, бұл еліміздегі қостілділік құбылысының тұрақтылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеру көрсеткішінің артуы жаһандану жағдайында жастардың халықаралық тілдік кеңістікке бейімделу деңгейін көрсетеді.

Екіншіден, жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігіне олардың тұрғылықты жері (қала/ауыл), ұлты, білім беру тілі, тарихи-мәдени факторлар мен мемлекеттік тіл саясаты тікелей әсер ететіні анықталды. Қала мен ауыл жастарының тілдік сәйкестілік деңгейіндегі айырмашылықтар тілдік ортаның ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Үшіншіден, 2009 және 2021 жылдардағы халық санағы нәтижелерін салыстыру арқылы тілдік сәйкестіліктің өзгеру динамикасы бағаланды. Қазақ тілін меңгеру көрсеткішінің біртіндеп артуы байқалса, кейбір этностар арасында бұл көрсеткіштің төмендегені білім беру жүйесіндегі тілдік саясаттың пәрменділігіне байланысты мәселелерді көтереді. Орыс тілін меңгеру көрсеткішінің төмендеуі және ағылшын тілін меңгеру деңгейінің артуы тілдік кеңістіктегі басымдықтардың өзгеріп жатқанын көрсетеді.

Төртіншіден, халық санағы деректері көптілділік құбылысының кең таралғанын және жастардың бірден бірнеше тілмен өзін сәйкестендіру үрдісінің белсенділігін көрсетті. Алайда, көптілділік жағдайында тілдік сәйкестілік дағдарысы, яғни тұлғаның қай тілді басты сәйкестілік ретінде қабылдайтынына қатысты ішкі қайшылықтардың туындау ықтималдығы жоғары екені де ескерілуі қажет.

Аталған зерттеу нәтижелері келешекте жастардың тілдік бейнесін тереңірек сипаттау, тілдік сәйкестілік пен көптілділіктің мотивациялық негіздерін анықтау, сондай-ақ тілдік сәйкестіліктің этникалық, азаматтық және мәдени өлшемдермен өзара байланысын анықтауға бағытталған сапалық зерттеулер жүргізу қажеттігін негіздейді.

2.2 Жастар арасындағы тілдік сәйкестілік және Гринберг көптілділік индексі

Билингв тұлғалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыру барысында мұндай балалардың қоғам үшін ерекше құнды ресурсқа ие екені анықталды. М.В. Попова тұжырымдауынша, екі немесе көп тілде еркін сөйлейтін адамдар қоғамда бірегей «көпір» рөлін атқарады, өйткені олар өз дүниетанымдарын екі түрлі мәдениетті ұштастыра отырып құрастырады. Сондықтан да билингв және полилингв балаларға әлемге ашықтық, әртүрлі мәдениеттерден шыққан адамдарға деген қызығушылық, достық қарым-қатынас және басқаларға көмектесуге дайындық сияқты қасиеттер тән болады [108, б. 56].

Билингв тұлғалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыру барысында мұндай балалардың қоғам үшін ерекше құнды ресурсқа ие екені анықталды. Екі немесе көп тілде еркін сөйлейтін адамдар қоғамда бірегей «көпір» рөлін атқарады, өйткені олар өз дүниетанымдарын екі түрлі мәдениетті ұштастыра отырып құрастырады. Сондықтан да билингв және полилингв балаларға әлемге ашықтық, әртүрлі мәдениеттерден шыққан адамдарға деген қызығушылық, достық қарым-қатынас және басқаларға көмектесуге дайындық сияқты қасиеттер тән болады.

Осы контексте мемлекеттердің ұлттық стратегиялары қоғамдағы тілдік әртүрлілікті мәселе ретінде емес, құнды ресурс ретінде қабылдауға бағытталуы тиіс. Алайда көптеген елдердің мемлекеттік тіл саясаты көптілділік феноменінің және этникалық азшылықтар арасындағы көптілді азаматтардың әлеуетін жеткілікті түрде ескермейді, көбіне тек мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырумен шектеледі.

Қазақстанның көпэтносты әрі көптілді қоғамында жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейін бағалау – тілдік саясат пен білім беру стратегияларын тиімді жоспарлау үшін маңызды. Қоғамдағы тілдер саны артқан сайын тілдік сәйкестілік те күрделене түсетіні түсінікті. Сол себепті зерттеуімізде Қазақстан жастарының арасында таралған көптілділік деңгейін анықтап, оның тілдік сәйкестілікпен корреляциясын шығаруға талпындық.

Зерттеуімізде аймақтық көптілділік деңгейін Джозеф Гринбергтің лингвистикалық әртүрлілік индексі [109, б. 204-214] арқылы бағалаймыз.

Бұл талдау Астана (Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті), Петропавл (М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті), Шымкент (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті), Ақтөбе (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық университеті) және Өскемен (С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті) қалаларындағы орындарының 1-курсындағы 500 студенттің (әр қалада 100 респонденттен) арасында 2024 жылдың қазан айында жүргізілген сауалнама (қосымша Ә) нәтижелеріне негізделеді. Респонденттердің жасы негізінен 17-19 жас аралығында (орташа ~18 жас). Жыныстық құрамына келсек, әйел студенттер саны ерлерге қарағанда сәл көбірек – шамамен 55% әйел, 45% ер.

Оқу тілі бойынша: 65% - қазақ тілінде, 35% - орыс тілінде.

Ұлттық құрам бойынша қарастырсақ, сауалнамаға қатысқан студенттердің басым бөлігі қазақтар (83,6%), екінші орында орыстар (9,6%), ал қалған 6,8% өзге этностардан құралды (өзбектер, немістер, украиндар, татарлар, кәрістер және т.б.).

Кесте 2 – Қалалар бойынша әр ұлт өкілдерінің саны

Ұлт/қала	Астана	Петропавл	Шымкент	Ақтөбе	Өскемен
Қазақ	81	78	90	85	84
Орыс	12	15	2	7	12
Өзбек	1		4	1	
Украин	1	2		2	1
Неміс	2	1	1	1	
Татар			1		1
Кәріс	1			1	
Басқа	2	3	2	2	2


Кесте 3 – Әр ұлт өкілдерінің ана тілін таңдауы

Ұлт/тілдер	Ұлт тілі	Қазақ немесе орыс тілі	Екі ана тілі
Қазақ (418)	397	орыс тілі - 5	қазақ және орыс тілі - 16
Орыс (48)	46		орыс және қазақ тілі - 2
Өзбек (6)	4	қазақ тілі - 1	өзбек және қазақ тілі - 1
Украин (6)	4	орыс тілі - 1	украин және орыс тілі - 1
Неміс (6)	3	орыс тілі - 2	неміс және қазақ тілі - 1

Татар (3)	2	қазақ тілі - 1	
Кәріс (2)		қазақ тілі - 1, орыс тілі – 1	
Басқа (11)	11		

Студенттердің туған жерлері мен қазіргі тұратын мекенжайлары әртүрлі аймақтардан келгендігін көрсетті. Әсіресе, Астанада сауалнамаға қатысушылардың шамамен 30%-ы астаналық тумалар болса, 70%-ы өзге облыстардан келген студенттер болды. Өңірлік қалаларда (Петропавл, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен) студенттердің басым бөлігі сол өңірдің өзінен шыққан. Мысалы: Шымкентте студенттердің шамамен 80%-ы Оңтүстік Қазақстан өңірінен; Петропавлда студенттердің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан облысының тумасы; Өскеменде және Ақтөбеде де өз облыстарының студенттері басым (кесте 2).

Студенттердің басым бөлігі (80%) ана тілі ретінде қазақ тілін көрсеткен. Бұл Қазақстандағы мемлекеттік тілдің және ұлттық сәйкестіліктің жастар арасында жоғары деңгейде сақталғанын дәлелдейді. Респонденттердің 11 %-ы орыс тілін ана тілі ретінде атаған. Бұл көрсеткіш Қазақстанның көпұлтты, көптілді әлеуметтік құрылымын бейнелейді. 4,8 %-ға жуық студент өз ұлтының тілін (өзбек, татар, ұйғыр, неміс, т.б.) ана тілі ретінде көрсеткен (сурет 5). Бұл үлес Қазақстандағы этникалық азшылықтардың да ана тілдік сәйкестігін сақтап отырғанын білдіреді. Сонымен қатар, респонденттердің шамамен 4,2%-ы екі ана тілі көрсетті. Бұл жастар арасында ішінара көптілді сәйкестіліктің бар екенін аңғартады.



Сурет 5 – Респонденттердің ана тілі бойынша үлесі

Тілдік құзыреттілік деңгейі (сұрақтар 9-11) бойынша сұрақтарға жауаптар келесідей. Қатысушылардың көпшілігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде

әртүрлі деңгейде сөйлей алатынын көрсетті. Орташа бағалау нәтижелері кестеде көрсетілген (кесте 4).

Респонденттердің ~90 %-ы қазақ тілінде өздерін сенімді сезінсе, орыс тілінде бұл көрсеткіш ~85 %-ды құрады. Ағылшын тілінде сенімділік деңгейі біршама төмен: тек шамамен 20 %-ы ағылшын тілінде еркін сөйлей алатынын көрсетті. Бұл мәліметтер қазіргі жастар арасында қазақ және орыс тілдерінің негізгі коммуникациялық құрал екенін, ал ағылшын тілінің рөлі артып келе жатқан қосымша тіл екенін білдіреді.

Кесте 4 – Студент жастардың тілдік құзыреттілік көрсеткіші

Тіл	Тыңдап түсіну	Ауызша сөйлеу	Оқу	Жазу
Қазақ тілі	4,6	4,5	4,7	4,4
Орыс тілі	4,3	4,2	4,4	4,0
Ағылшын тілі	3,5	3,2	3,7	3,1

Күнделікті өмірде қолданылатын тілдерге қатысты алынған нәтижелер (12–16 сұрақтар) жастардың көпшілігінің бірден бірнеше тілді қатар қолданатынын көрсетті.

Үйдегі негізгі тіл туралы сұрақтың нәтижесінде респонденттердің шамамен 72 %-ында ата-анасы үйде тек қазақ тілінде сөйлескен, 16 %-ында тек орыс тілінде, ал 10%-ында аралас екі тілде (қазақша-орысша) сөйлескен. Тағы 2 %-дайы үйінде өзге тілдерді (өзбек, татар т.б. тілдері) қолданғанын көрсетті.

Достарымен сөйлесу тілінде: қазақ тілін – 68 %, орыс тілін – 28 %, ағылшын тілін – 4 % респондент таңдады. Бұл көрсеткіштер қазіргі қазақ жастарының күнделікті коммуникациясында қазақ және орыс тілдері негізгі орын алатынын, ағылшын тілі қосалқы рөл атқара бастағанын аңғартады.

Аймақтар бойынша күнделікті тілдік ортада айқын айырмашылықтар байқалады. Мәселен, Шымкентте респонденттердің 90 %-дан астамы үйде де, достарымен де көбіне қазақша сөйлесетінін айтқан.

Петропавлда керісінше, студенттердің ~60 %-ы отбасында орыс тілін қолданады, достарымен де басым көпшілігі орысша сөйлеседі. Өскемен қаласында да орысша сөйлесушілер үлесі едәуір жоғары. Ал Астана және Ақтөбе қалаларында аралас үрдіс байқалады: қазақ және орыс тілдерінің күнделікті қолданыс үлесі теңгерімдірек (астаналық студенттер жиі екі тілді ортаға бейім, қазақша да, орысша да еркін ауыса береді).

Әлеуметтік желіде Шымкенттен қатысқан жастардың көбісі жазбаларын қазақша жүргізсе, Петропавлдан қатысушылар орысша контентке көбірек бейім. Бұл аймақтық тілдік ортаның әсерін көрсетеді – оңтүстікте қазақтілді орта үстем болса, солтүстікте орыстілді орта ықпалы күштірек екені байқалады.

Жастар белсенді қолданатын әлеуметтік желілерде тіл таңдау үлгісі ерекше болды: қазақ тілінде жазатындар – 55 %, орыс тілінде – 35 %, ағылшын тілінде – 5 %, бірнеше тілде – 5 %.

Медиа-контент тұтыну тілінде де қазақ (50 %) және орыс (40 %) тілдерінің үлесі басым, ал ағылшын тілінің үлесі – 10 % шамасында. Бұл көрсеткіштер қазақ жастарының цифрлық ортада қазақ және орыс тілдерін қатар қолданатынын, ағылшын тілінің академиялық және технологиялық салаларда ғана күш алып келе жатқанын айғақтайды.

Тілді меңгеру деңгейі туралы (сұрақтар 8-10) бойынша респонденттер қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу деңгейін 1-ден 5-ке дейін бағалады. Нәтижелер көрсеткендей, студенттердің көпшілігі мемлекеттік тіл мен орыс тілін белгілі бір дәрежеде меңгерген, ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі салыстырмалы түрде төмендеу.

Қазақ тілі бойынша орташа баға ~4.0 болды. Респонденттердің ~55 %-ы қазақ тілін еркін меңгергенмін (5) деп бағалады, тағы 20 %-ы 4 деңгей (жақсы білемін) деп көрсетті. Яғни үштен екі бөлігі мемлекеттік тілді жақсы меңгерген. Олардың қатарында тек этникалық қазақтар ғана емес, қазақ тілін мектепте үйренген өзге ұлт жастары да бар.

Сауалнамаға қатысқан басқа этнос өкілдерінің ішінен қазақ тілін мүлде білмеймін (1) не төмен деңгейде (2) деп белгілегендер бар, жалпы барлық респонденттердің ~15 %-ы ғана қазақша нашар біледі (көбіне солтүстік, шығыс аймақ жастары).

Орыс тілі бойынша орташа баға сәл жоғары – ~4.3 шамасында. Респонденттердің ~70 %-ы орыс тілін 4 немесе 5 деңгейде меңгергенін көрсетті (соның ішінде 50%-дан астамы еркін біледі). Бұл түсінікті, өйткені көптеген қазақ жастары орыс тілінде мектептен білім алған немесе күнделікті өмірде көп қолданады, ал орыс ұлтының студенттері өз ана тілін жетік меңгергені анық.

Орыс тілін нашар білетіндер өте аз – жалпы шамамен 10 % (көбінесе ауылдық жерден келген қазақтілді жастар). Бұл жерде шығатын қорытынды, қазақ және орыс тілдерін екі тілде қатар меңгерген жастар үлесі жоғары: бұл екі тіл бойынша өзін жетік сөйлеуші санайтындар үлесі біршама жоғары.


Ағылшын тілі бойынша орташа бағалау ~2.8. Тек 5 %-ға жуық студент ағылшынды еркін меңгерген (5) деп көрсетсе, қосымша 15 %-ы 4 деңгейде (жақсы меңгерген) екенін айтты.

Үлкен бөлігі ~40 % ағылшын тілін орташа деңгейде (3) білетінін көрсетті, ал қалған 40 %-ға жуығы (әрбір бесінші – 2, тағы бесінші – 1) базалық не өте төмен деңгейде ғана меңгерген. Яғни, ағылшын тілінде еркін сөйлей алатын студенттер азшылық екенін көреміз; көпшілігі үшін ағылшын – жаңа үйреніп жатқан шет тілі деңгейінде. Бұл нәтиже күтілетін жағдай: Қазақстан жастары арасында ағылшын тілі кең таралғанымен, оны ана тілі немесе екінші тіл дәрежесінде білетіндер саны аз.

Респонденттердің бір бөлігі сұрақта көрсетілген үш тілден бөлек өзбек, татар, ұйғыр, түрік, корей сияқты тілдерін 3-4 деңгейде білетінін жазған. Дегенмен, мұндай жауаптар үлесі өте аз және көбінесе қосымша ақпарат ретінде қарастырылды. Негізгі талдау үш тілге (қазақ, орыс, ағылшын) шоғырланды.

Диаграммада (сурет 6) көрінгендей, Астана қаласы студенттерінің басым бөлігі екі тілде (67 %) сөйлей алатынын көрсетті, ал үш тіл білетіндердің үлесі – 28 %, бір тіл білетіндер небәрі – 5 % ғана. Бұл Астанадағы тілдік ортаның көптілділікке бағытталғанын және ағылшын тілін меңгеруге ұмтылудың жоғары екенін көрсетеді.

Петропавл қаласында екі тіл білетіндер үлесі ең жоғары деңгейде – 69 %. Бір тілмен шектелетіндер 13 %-ды құраса, үш тіл меңгергендер – 18 %. Бұл көрсеткіш Петропавлдағы қазақ-орыс қостілділік дәстүрінің басымдығын айқындайды.



Сурет 6 – Әр қаладағы студенттердің білетін тіл санының үлесі (%).

Шымкент қаласында екі тіл білетіндердің үлесі – 60 %, бұл оңтүстік өңірде қазақ және орыс тілдерінің бірлескен қолданысына тән жағдай. Сонымен қатар, үш тіл білетін студенттердің үлесі – 25 %, ал бір тілде сөйлейтіндер 15 %-ды құрады, бұл қалада үштілділіктің біртіндеп дамып келе жатқанын көрсетеді.

Ақтөбе қаласында екі тіл білетіндер 71 %-ды құрады, бұл ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Үш тіл білетін студенттердің үлесі 21 %, ал бір тілмен шектелгендер 8 %. Бұл Ақтөбедегі студенттер арасында екітілділік басымдығын және ағылшын тілін меңгеру үрдісінің белгілі бір деңгейде жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Өскемен қаласында екі тіл білетіндер үлесі 72 %-ды құрады – бұл зерттелген қалалар арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Бір тіл білетіндер 12 %-ды, ал үш тіл меңгергендер тек 16 %-ды құрады. Бұл Өскеменде екі тілде (негізінен қазақ және орыс тілдерінде) сөйлеу кеңінен таралғанын көрсетеді.

Диаграмма студент жастар арасында екітілділік үлесінің жоғары екенін, ал үштілділік деңгейінің қалаға байланысты өзгередінін көрсетеді. Астана мен Шымкент қалаларында үш тіл білетіндердің үлесі салыстырмалы түрде жоғары, бұл елорда мен ірі мегаполистегі халықаралық тілдік саясаттың ықпалын

білдіреді. Петропавл, Ақтөбе және Өскемен қалаларында екітілділік басым, үштілділік деңгейі салыстырмалы түрде төмен.

Аймақтық көптілділік деңгейінің нақты көрсеткішін алу үшін Гринберг индексі қолданылды.

Джозеф Гринбергтің тілдік алуандылық индексі (Greenberg's Linguistic Diversity Index) – белгілі бір популяциядағы тілдік алуандылық деңгейін өлшейтін статистикалық көрсеткіш.

Гринберг индексі мына формуламен есептеледі [109, б. 204-214]:

$$L = 1 - \sum_{i=1}^n p_i^2$$

мұндағы:

- L – тілдік алуандылықтың (көптілділіктің) Гринберг индексі,
- p_i – i -тілді ана тілі ретінде көрсеткендердің жалпы популяция ішіндегі үлесі,
- n – зерттеліп отырған тілдердің саны.

Әр қала үшін Гринберг индексі төмендегі қадамдар арқылы есептелді. Бұл формула бойынша әр тілдің үлесі квадратталып қосылады, содан кейін 1-ден шегеріледі. Индекс мәні 0-ге жақындаған сайын – тілдік орта біртекті (монолингвалды), ал 1-ге жақындаған сайын – өте әртүрлі, көптілді орта екенін білдіреді.

Кесте 5 – Аймақтар бойынша Гринберг индексі

Қала	Гринберг индексі
Астана	0,4702
Петропавл	0,4746
Шымкент	0,5550
Ақтөбе	0,4454
Өскемен	0,4416

Гринберг әдісін есептеу тәртібіне толық тоқталып өтейік. Ең алдымен әр қала бойынша студенттердің бір тіл, екі тіл және үш және одан да көп тіл меңгерген үлесін пайызбен көрсетеміз. Мысалы, Астана қаласында студенттердің 5%-ы тек бір тілде, 67%-ы екі тілде, ал 28%-ы үш және одан да көп тілде сөйлей алатынын көрсетті.

Осы пайыздарды үлеске айналдырамыз: $p_{\text{бір тіл}} = 5\% = 0,05$; $p_{\text{екі тіл}} = 67\% = 0,67$; $p_{\text{үш тіл}} = 28\% = 0,28$. Әр үлесті квадраттаймыз: $p_{\text{бір тіл}}^2 = 0,05^2 = 0,0025$; $p_{\text{екі тіл}}^2 = 0,67^2 = 0,4489$; $p_{\text{үш тіл}}^2 = 0,28^2 = 0,0784$. Барлық квадратталған мәндерді қосамыз: $\sum p_i^2 = 0,0025 + 0,4489 + 0,0784 = 0,5298$.

Соңғы нәтижені алу үшін 1-ден осы қосындыны шегереміз: $L = 1 - 0,5298 = 0,4702$. Сонымен, Астана қаласы үшін бейімделген Гринберг

көптілділік индексі: 0,4702. Бұл дегеніміз – Астанада кездейсоқ таңдалған екі студенттің тіл меңгеру деңгейі бір-бірінен 47,02% жағдайда әртүрлі болады.

Нәтижелер әр өңірдегі студенттердің көптілділік деңгейлерінде елеулі айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Ең жоғары индекс Шымкент қаласында байқалды (0,5550), бұл жерде үш және одан көп тіл білетін студенттердің үлесі 25%-ды құрайды және бір тілмен шектелетіндер үлесі де салыстырмалы түрде жоғары (15%). Бұл, бір жағынан, қалада қазақ тілі мен орыс тіліне қоса, үшінші тіл ретіндегі ағылшын тілін меңгеру үрдісінің күшейгенін, екінші жағынан – көптілділік деңгейінің теңгерімді таралуын көрсетеді.

Петропавл (0,4746) және Астана (0,4702) қалаларында индекс біршама ұқсас деңгейде, бұл өңірлерде екі тіл (қазақ және орыс) меңгергендер басым. Үш тілді меңгергендердің үлесі бұл қалаларда 18–28% аралығында. Бұл өңірлік тілдік орта мен білім беру саясатына сәйкес келеді.

Ақтөбе (0,4454) және Өскемен (0,4416) қалаларында индекс төменірек болды. Бұл өңірлерде екі тіл білетіндер саны көп болғанымен, үш тіл меңгергендер үлесі салыстырмалы түрде аз (16-21%), ал бір тілмен шектелетін студенттер де аз емес. Бұл өңірлерде екітілділік пен біртегілділік арасындағы дисбаланс байқалады.

«Қазақстандағы көптілділік саясатын қолдайсыз ба? Неге?» ашық сұрағына респонденттерден ойларын жазу сұралды. Студент жастардың бұл жөніндегі пікірлері әртүрлі болғанымен, жалпы бірнеше ортақ тақырыптар анықталды:

1) Көптілділік – адами капитал және мүмкіндік. Көптеген респонденттердің пайымынша, бірнеше тілді білу – жеке тұлғаны байытады, көкжиегін кеңейтеді. Олар көптілділік арқылы өздерін жан-жақты дамыған, ашық қоғамның мүшесі ретінде сезінетінін айтты. Әсіресе, ағылшын тілі сияқты шет тілін білу – жаңа мәдениеттерді тануға, әлемдік деңгейде ақпарат алуға жол ашады деп есептейді.

2) Ұлттық сәйкестілікке оң әсер. Көптілді болу өзіндік белгілі бір ұлт өкілі ретінде сезінуге кедергі емес деген пікір кең таралған. Керісінше, кейбір жастар Қазақстандық бірегейліктің өзі көптілділікпен астасқан деп біледі.

Мысалы, бір студенттің жауабында: «Мен үшін қазақ және орыс тілдерін білу – қазақ қоғамының толық мүшесі екенімнің белгісі, екі тілде де еркін сөйлеу – елімнің екі мәдениетін де өзімдікідей сезінуге мүмкіндік береді» деген мазмұн айтылды. Яғни, қазақ жастары қазақ тілін де, орыс тілін де меңгеруді өз елінің көпұлтты болмысына сай бейімделу деп қарастырады.

3) Ана тілінің орны ерекше. Көп тілді білсе де, жастардың басым көпшілігі ана тілін өзінің рухани негізі санайтынын атап өтті. Бірнеше тілде сөйлесем де, «менің жан дүнием бәрібір қазақ тілінде сөйлейді», «анамнан үйренген тіл – жүрегіме ең жақын» деген сияқты жүрекжарды пікірлер жиі кездеседі. Яғни, көптілділік ана тілінің құндылығын төмендетпейді; керісінше, өзге тілдерді үйрену арқылы ана тілінің мәртебесін тереңірек түсінеміз деген көзқарас байқалады.

4) Тілдік тепе-теңдікті сақтау. Кейбір респонденттер көптілді ортада тілдерді шатастырып алу немесе бір тілдің басымдық алу қаупі туралы ойланған. Мысалы, орыс тілді ортада жүрген кейбір қазақ жастары қазақша сөйлеу практикасы азайып кетсе, ана тілінен ажырап қаламын ба деп алаңдайды. Дегенмен олар бұл мәселені шешу жолы – отбасында және арнайы ортада ана тілді тұрақты қолдану деп санайды. Бірқатар студент: «Қанша шет тіл үйренсем де, ана тілімді ұмытпауға тырысамын» деп жазған. Сондай-ақ, кейбірі көптілділік когнитивтік тұрғыдан бастапқыда қиындық туғызуы мүмкін (ойынды бір тілден екінші тілге аударып айту, сөз табу сияқты), бірақ уақыт өте бұл машық қалыпты дағдыға айналатынын айтқан.

5) Жеке және кәсіби өсудегі рөлі. Көптеген жауаптарда көптілділік тек сәйкестілікке ғана емес, жеке жетістікке әсері туралы да айтылды. Студенттер үш тілде сөйлеу қабілетін өздеріне сенімділік беретін фактор ретінде көреді, әлем азаматы сезінуге және түрлі ортада өзін еркін ұстауға мүмкіндік деп бағалайды. Бұл жанама түрде олардың мәдени сәйкестілігін байытады: «Үш тілді еркін меңгеру – менің жан-жақты тұлға екенімді көрсетеді», «Ағылшын тілінде сөйлей алуым өзімді халықаралық қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде сезіндіреді» деген пікірлер бар.

Жалпы, респонденттердің басым көпшілігі көптілділікті өте құнды қасиет деп бағалап, оны жеке тұлғалық сәйкестілігінің бөлінбес бір бөлшегі ретінде қарастырады. Әрине, ана тілінің маңыздылығын бәрі ерекше атап өтеді, яғни көптілділік ана тілінің құндылығын төмендетпейді, керісінше, басқа тілдерді білу өз ана тіліне деген құрметін арттырғанын айтқан жастар да болды. Аз ғана бөлігі көптілді ортада кейде өзінің тілдік тұлғасы екіге бөлінетіндей сезім болатынын жазса да, көпшілік бұны уақытша қиындық деп есептейді.

Сауалнама нәтижелері Қазақстан жастары арасында қазақ және орыс тілдеріне бірдей жоғары баға берілетінін, ағылшын тілін меңгеру қажеттілігі де мойындалғанын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бірнеше тілді меңгерудің студенттердің тілдік және мәдени сәйкестілігіне елеулі әсер ететінін көрсетті. Олардың ана тілі (қазақ немесе орыс тілі) мәдени сәйкестілігінің негізгі өзегі болып қала береді, ал ағылшын және басқа шет тілдерін білу олардың кәсіби және тұлғалық дамуына маңызды рөл атқарады [112, б. 250].

Жастардың көпшілігі қостілді не үштілді, күнделікті өмірде екі-үш тілді қатар қолданады. Ана тілі олардың ұлттық сәйкестілігінің негізгі тірегі болса да, көптілділік оны толықтыратын маңызды қабілет ретінде қабылданады. Сонымен, қазіргі қазақстандарлық студент жастар үшін көптілділік – қалыпты әрі оң құбылыс, ал тілдік сәйкестілік көпқырлы ұғым (ана тіл, елдік тіл және жаһандық тіл қабаттары) ретінде қалыптасуда. Бұл үрдіс еліміздегі тіл саясаты нәтижесінде қалыптасқан және жастар санасында көптілділік пен мәдени сан алуандылықты үйлестіруге болатынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көптілділік әрқашан күрделі және көпқырлы құбылыс, адамның тілдік тәжірибесінің ішкі және сыртқы факторлар ықпалында дамитынын көрсетеді деген ғалымдар пікірін дәлелдеді [111], [113].

Осы факторларды ескепке ала отырып, жоғары оқу орны студенттерінің көптілділігі мен тілдік сәйкестілігі арасындағы байланысты айқындау барысында көптілділіктің төмендегідей негізгі сценарийлері анықталды (кесте 6):

Қазақ тілінің доминациясы – баланың негізгі тілі қазақ тілі болады, бірақ ол орыс немесе ағылшын тілдерін де оқу арқылы меңгере алады.

Орыс тілінің доминациясы – баланың негізгі тілі орыс тіліне айналады, қазақ тілі көбінесе формалды түрде ғана қолданылады, ағылшын тілі мектеп бағдарламасы, қосымша тілдік курстар арқылы меңгеріледі.

Аралас көптілді орта – бала үйде қазақша және орысша сөйлеседі, ал сыртқы ортада ағылшын тілін де қолданады. Бұл үштілділік баланың тілдік репертуарын күрделендіреді және көпмәдениетті сәйкестілік қалыптастырады.

Бұл үдеріс барысында бала әр кезеңде бір тілге көбірек бейімделуі мүмкін. Бастауыш жаста бала ата-ана тілінің ықпалында болса, орта және жоғары сыныптарда достар, мектеп пен медианың әсерінен басқа тілдерді белсендірек қолдана бастайды.

Қазақстандағы урбанизация мен білім беру саясатының әсерінен көптілділік елдің негізгі сипаттамаларының біріне айналуға. Қалалық өңірлерде (Алматы, Астана, Шымкент) көптілділік нормаға айналса, ауылдық жерлерде бір тілдің (көбіне қазақ тілінің) басымдығы байқалады.

Кесте 6 – Көптілділік формалары

Сценарий	Отбасындағы тіл (ана тілі)	Сыртқы орта	Нәтиже
1. Қазақ тілінің доминациясы	Үйде қазақша сөйлесу	Мектептегі, ЖОО негізгі білім алу тілі, достар ортасындағы тіл, әлеуметтік желі тілі, ауылдық жердегі қазақ тілінің басымдығы	Қазақ тілінде жоғары деңгей, басқа тілдер пассив меңгерілуі
2. Орыс тілінің доминациясы	Үйде орысша сөйлесу	Мектептегі, ЖОО негізгі білім алу тілі, қалалық ортада орыс тілінің басымдығы	Орыс тілінде жоғары деңгей, мемлекеттік тілдің пассив меңгерілуі
3. Аралас көптілді орта	Үйде қазақ және орыс тілдері аралас	Мектепте үштілді бағдарлама, ағылшын тілінің қарқынды таралуы	Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аралас меңгерілуі, код ауыстыру дағдысы

Қазақстандық көптілділік – ішкі және сыртқы факторлардың тығыз өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасатын, динамикалық әрі көпқырлы

құбылыс. Әрбір адамның тілдік траекториясы жеке ерекшеліктерге ие және өмір бойы өзгеріп отырады. Сондықтан Қазақстандағы көптілділік феноменін зерттеу ұлттық сәйкестілікті, тілдік саясатты және мәдени динамиканы терең түсінуге мүмкіндік береді.

Көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыда анықтау үшін диссертациялық жұмыста студенттердің көптілділік деңгейі мен тілдік сәйкестілік үлгісі арасындағы өзара ықпалды талдау жүргізілді. Бұл мақсатта деректер SPSS бағдарламасында екі категория бойынша бөлінді: көптілділік деңгейі (бір тіл, екі тіл, үш және одан көп тіл меңгергендер) және тілдік сәйкестілік түрі (бір тілмен сәйкестендіру, бірнеше тілмен сәйкестендіру). Байланысты бағалау үшін кросс-кесте (Crosstabs) және хи-квадрат тесті (Chi-square Test) қолданылып, байланыс күшін анықтау мақсатында Cramer's V коэффициенті есептелді.

Хи-квадрат тестінің нәтижесі бойынша, көптілділік деңгейі мен тілдік сәйкестілік арасында статистикалық тұрғыда маңызды байланыс анықталды ($\chi^2 = 11,38$, $p = 0,023 < 0,05$). Алайда бұл байланыс күшінің көрсеткіші (Cramer's $V = 0,153$) әлсіз деңгейде екенін көрсетті, яғни көптілділік пен тілдік сәйкестілік арасында әлсізден орташаға дейінгі өзара ықпал бар екенін білдіреді.

Кросс-кесте нәтижелері бойынша: бір тіл меңгерген студенттердің 92,4%-ы өз тілдік сәйкестігін тек бір ана тілімен байланыстырды; екі тіл меңгерген студенттердің 84,7%-ы бір тілмен сәйкестендіруді сақтаса, тек 15,3%-ы бірнеше тілді негізгі сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде атады; үш және одан көп тіл меңгерген студенттердің 77,1%-ы бір ғана тілмен сәйкестенсе, ал 22,9%-ы өздерін бірнеше тіл арқылы сипаттады.

Гринберг индексі мен Cramer's V коэффициентін салыстыра келе шығатын нәтиже, көптілділік тәжірибесі тілдік сәйкестіліктің құрылымына ықпал еткенін көрсеткенімен, басым көпшілік үшін негізгі сәйкестілік ана тілі арқылы анықталатынын дәлелдейді. Яғни, жастар көп тіл меңгерсе де, өздерінің тілдік сәйкестігін көбіне бір негізгі тілмен (ана тілімен) байланыстырады. Тек аздаған ғана бөлігі (үш және одан көп тіл меңгергендердің шамамен төрттен бірі) өз тілдік сәйкестігін бірнеше тілмен бірдей деңгейде ұштастырады.

Осылайша, диссертациялық жұмыстың негізгі гипотезасы ішінара расталды: көптілділік деңгейі мен тілдік сәйкестілік арасында байланыс бар, бірақ ол байланыс толық көптілді сәйкестілікке көшу деңгейіне жетпейді, ана тіл басым маркер ретінде сақталады.

2.3 Көптілді жастардың ана тілі және этникалық сәйкестілігінің өзара байланысы

Қазақстандағы тілдік жағдаят едәуір күрделі. Ресми мәртебелері әр түрлі, бірақ нақты қолдану аясымен, елдің көпұлтты болуымен, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелерімен ерекшеленетін екі тілдің болу жағдаяты – қазіргі жағдайды анықтауды, дәлірек айтқанда түсінуді және алға қойылған мақсаттарға жету тәсілдерін дамыту мақсатында әлемдік тәжірибелік талдау жасауды қажет етеді.

Оған қоса, саны аз ұлт өкілдерінің ана тілін сақтау мәселесі де еліміз үшін маңызды болып табылады. Осыған орай, зерттеу аясында Қазақстанның жас азаматтарының ана тілі және этникалық сәйкестілігі арасындағы байланысқа тоқталып өтуді жөн көрдік.

С.Г. Тер-Минасова пікірінше, белгілі бір мағынада адам өз ана тіліне тәуелді: ол нәресте кезінен бастап ата-анасының тілінің ықпалына және билігіне түседі әрі сол тілмен бірге өзінің еркін таңдауынсыз, кездейсоқ түрде мүше болып қалған сөйлеу ұжымы сақтаған мәдениетті де бойына сіңіреді [113, б. 134].

«Тілдік сәйкестілік әлеуметтік топтар арасындағы біріктіруші де, айырушы да фактор болып табылады. Шын мәнінде, тіл топтық сәйкестіліктің өзегін құрайды. Бір жағынан, тілдің қолданылуы топтық сәйкестіліктің қалыптасуына әсер етеді, ал екінші жағынан – топтық сәйкестілік тілдердің қолданылуына және оларға деген қатынасқа ықпал етеді. Топ мүшелері өздерінің ортақ (этникалық немесе азаматтық) сәйкестілігін белгілі бір тілді таңдау арқылы қалыптастырады» [114, б. 9].

М.Н. Губогло пікірінше, тілдерді меңгеру деңгейінен (тілдік құзыреттілік), тілдерді қолдану тәжірибесінен (сөйлеу мінез-құлқы) және тілдерге деген қарым-қатынастан (тілдік ұстанымдар) құралатын жеке адамның немесе топтың тілдік ерекшеліктерінің жиынтығын қоса алғанда соған тең дәрежеде әрекет ететін әлеуметтік лингвистикалық емес, этнопсихологиялық субъективті категория бар – ол ана тілі [101, б. 39].

Кеңестік ғалымдардың тұжырымдауынша, кез келген адам табиғатынан біртүрлі болады. Басқа тілдер сол тілдің негізінде, төңірегінде перифериялық жүйе құрап тұрады [115, б. 56]. Сол басым тіл ана тілі болып табылады.

Ана тілі ұғымының анықтамасы мен түсіндірмелері көп. Тілдік сәйкестілік аясында ана тілі ұғымының келесі екі аспектісі қарастырылуы тиіс.

Отандық әлеуметтік тіл білімінде алғашқы болып меңгерілген тіл ана тілі болып табылады. «Ана тілі – жеке адамның этникалық тегін білдіретін белгілерінің бірі. Сонымен қатар ана тілі адамның ең жақсы білетін, әдетте, жанұяда қолданылатын тілі» [116, б. 87]. Бір жағынан, ана тілі – бұл «ұлттың тілі, адамды өз халқымен, өткен ұрпақтармен, олардың рухани әлемімен байланыстыратын ата-бабалар тілі» [117, б. 75]. Екінші жағынан, бұл баланың бойына ана сүтімен сіңіп, табиғи жолмен анасынан және оның айналасындағы адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу барысында үйренген ана тілі, бірінші тілі» [118, б. 88]. Ал, екі тілді отбасында өсетін балалар үшін, жоғарыдағы анықтамаға сәйкес, ана тілі бірнешеу де болуы мүмкін.

Ана тілін білуден және оны жоғалтудың салдарынан ұлттық бірегейліктен айырылу әлеуметтік азғындыққа, тұлғашылық қақтығыстарға және жергілікті ұсақ халықтар арасында, соның ішінде жастар арасында девиантты құбылыстардың (тіршіліктің мәнін жоғалту, өмірдегі сәтсіздіктерді сезіну, ішкілікке салыну, өз-өзіне қол жұмсау, себепсіз ашушаңдық және т.б.) өсуіне әкеледі.

Тілдік сәйкестіліктен айырылу мәдени тәжірибе алмасудың бұзылуына, мәдениеттен көп мәннің жоғалуына әкеледі. Тіпті В. Фон Гумбольдт әр адамның әлемді елестетудегі көп түсінігі оның тілімен шартталады деп есептеген: «Әр тіл адамның өзі тиесілі халқы айналасында сипатталады, адам бір шеңберден шыға сала басқа тілдің шеңберіне енеді» [119, б. 80]. Одан әрі бұл тұжырым Э. Сепир, Б.Л. Уорф, Э. Бенвенист және басқа да ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Көп ұлтты мемлекетте оның тарихи даму кезеңдерінің қаншалықты әсерлі болғанына қарамастан, адамдар өздерінің этникалық тілі мен мәдениетінің өмірін дұрыс ұсына алса, онда «этникалық тегіне, діни көзқарасына қарамастан, олар өзін «біртұтас елдің азаматы» ретінде тани алады.

Сондықтан «жаһандану жағдайында еліміздің аумағында өмір сүріп жатқан ұсақ халықтардың төл мәдениеттерінің сақталуы жергілікті этностардың (шоғырландыру қоғамдары) бірегейлігін қолдаудың қажетті шартына айналады». Кез-келген ұлттың мәдениетін сақтауға, қолдауға және дамытуға күшті әсер ететін компоненттердің бірі – тіл. Тіл өмір сүруін тоқтатпайынша, мәдениет те жоғалмайды, жергілікті ұсақ халықтар тілінің таралуы төл мәдениеттің, фольклорлық дәстүрлердің және жазбаша шығармашылықтың сақталуына кепілдік береді.

А. Мустайоки пайымдауынша, тілге қатысты идеологиялық ұстанымдардың бірі – оны халық мұрасы ретінде көру. Ана тілі кез келген қоғам үшін өз сәйкестілігін анықтауда маңызды элемент болып табылады [120, б. 18].

Ана тілі мен этникалық сәйкестілік арасындағы өзара байланысты анықтау үшін сауалнама нәтижелері негізінде студенттердің этникалық сәйкестілігі (қазақтар, орыстар, өзбектер, немістер, украиндар, татарлар, кәрістер және басқа этностар) және ана тілі (қазақ тілі, орыс тілі, басқа тілдер) айнымалылары SPSS бағдарламасына енгізілді. Байланысты тексеру үшін хи-квадрат тесті (Chi-square Test) қолданылып, ал байланыс күшін бағалау үшін Cramer's V коэффициенті есептелді.

Зерттеудің гипотезалары келесідей тұжырымдалды: Н₁: Студенттердің этникалық сәйкестілігі олардың ана тілін таңдауы мен анықтауына ықпал етеді (мысалы, этникалық қазақтардың көпшілігі ана тілі ретінде қазақ тілін көрсетеді). Н₀: Этникалық сәйкестілік пен ана тілі арасында статистикалық тұрғыда маңызды байланыс жоқ.

Хи-квадрат тесті нәтижесінде этникалық сәйкестілік пен ана тілі арасында өте күшті статистикалық тұрғыда маңызды байланыс бар екені анықталды ($\chi^2 = 346,27$, $p < 0,001$). Бұл нәтиже нөлдік гипотезаны (Н₀) жоққа шығарып, зерттеу гипотезасын (Н₁) қолдайды. Яғни, студенттердің этникалық сәйкестігі олардың ана тілін таңдауына елеулі әсер етеді.

Cramer's V коэффициенті 0,712 мәнін көрсетті, бұл этникалық сәйкестілік пен ана тіл арасындағы өте күшті байланыс деңгейін білдіреді.

Студенттердің басым бөлігі – қазақтар (83,6 %), олардың 95,1 %-ы ана тілі ретінде қазақ тілін таңдады.

Орыстар үлесі – 9,6 %, олардың 96,8 %-ы ана тілі ретінде орыс тілін көрсетті.

Өзбектер, немістер және украиндар (әрқайсысы 1,2 %), татарлар (0,6 %), кәрістер (0,4 %) сияқты өзге этникалық топтар арасында кейбір тілдік ауысу құбылыстары байқалды (мысалы, кейбір немістер мен татарлар қазақ немесе орыс тілін ана тілі ретінде атаған).

Бұл нәтижелер Қазақстан жастары арасында тіл мен этникалық сәйкестіліктің әлі де өте тығыз байланыста екенін көрсетеді. Әсіресе, қазақ және орыс этникалық топтары ана тілімен сәйкестенуде жоғары тұрақтылықты көрсетеді. Өзге этностар арасында тілдік ауысу (language shift) құбылыстары байқалғанымен, олар кең сипатқа ие емес және жалпы үрдісті өзгертпейді.

Кесте 7 – Респонденттердің ұлттық құрамы

Этникалық топ	Студенттер саны	Үлесі, %
Қазақтар	418	83,6%
Орыстар	48	9,6%
Өзбектер	6	1,2%
Немістер	6	1,2%
Украиндар	6	1,2%
Татарлар	3	0,6%
Кәрістер	2	0,4%
Басқа этностар (шешендер, лезгиндер, т.б.)	11	2,2%

Бұл тұжырымдамаларды халықаралық контексте салыстыратын болсақ, Дағыстандағы жастар арасында да ұқсас жағдай байқалады. М.М. Сотавова зерттеуінде авар, даргин, құмық және лезгин ұлттарының өкілдері күнделікті тұрмыста орыс тілін жиі қолданса да, ана тілі ретінде өздерінің ұлттық тілдерін көрсететінін атап өткен. Автордың пікірінше, ана тілін сақтау көбіне рационалды тілдік мінез-құлықтың емес, этнопсихологиялық сәйкестіліктің көрінісі болып табылады. [121, б. 90]. Бұл жағдай ұлттық тіл мен этникалық сәйкестіліктің иррационалды деңгейде өзара байланысын растайды.

Сонымен қатар, тіл мен этникалық сәйкестіліктің байланысы тарихи сындарлы кезеңдерде ерекше маңызға ие болады. С.Е. Никитинаның айтуынша, мұндай кезеңдерде ана тілі ұлттық сана-сезімнің басты символына айналады [122, б. 45]. Осылайша, тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар этникалық сәйкестіліктің маңызды маркері ретінде қызмет атқарады.

Жоғарыда келтірілген эмпирикалық деректер мен теориялық талдау негізінде диссертациялық жұмыстың гипотезасы толықтай расталды: студенттердің этникалық сәйкестілігі олардың ана тілін таңдауында негізгі рөл атқарады.

Сонымен қатар, респонденттердің шамамен 4,2%-ы екі тілді ана тілі ретінде көрсеткен, бұл жастар арасында көптілді сәйкестіліктің біртіндеп

калыптасып келе жатқанын аңғартады. онденттердің шамамен 4,2%-ы екі тілді ана тілі ретінде көрсеткен, бұл жастар арасында көптілді сәйкестіліктің біртіндеп қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

М.Н. Губогло атап өткендей, ана тілінің көмегімен индивид өзінің этникалық сәйкестігін нақтылайды немесе кей жағдайда оған күмәнданады [123, б. 39]. Егер ана тілі мен этникалық сәйкестілік арасында сәйкессіздік пайда болса, бұл тұлғалық сәйкестілікте ішкі қайшылықтарға әкелуі мүмкін.

Осылайша, зерттеу нәтижелері жастар арасында тілдік тәжірибе мен тілдік сәйкестіліктің арасындағы байланыс құрылымының күрделене түскенін, дәстүрлі тілдік сәйкестілік үлгілерімен қатар көптілді сәйкестілік модельдерінің де қалыптасып келе жатқанын көрсетті.

Бірнеше ана тілін белгілеген 4,2 % (21 студент) респонденттің және өзге ұлт тілін ана тілі ретінде белгілеген 2,4 % (12 студент) респонденттің ана тілі мен этникалық сәйкестілігінің арасындағы байланысқа тереңірек тоқталдық (кесте 8).

И. Ясинская-Лахти еңбегінде тілдік сәйкестілік адамның өзі ана тілім деп санайтын тіліне байланысты анықталатыны атап көрсетіледі. Осыған сәйкес, адамның екі тілмен немесе тілдік топтармен бірдей сәйкестенуі де мүмкін екендігі айтылады [124, б. 70-71].

Белгілі бір топпен өзін-өзі сәйкестендіру кезінде бірнеше тілді таңдау мәнін тереңірек түсіну мақсатында осы респонденттердің «Неліктен бұл тілді ана тіліңіз деп санайсыз?» деген сұраққа жауаптары қарастырылды. Талдау нәтижесінде олардың көзқарастары бірнеше негізгі мағыналық топтарға жіктелді.

Кесте 8 – Бірнеше ана тілін белгілеген респонденттер

Этникалық топ	Студент саны	Үлес, %	Ана тілі
Қазақтар	16	76%	қазақ + орыс
Орыстар	2	9%	орыс + қазақ
Өзбектер	1	4%	өзбек + қазақ
Немістер	1	4%	неміс + қазақ
Украиндар	1	4%	украин + орыс

Студенттердің басым бөлігі (40,8 %) тілді бала кезінен бастап меңгергенін және алғашқы сөйлеген тілі ретінде қабылдайтынын көрсетті (сурет 7). Бұл нәтиже тілдік сәйкестіліктің ерте балалық шақта қалыптасатынын және тілдің адамның өзіндік танымы мен этникалық қатыстылығын анықтауда негізгі рөл атқаратынын дәлелдейді.

Респонденттердің 24,5 %-ы ана тілін отбасылық қарым-қатынаста қолданылатын тіл ретінде сипаттады. Ата-анамен және жақын туыстармен

күнделікті қатынаста қолданылатын тілдің тілдік сәйкестілікті қалыптастырудағы маңызы ерекше екені байқалады.

Кесте 9 – Өзге ұлт тілін ана тілі ретінде белгілегендер

Этникалық топ	Студент саны	Үлес, %	Ана тілі
Қазақтар	5	42%	Орыс
Кәрістер	2	17%	қазақ және орыс
Немістер	2	17%	Орыс
Өзбектер	1	8%	Қазақ
Украиндар	1	8%	Орыс
Татарлар	1	8%	Қазақ

Студенттердің 14,3 %-ы тілді эмоционалдық тұрғыдан бағалап, бұл тілде өздерін еркін әрі жайлы сезінетіндіктерін атап өтті. Бұл тілдік сәйкестіліктің тек когнитивтік емес, сонымен бірге аффективтік компоненттерге де негізделетінін көрсетеді.

Респонденттердің 10,2 %-ы ана тілін күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын тіл ретінде таңдаған. Тілдің қолдану жиілігі оның сәйкестілік құралы ретіндегі рөлін күшейтетіні белгілі.

6,1 % студент тілдік сәйкестілікті өздерінің мәдениетіне және этникалық тамырларына байланысты түсіндірген. Бұл тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, мәдени және этникалық бірегейліктің маңызды элементі екенін айғақтайды.



Сурет 7 – «Негізінен бұл тілді ана тіліңіз деп санайсыз?» сұрағына респонденттер (33 студент) жауабы

Сондай-ақ, 4,1 % респондент ана тілін білім беру жүйесінде немесе әлеуметтік ортада қолданылу ерекшеліктеріне байланысты таңдағандарын

көрсетті. Бұл тілдік сәйкестіліктің қалыптасуында сыртқы ортаның, атап айтқанда, білім беру мен әлеуметтік факторлардың әсері бар екенін дәлелдейді.

«Қазақстанның қазіргі көпұлтты контекстіндегі студент жастарының этнолингвистикалық сәйкестілігі (эмпирикалық зерттеу негізіндегі әлеуметтік лингвистикалық талдау)» атты зерттеу нәтижелері де жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасуына әлеуметтік ортаның ықпалы айтарлықтай екенін дәйектейді [129].

Авторлар қазақ жастарының тілдік сәйкестілігі қалыптасуында әлеуметтік ортаның маңыздылығын әсер ететін факторлар (отбасылық тәрбие, қала мен ауыл тәжірибесі, т.б.) маңызды екенін туралы терең қорытындылар жасады.

Жалпы алғанда, екі немесе одан көп тілді ана тілі ретінде қабылдаған және өзге ұлт тілін өз ана тілі ретінде анықтаған студенттердің тілдік сәйкестілігі бала кезінен алған тілдік тәжірибе, отбасылық орта, эмоционалдық қатынас, тілдің күнделікті қолданылуы және білім алу үдерісінде қалыптасқан әлеуметтік әсерлер сияқты факторлармен тығыз байланысты екені анықталды.

Зерттеулерге сүйене отырып, ана тілінің тілдік сәйкестілікті қалыптастырудағы айрықша символдық рөл атқаратынын атап өтуге болады, себебі ол тіл иелерінің ортақ тарихын, мәдени құндылықтары мен мән-мағыналарын, сондай-ақ қазіргі заманғы жағдайларын қамтиды.

Осыған байланысты, тілдік сәйкестіліктің қалыптасуына ең алдымен тілдерді меңгеру деңгейі мен олардың қолданылу жиілігі шешуші ықпал ететіні анықталған. Сонымен қатар, адамның тілдерге деген көзқарасы және тілдің беделі де оның тілдік сәйкестілігін айқындауға әсер етеді.

Тілдік сәйкестілік адамның өзін белгілі бір тілдік топпен сәйкестендіруімен тығыз байланысты. Бұл ретте билингв тұлғалардың бір немесе екі тілдік сәйкестілікке ие болуы мүмкін. С. Исканиус [125, б. 185] зерттеуінде тілдік сәйкестілік адамның белгілі бір тілге және сол тілдің тасымалдаушыларына сәйкестенуі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, тілдік сәйкестілік тек тілмен шектелмей, оған тиесілі мәдениетпен және этникалық топпен де өзін сәйкестендіруді қамтиды. Басқаша айтқанда, тілдік сәйкестілік – индивидтің белгілі бір тілдік топқа жататындығын сезінуі мен мойындауын білдіреді.

Алайда, тілдік сәйкестілік өмір бойы өзгеруі мүмкін екені де ерекше назар аударуға тұрарлық. Әсіресе билингв баланың тілдік сәйкестілігін қалыптастыру үдерісінде отбасы мен білім беру жүйесінің рөлі айрықша маңызды болып саналады.

Т.П. Млечконың пайымдауынша, этномәдени маргиналдылықты анықтау және этникалық сәйкестіліктің трансформациялану түрлерін – оның бұлыңғырлануын, өз этникалық тобынан алыстауын (гипоидентичность, этнонигилизм) немесе этникалық сәйкестіліктің гиперболизациясын – негізінен вербалды репрезентациялар (тілдік көріністер) арқылы анықтауға болады [50, б. 174]. Яғни тілдік сәйкестіліктің қалыптасуына этникалық сәйкестілік қаншалықты ықпал етсе, индивидтің этникалық сәйкестілік жай-күйін анықтауда тілдік таңдау мен тілдік тәжірибенің рөлі де соншалықты маңызды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ана тілі мен этникалық сәйкестілік арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетті. Студенттердің басым бөлігі өздерінің этникалық тобына сәйкес ана тілін таңдағанын атап өтті, бұл тілдің этникалық топтың мәдени коды мен тарихи жадысының негізгі элементі екенін дәлелдейді. Ана тілі тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен бірге этникалық тиістілікті, мәдени мұраны және топтық бірегейлікті сақтаудың маңызды символына айналады.

Сонымен бірге, екі немесе одан көп тілді ана тілі ретінде қабылдайтын студенттердің пайда болуы қазіргі жастар арасында көптілді сәйкестіліктің қалыптасу үрдісін көрсетеді. Бұл құбылыс жаһандану мен әлеуметтік-мәдени араласудың нәтижесінде тіл мен этникалық сәйкестіліктің өзара байланысының күрделеніп келе жатқанын аңғартады. Демек, ана тілі мен этникалық сәйкестілік арасындағы байланыс динамикалық сипатқа ие болып, әлеуметтік орта, тілдік тәжірибе және жеке идентификация үрдістерімен тығыз өрбиді.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігі мәселелерінің даму динамикасын және әлеуметтік-демографиялық факторларға әсерін көрсетті.

Қазақстандағы тілдік жағдай көптілділікпен ерекшеленеді, әсіресе қазақ және орыс тілдерінің ықпалы айтарлықтай жоғары, бұл тілдер қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың арасында кеңінен қолданылады. Халық санағы нәтижелері бойынша жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің деңгейі жоғары екені анықталды, бұл мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан тіл саясатын, соның ішінде қазақ тілінің мәртебесін арттыруға бағытталған шараларды көрсетеді.

2009 және 2021 жылдардағы Халық санағының мәліметтері салыстырылғанда, қазақ тілін меңгергендердің үлесі артып, орыс тілін меңгергендердің үлесі азайғаны байқалады. Бұл әсіресе қазақ тілін меңгерген орыс ұлтынан басқа ұлттар арасында байқалды. Ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі жалпы түрде өскенін көрсетеді, бұл жаһандану мен халықаралық байланыстардың күшеюімен байланысты болуы мүмкін.

Сауалнама нәтижелері негізінде жүргізілген Гринберг көптілділік индексінің есептеулері жастар арасында тілдік алуандық деңгейінің айтарлықтай жоғары екенін дәлелдеді.

Әсіресе урбандалған аймақтарда көптілділік деңгейі анағұрлым жоғары болып шықты, бұл жастардың бірнеше тілді меңгеруі мен белсенді қолдануы олардың әлеуметтік-мәдени ұтқырлығын арттыратынын байқатады.

Көптілді жастардың арасында этникалық сәйкестілік пен ана тілдік сәйкестілік арасындағы күшті байланыс анықталды. Басым көпшілік этникалық топтар өздерінің этникалық тілін ана тілі ретінде көрсетіп, тіл мен этнос арасындағы табиғи сәйкестілікті сақтауда.

Негізгі этникалық топтар арасында ана тілін сақтау тенденциясы жоғары болғанымен, екі немесе одан көп тілді ана тілі ретінде қабылдайтын жастар да

бар. Бұл құбылыс тілдік сәйкестіліктің динамикалық сипатын, жаһандану, урбанизация және аралас тілдік ортаның ықпалымен көптілді сәйкестіліктің қалыптасу үрдісін көрсетеді.

Жалпы алғанда, сандық көрсеткіштер жастардың тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің дәстүрлі этникалық құрылыммен тығыз байланысты болғанымен, қазіргі кезеңде бұл байланыстар икемді, өзгермелі және күрделене түскенін көрсетеді.

3 ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІГІНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

3.1 Жастардың тілдік сәйкестілігінің әлеуметтік және коммуникативтік көріністері

Көптілді жастардың тілдік сәйкестілігінің ерекшеліктерін анықтауда тілдік тәжірибені, яғни жастардың күнделікті қолданыстағы тілдерін қарастыру маңызды.

М.Н. Губогло пікірінше, адамдағы кез келген сәйкестілік түрі оның қоғамдағы тарихи қалыптасқан институттармен және құрылымдармен, үстем идеологиямен, сондай-ақ түрлі деңгейдегі (экономикалық, психологиялық, қоғамдық-саяси, отбасылық-тұрмыстық) байланыстар арқылы жүзеге асатын күрделі әрі өзара ықпалдасқан әрекеттері барысында қалыптасады [123, б. 56].

Осы тұжырымдаға сүйене отырып, тілдік сәйкестілік көбінесе адамның күнделікті өмірде ең жиі қолданатын тілі арқылы қалыптасатынын айтуға болады. С. Исканиус пікірінше, тілді меңгеру деңгейі де оның қолдану жиілігімен тікелей байланысты: тіл неғұрлым жиі қолданылса, оны меңгеру деңгейі де соғұрлым жоғарылайды [125, б. 187].

Тілдерді белгілі бір дәрежеде меңгеріп, түрлі ортада қолдануына қатысты тіл білімі зерттеулерінде көптілді (мультилингвальді) сәйкестілік ұғымы да жиі кездеседі.


М.Ш. Мұсатаева, А.М. Какимова пікірінше, көптілді сәйкестіліктің мәні – тұлғаның бірнеше тілді қолдану қабілетінде. Бұл сәйкестілікке әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Олардың қатарында адамның сөйлейтін тілдері, сол тілдерді қолданатын мәдени контекст, сондай-ақ бұл тілдерді әртүрлі жағдайларда қолдану тәжірибесі бар [126, б. 192].

М.М. Шахребабаки пайымдауынша, жастардың тілдік сәйкестілігі статикалық сипатқа ие емес, керісінше, үнемі қалыптасу және дамып отыратын динамикалық үдеріс ретінде қарастырылады. Психоәлеуметтік көзқарасқа сәйкес, сәйкестілік адамның жай ғана ие болатын қасиеті емес, оның күнделікті тәжірибесі мен әрекеттері арқылы белсенді түрде қалыптасатын құбылыс болып табылады [127, б. 90]. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың тілдік тәжірибесі олардың тілдік сәйкестілігін үнемі қайта құрып, нақты жағдайға бейімдеп отырудың маңызды механизмі ретінде көрінеді.

Осыған орай, бұл бөлімде жастардың тілдік сәйкестілігі және тілдік тәжірибесінің арасындағы байланыс тереңірек сипатталды. Ол үшін сауалнаманың тілдік тәжірибеге қатысты сұрақтарына берілген жауаптар мен жартылай құрылымдалған сұхбат жауаптары талданды.


Күнделікті өмірде қолданылатын тілдерге қатысты алынған нәтижелер (13–17 сұрақтар) жастардың көпшілігінің бірден бірнеше тілді қатар қолданатынын көрсетті. Үйдегі негізгі тіл туралы сұрақтың нәтижесінде респонденттердің шамамен 72 %-ында ата-анасы үйде тек қазақ тілінде сөйлескен, 16 %-ында тек орыс тілінде, ал 10 %-ында аралас екі тілде (қазақша-

орысша) сөйлескен. Тағы 2 %-дайы үйінде өзге тілдерді (өзбек, татар т.б. тілдері) қолданғанын көрсетті (сурет 8).




Сурет 8 – Респонденттердің үйде қолданатын тілі

Қазақ тілінде оқитын жастардың үлесі (68 %) респонденттердің қазақтілді отбасында тәрбиеленуімен және достарымен қазақ тілінде сөйлесу тәжірибесімен тығыз байланысты. Орыс тілінде оқитын жастардың үлесі (28 %) олардың орыс тілді ортадағы немесе қостілді ортадағы өскендігімен негізделеді. Аралас тілде оқитындар (4 %) саны аз болғанымен, бұл қазіргі жастар арасында қостілділік және көптілділік құбылысының дамып келе жатқанын көрсетеді (сурет 9).



Сурет 9 – Респонденттердің жоғары оқу орнындағы тілі

Жалпы, зерттеу нәтижелері Қазақстан жастарының көпшілігі жоғары оқу орнында қазақ тілін негізгі білім алу тілі ретінде таңдағанын, ал орыс және ағылшын тілдерінің қосымша, қосалқы рөл атқаратындығын көрсетеді.



Сурет 10 – Респонденттердің достарымен сөйлесу тілі

Достарымен сөйлесу тілінде: қазақ тілін – 68 %, орыс тілін – 28 %, ағылшын тілін – 4 % респондент таңдады. Бұл көрсеткіштер қазіргі қазақ жастарының күнделікті коммуникациясында қазақ және орыс тілдері негізгі орын алатынын, ағылшын тілі қосалқы рөл атқара бастағанын аңғартады (сурет 10).



Сурет 11 – Әлеуметтік желідегі қолданылатын тілдердің үлесі


Қазақ тілі – жастардың күнделікті сөйлесу тәжірибесінде жетекші орынға ие. Бұл ұлттық сана мен тілдік сәйкестіліктің нығаюының көрсеткіші. Орыс тілі

– әлі де болса қалалық жастардың және көптілді ортадағы топтардың арасындағы коммуникацияда маңызды қызмет атқарады. Ағылшын тілі – жаңа буынның тілдік кеңістігіне енгенімен, әзірге қосымша немесе беделдік рөлде ғана көрініс табуда.

Жастар белсенді қолданатын әлеуметтік желілерде тіл таңдау үлгісі ерекше болды: қазақ тілінде жазатындар – 55 %, орыс тілінде – 35 %, ағылшын тілінде – 5 %, бірнеше тілде – 5 % (сурет 11).

Аймақтар бойынша күнделікті тілдік ортада айқын айырмашылықтар байқалады. Мәселен, Шымкентте респонденттердің 90%-дан астамы үйде де, достарымен де көбіне қазақша сөйлесетінін айтқан. Петропавлда керісінше, студенттердің ~ 60 %-ы отбасында орыс тілін қолданады, достарымен де басым көпшілігі орысша сөйлеседі. Өскемен қаласында да орысша сөйлесушілер үлесі едәуір жоғары.

Ал Астана және Ақтөбе қалаларында аралас үрдіс байқалады: қазақ және орыс тілдерінің күнделікті қолданыс үлесі теңгерімдірек (астаналық студенттер жиі екі тілді ортаға бейім, қазақша да, орысша да еркін ауыса береді). Әлеуметтік желіде Шымкенттен қатысқан жастардың көбісі жазбаларын қазақша жүргізсе, Петропавлдан қатысушылар орысша контентке көбірек бейім. Бұл аймақтық тілдік ортаның әсерін көрсетеді – оңтүстікте қазақтілді орта үстем болса, солтүстікте орыстілді орта ықпалы күштірек екені байқалады.



Сурет 12 – Респонденттердің медиа-контент тұтыну тілі

Медиа-контент тұтыну тілінде де қазақ (50 %) және орыс (40 %) тілдерінің үлесі басым, ал ағылшын тілінің үлесі – 10 % шамасында (сурет 12). Бұл көрсеткіштер қазақ жастарының цифрлық ортада қазақ және орыс тілдерін қатар қолданатынын, ағылшын тілінің академиялық және технологиялық салаларда ғана күш алып келе жатқанын айғақтайды.

Т.П. Млечконың зерттеулеріне сүйене отырып, жастардың тілдік тәжірибесі мен сәйкестілігінің әлеуметтік орта әсеріне тәуелді екені анықталғанымен, әрбір индивидтің тілдік дамуында өзіндік таңдау жасау

еркіндігі сақталатынын байқаймыз. Жастар өз тілдік тәжірибесін саналы түрде қалыптастырып қана қоймай, өздері де тілдік жағдаятқа ықпал ете алады [50, б. 146].

Осылайша, жастардың тілдік сәйкестілігі мен тілдік тәжірибесі бір-бірімен тығыз байланыста дамып, әлеуметтік орта, отбасы, достық қарым-қатынас, білім беру және медиа тұтыну арқылы күрделі әрі динамикалық сипат алады.

Студент жастардың тілдік тәжірибесі мен тілдерді меңгеру деңгейлері бойынша сауалнама нәтижелерін талдай отырып, тілдік ерекшеліктеріне қарай респонденттерді мынадай категорияларға бөліп қарастыруға болады:

1. Қазақ тілі басым қазақтар;
2. Орыс тілі басым қазақтар;
3. Орыс тілі басым орыстар;
4. Қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері;
5. Орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері.

Аталған жіктеу қазақстандық ғылыми әдебиетте кездесетін ұқсас типологиялармен [25], [128], [129] сәйкес келеді және Қазақстандағы студент жастар арасындағы тілдік құзыреттіліктің таралу ерекшеліктерін көрсетеді.

Бұл категорияларды ғылымға әлеуметтанушы Р. Мертон енгізген «жеке адам өзі үшін эталон ретінде көрінетін және өзінің мінез-құлқы мен өз-өзін бағалауда сол топтың пікірлеріне, нормаларына және құндылықтарына қарайтын адамдардың нақты және шартты әлеуметтік қауымдастығы» деп анықталатын [130, б. 384] референттік топ терминімен белгілеп, осы топтардың тілдік сәйкестілік ерекшеліктерін анықтауға тырыстық.

Сауалнама деректерін толықтырып, көптілділік жағдайында жастардың тілдік сәйкестілігі мен тілдік тәжірибесін тереңірек зерделеу мақсатында жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі қолданылды. Бұл әдіс респонденттердің жеке өмірлік тәжірибесі мен тілге қатысты көзқарастарын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Өткізілген 20 сұхбаттың 9-ы ғана зерттеу жұмысына таңдалып алынды. Негіздеме: алдыңғы бөлімде ана тілі мен этникалық сәйкестіліктің арасындағы байланыстың маңыздылығы дәлелденген соң, бұл бөлімде келесі үш референттік топқа, орыс тілі басым қазақтар (А тобы), қазақ тіл басым өзге ұлт өкілдері (В тобы) және орыс тілі басым өзге ұлт өкілдеріне (С тобы) тоқталдық.

Аталмыш үш референттік топтың (кесте 7) тілдік сәйкестілігі мен тілдік тәжірибесі арасындағы байланысты аша түсу үшін сапалық әдіс – жартылай құрылымдалған сұхбат (қосымша Б) қолданылды.

А тобының респонденттері қалалық ортада өскен, орыс мектебінде оқыған және тілдік сәйкестіліктері этникалық сәйкестілікпен тең емес. Бұл топқа этникалық қазақ респонденттер кіреді, қазіргі тілдік тәжірибесінде орыс тілі басым.

В тобына кіретін респонденттер этникалық жағынан өзге ұлт өкілдері бола тұра, қазақ тілін басты тіл ретінде меңгеріп, сол тілдік ортада ер жеткен. Бұл респонденттердің барлығы қазақ тілді әлеуметтік ортада тәрбиеленген, қазақ

мектебін бітірген. Олар үшін қазақ тілі – тілдік және әлеуметтік сәйкестіліктің негізгі құрамдас бөлігі.

Кесте 7 – Сұхбат респонденттерінің әлеуметтік сипаттамасы

Референттік топ	Орыс тілі басым қазақтар	Қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері	Орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері
Жынысы	A1 ер A2 әйел A3 әйел	B1 ер B2 әйел B3 ер	C1 ер C2 ер C3 әйел
Ана тілі	A1 орыс тілі A2 орыс және қазақ тілі A3 орыс тілі	B1 қазақ тілі B2 қазақ және өзбек тілі B3 қазақ тілі	C1 орыс тілі C2 орыс тілі C3 орыс тілі
Ұлты /әкесінің ұлты	A1 қазақ A2 қазақ A3 қазақ	B1 неміс B2 өзбек B3 татар	C1 неміс C2 кәріс C3 украин
Анасының ұлты	A1 украин A2 қазақ A3 қазақ	B1 қазақ B2 өзбек B3 қазақ	C1 орыс C2 кәріс C3 орыс
Тұрғылықты жері	A1 Астана қ. A2 Ақтөбе қ. A3 Петропавл қ.	B1 Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд. B2 Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд. B3 Өскемен қ.	C1 Петропавл қ. C2 Астана қ. C3 Солтүстік Қазақстан обл., Есіл ауд.

С тобының респонденттері де өзге этникалық топтан шыққан, ана тілі ретінде орыс тілін көрсетіп, оның басымдығын күнделікті өмірде сақтап отыр. Бұл топ мүшелері негізінен солтүстік өңірлерде, қалалық және орыс тілді әлеуметтік ортада өмір сүреді. Олардың тілдік сәйкестілігі көбіне этникалық емес, тілдік тәжірибеге негізделген.

Үш топтың да тілдік сәйкестілігі негізінен тілдік тәжірибеге бағынып тұрғанын бақайға болады.

«Сіз қай тілді ана тілім деп есептейсіз және бұл шешімге не әсер етті?» деген сұраққа А тобының барлық респонденттері орыс тілін ана тілі деп есептейтінін айтты. А2 респонденті ғана қазақ тілін де қосымша ана тілі ретінде атап өтті.

Жауаптарда ана тілі таңдауына әсер еткен факторлар: бала кезінен қалыптасқан отбасылық тілдік тәжірибе; мектептегі білім беру тілі – орыс тілі; қазақ тілінің тілдік тәжірибеден тыс қалуы. Респонденттердің бәрі де орыс тілін ойлау, сезіну, эмоция білдіру тілі ретінде сипаттаған.

Қазақ тілі көбіне парыз немесе қоғамдық талап ретінде сипатталған; этникалық сәйкестілігі болғанымен, толық меңгерілмегендіктен респондент

өзін бұл тілмен сәйкестендіре алмайды. Ағылшын тілі – мансап пен болашақ үшін қажетті құрал ретінде ғана қарастырылған.

Барлық респондент қазақ тілді ортада өздерін бөгде, ыңғайсыз сезінетіндерін; кейде қысылатынын ашық білдірген. Ал орыс тілді ортада өздерін еркін сезінетіндерін айтады. Бұл жауаптар тілдік тәжірибе мен эмоциялық қабылдаудың сәйкестілікке әсерін көрсетеді.

А тобының респонденттері этникалық қазақ бола тұра, тілдік сәйкестілігінде орыс тілімен тығыз байланысқан. Олар қазақ тілін білу қажеттілігін мойындайды, бірақ оны меңгерудегі қиындықтар мен ішкі қысым салдарынан өздерін бұл тілмен толық сәйкестендіре алмайды. Бұл жағдай сәйкестіліктің ішкі дағдарысын, яғни «қазақпын, бірақ қазақша сөйлемеймін» деген қарама-қайшылықты көрсетеді.

А тобына жататын респонденттерде тілдік сәйкестілік этникалық тегінен алшақ, тілдік тәжірибеге тәуелді және эмоциялық тұрғыдан тұрақсыз. Бұл – урбанизация, орыс тілді білім беру және отбасылық орта әсерінің нәтижесі.

В тобына келетін болсақ, яғни қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері қазақ тілін ана тілім деп таниды. В2 респонденті қазақ және өзбек тілдерін қатар атағанымен, қазақ тілі басым екенін көрсеткен. Себеп ретінде: отбасындағы ананың рөлі (анасы қазақ); балабақша мен мектептегі тілдік орта; қазақтілді ортасында өсу көрсетілген.

Барлық респондент үшін қазақ тілі – ойлау, эмоция, қарым-қатынас тілі. Орыс тілі тек формалды жағдайда немесе қажет болса ғана қолданылады. Ағылшын тілі – кәсіби даму және болашақ мүмкіндіктер үшін үйреніліп жатыр.

Респонденттер қазақ тілінде сөйлейтін ортада өзін еркін, өзінің орнында, қабылданғандай сезінетінін айтты. Ал орыс тілді ортада сенімсіздік, қысылу байқалатынын мойындады.

С тобының барлық респонденттері, яғни орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері орыс тілін ана тілі деп таниды. Бұл шешімге әсер еткен факторлар ретінде отбасыда тек орыс тілінің қолданылуы; орыс мектебі мен тілдік орта; этникалық тілдерін қолданбайтындығын атайды.

«Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әрқайсысы сіздің өміріңізде қандай рөл атқарады? Қайсысын білуім керек деп ойлайсыз?» деген сұраққа барлық респонденттердің жауаптары біртекті. Олар орыс тілінде ойланып, ойын, сезімдерін жеткізетіндерін айтты, оған қарым-қатынастағы негізгі тіл деп көрсетті. Ал қазақ тілі – көбінесе мемлекеттік тіл болғандықтан міндет не қоғамдық қажеттілік ретінде қарастырылған. Ағылшын тілі – болашақ мансап, оқу, немесе шетелде оқу және саяхаттау үшін қажет тіл ретінде көрсетіледі.

«Әртүрлі тілдік ортада өзіңізді қалай сезінесіз?» деген сұраққа респонденттер орыс тілді ортада өзін еркін сезінетінін, ал қазақ тілді ортада өздерін бөгде, ыңғайсыз, сенімсіз сезінетінін айтты. Кейбірі қазақ тілін түсінбей қалу немесе жауап бере алмаудан қиналады.

С тобына жататын респонденттердің тілдік сәйкестілігі толықтай орыс тіліне негізделген. Этникалық тұрғыдан өзге ұлт өкілдері болғанымен, өз этникалық ана тілдерінен алыстап, орыс тіліне толық бейімделген. Қазақ тілі –

мемлекеттік тіл болғандықтан міндет екені және сыртқы орта талабына жауап ретінде қолданылатыны көрсетілді.

Бұл топта тілдік сәйкестілік ұлтпен емес, күнделікті тәжірибемен және орта әсерімен қалыптасқан. Орыс тілі – тұлғалық және әлеуметтік сәйкестіліктің өзегі, ал қазақ тілі бүгінгі күннің қажеттілігі. Респонденттердің барлығы мемлекеттік тілді зор ынтамен үйреніп жүргендері, күнделікті өмірде қолдануға тырысып жүргендері сұхбат барысында анық көрінді.

«Орыс тілі – менің күнделікті өмірде ең жиі қолданатын негізгі тілім, барлық ойым мен эмоциямды орыс тілінде ғана толық жеткізе аламын. Қазақ тілін де білуім керек деп ойлаймын, ата тегім қазақ, сондықтан қазақша да сөйлеуге тырысамын. Одан соң ағылшын тілін еркін меңгергім келеді, шетелде оқып, жұмыс істегім келеді» (жауап А1). Мына жауаптан респонденттің этникалық сәйкестілігін сезініп, қазақ болғандықтан қазақша да сөйлеуге тырысатындығын байқаймыз.

Келесі жауап та осыған ұқсас: «Орыс тілін ана тілім деп есептеймін, өйткені мен орысша ойланамын, ойымды еркін жеткіземін. Отбасымда, достарыммен орысша сөйлесемін, мектепте орысша оқыдым. Орыс тілі – басым тіл мен үшін, орысша ойланамын, ойымды жеткіземін, еркін сөйлеймін. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл және менің ұлтымның тілі болған соң оны да қолданамын. Ағылшын тілі – халықаралық тіл болған соң, болашақта қажет деп ойлаймын» (А3).

Бұл екі мысалдан этникалық сәйкестілікті сезініп тұрғанымен индивидтің таңдауына тілдік тәжірибенің (бала кезден үйреніп, мектеп тілі, отбасы, достарымен қарым-қатынас тілі) ықпалы көбірек тиіп тұрғанын байқай аламыз.

Бұл тұжырымды С тобының жауаптары да растайды: «Орыс тілі – ана тілім. Кішкентайымнан осы тілде сөйлеймін, анам орыс, әкем неміс. Бірақ әкем неміс тілін білмейді, тек орысша сөйлейді (жауап С1)»

Сәйкесінше, С2 және С3 жауаптары да жоғарыдағы тұжырымды нақтылайды: «Орыс тілі – бала кезден сөйлеген жалғыз тілім. Әкем де, анам да кәріс, бірақ біз кәріс тілін білмейміз (жауап С2). «Орыс тілі – менің ана тілім. Анам орыс, әкем украин. Бірақ біз украинша білмейміз. Әкем де қазақша-орысша сөйлейді тек. Мектепте, үйде тек орыс тілі болды (жауап С3).

В тобының жауаптары да тілдік сәйкестіліктің қалыптасуындағы тілдік тәжірибенің жоғарылығын растайды. Сонымен қатар, қоғамдағы өзгерістердің тілге әсер етуін, яғни тілдік сәйкестіліктің динамикалық құбылыс екенін байқатады.

Мысалы: «Қазақ тілі – менің ана тілім. Анам қазақ, ол бізбен кішкентайымыздан қазақша сөйлесті. Және ол мемлекеттік тіл ғой, оны білу барлық азаматтар үшін парыз деп есептеймін. Ойлау, эмоция, қарым-қатынас – бәрі қазақша. Орысша – тек бір банкке, кейде дүкенге барғанда, емханаға барғанда қолданамын. Ағылшын – үйреніп жүрмін, болашақта кәсіби салада қажет деп ойлаймын» (жауап В1). Жастардың сәйкестілігі қазақ тілі мен орыс тілінің төңірегінде анықталып тұр. «Мен үшін өзім білетін барлық тіл маңызды. Әрқайсысын әртүрлі ортада қолданамын. Мысалы үйде қазақ тілі мен

өзбек тілін араластырып сөйлейміз. Достарыммен, мектепте тек қазақша. кейбір мекемелерге барғанда орысша қазақша араластырып сөйлеймін. Қазақша сөздер есіме түс пей қалғанда кей сөздерді орысша айтуға тура кеп қалады. Және мен ағылшын тілін өте жақсы білемін. Америкаға баруды жоспарлап жүрмін. Сондықтан бұл тілді еркін меңгеріп алдым» (жауап В2).

Зерттеу нәтижелері С. Бэйкердің «достар, мектеп ортасы, мұғалімдер, құрдастар және бұқаралық ақпарат құралдары балалардың тілдік ұстанымдарын және сәйкесінше тілдік сәйкестілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады» деген пікіріне сәйкес келіп тұр [131, б. 85].

Зерттеу нәтижелері студент жастардың тілдік сәйкестілігі біркелкі емес, мәдени-әлеуметтік факторларға, тілдік ортаға және жеке тәжірибеге тәуелді күрделі, динамикалық және көпвекторлы құбылыс екенін көрсетті. Осыған байланысты көптілді орта жағдайындағы студент жастардың тілдік сәйкестілігіне талдау жасалып, тілдік тәжірибе (күнделікті коммуникацияда, білім алуда басым қолданылатын тіл) мен этникалық-мәдени бағдарлардың (студенттің этникалық тобы) арақатынасы негізінде бес шартты тип айқындалды (кесте 8). Бұл типология әлеуметтік психологиядағы аккумуляция теориясын (Berry) және этнолингвистикадағы тіл мен этникалық сәйкестіліктің байланысы теорияларын (Fishman) ескере отырып құрылған. Және бұл жіктеу әр топтың лингвистикалық мінез-құлқын, олардың мәдениетке деген қатынасын және тіл саясатының әсеріне сезімталдығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Студент жастардың тілдік сәйкестілік типтері:

1. *Тұтас ұлттық сәйкестілік (қазақ тілі басым қазақтар)*. Бұл типтегі жастар өздерінің этникалық тегі мен тілдік басымдылығын толығымен ұштастырады. Tajfel & Turner [35, б. 74-78] этникалық топқа берік эмоционалдық адалдық этноцентрлі идентификацияның негізі екенін көрсетеді. Fishman [29, б. 52] этномәдени топтардың ана тілін сақтауына бағытталған тілдік мінез-құлықты этноцентрлі тілдік лоялдылық деп сипаттайды.

Бұл типтегі студент жастар үшін қазақ тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, дәстүрді тасымалдаудың және ұлттық мәдени бірегейліктің тұтас негізі болып табылады. Бұл топ қазақ тілінің ішкі дамуын және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етеді. Алайда, олар көбінесе екінші тілдерді (әсіресе ағылшын тілін) жеткіліксіз меңгеруі салдарынан техникалық және халықаралық кәсіби ортада қиындықтарға тап болуы мүмкін.

2. *Интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік* (қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері). Бұл тип этникалық тегі мен тілдік басымдылығы сәйкес келмейтін, бірақ саналы түрде қазақ тілін өзінің негізгі тілі ретінде қабылдаған топты қамтиды. Олардың сәйкестілігі азаматтық құндылықтарға және елдің мемлекеттік мәдениетіне толық интеграциялануға негізделген. Бұл топ тілдік саясаттың табыстылығын дәйектейді және қазақ тілінің этникааралық қатынас құралы ретіндегі рөлін нығайтады.

3. *Билингвалды транзит сәйкестілігі* (орыс тілі басым қазақтар). Бұл – ең күрделі және өзгеріс үстіндегі топ. Этникалық тұрғыдан қазақ бола тұра,

олардың басым тілі – орыс тілі. Бұл жағдай көбінесе қалалық ортаның және орыстілді білім берудің ықпалынан туындаған. Олардың сәйкестілігі этникалық талап (қазақ болу) пен әлеуметтік ортаның қажеттіліктері арасындағы қайшылықта қалыптасады. Олардың тілдік мінез-құлқына код-свитчинг тән. Бұл топтың қазақ тіліне көшуі тіл саясатының тиімділігін айқындайтын шешуші фактор болып табылады.

4. *Мәдени доминантты сәйкестілік* (орыс тілі басым орыстар). Бұл топ үшін орыс тілі басым тіл, ойлау құралы және мәдени қайнар көзі болып қала береді. Олардың тілдік сәйкестілігі негізінен кеңестік мұраға немесе Ресейдің мәдени кеңістігіне бағытталған. Қазақ тілін білу қажеттілігі көбінесе сыртқы, әкімшілік талап ретінде ғана қабылданады. Бұл топты мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру үшін тиімді әлеуметтік-экономикалық тетіктер қажет.

5. *Полилингвалды сәйкестілік* (орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері). Бұл тип этникалық тегі әртүрлі, бірақ орыс тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын және қазақ тілінде сөйлемесе де, түсіне алатын жастарды қамтиды.

Талдау көрсеткендей, 3-ші тип (билингвалды транзит сәйкестілігі) – тіл саясатының ең сезімтал және мақсатты тобы, өйткені олардың қазақ тіліне ауысуы жалпы республикадағы мемлекеттік тілдің функциясын анықтайды. 4-ші және 5-ші типтер үшін қазақ тілін үйренуге ынталандыру тетіктерін әзірлеу аса өзекті.

Тұтас ұлттық сәйкестілік және мәдени доминантты сәйкестілік типтерінде этникалық топ және басым тіл сәйкес келеді (қазақ-қазақ тілі; орыс-орыс тілі), бұл олардың тілдік және мәдени гомогенділігін (біртектілігін) көрсетеді. Интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік және билингвалды транзит сәйкестілігі типтерінде тілдік бағдар мен этникалық топ арасында алшақтық немесе ауысу процесі байқалады, бұл тілдік сәйкестіліктің динамикасын көрсетеді.

Типтерді жіктеуде студенттің өз этникалық тобына қатыстылығы және басым мәдениетке (қазақстандық ортада мемлекеттік тіл) қатыстылығын ескеретін Берридің аккультурация стратегияларының [132, б. 5-68] негізгі принциптері және З.К. Ахметжанованың [133] тілдік құбылыстарды әлеуметтік-мәдени тұрғыда қарастыру тұжырымдары қолданылды.

- интеграция стратегиясының тілдік көрінісі – интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік, яғни басқа ұлт өкілінің қазақ тіліне бейімделуі;

- ассимиляция стратегиясының белгілері билингвалды транзит сәйкестілігінде (қазақ тілінен орыс тіліне немесе басқа тілге ауысу) көрініс табуы мүмкін;

- полилингвалды сәйкестілік – бұл теңдестірілген интеграцияның жоғары деңгейі, мұнда бірнеше тілдік және мәдени жүйелердің қабылдануы байқалады.

Билингвалды транзит сәйкестілігі [89], [134] типі қазіргі қазақстандық қоғамдағы тілдік алмасу процесін көрсетеді. «Транзит» термині тілдік сәйкестіліктің динамикалық, өтпелі сипатын, яғни бір тілдік басымдықтан екіншісіне ауысу кезеңін білдіреді. Көптілді ортадағы қазақтардың орыс тілінде сөйлеу басымдығын таңдауы әлеуметтік-экономикалық, білім беру немесе қалалық ортаның тілдік талаптарымен негізделеді.

Этникалық сәйкестіліктеріне қарамастан, студент жастар қоғамдағы қажеттіліктерге қарай бейімделіп, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) де түрлі тілдік ортада қолданып бейімделіп кете береді. Бұл жастардың тілдік сәйкестілігінің көпқырлылығын және динамикалық сипатқа ие екенін дәлелдейді.

Кесте 8 – Көптілді жастардың тілдік сәйкестілік типологиясы

Сәйкестілік типі	Референттік топ	Негізгі тіл	Этникалық байланыс
Тұтас ұлттық сәйкестілік	Қазақ тілі басым қазақтар	Қазақ тілі	Жоғары
Мәдени доминантты сәйкестілік	Орыс тілі басым орыстар	Орыс тілі	Жоғары
Билингвалды транзит сәйкестілігі	Орыс тілі басым қазақтар	Орыс тілі	Орта
Интеграцияланған қазақтілді сәйкестілік	Қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері	Қазақ тілі	Төмен
Полилингвалды сәйкестілік	Орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері	Орыс / Қазақ / Ағылшын	Әлсіз

Тілдік сәйкестіліктің анықталған типологиясына сәйкес, мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру үшін келесі мақсатты ұсыныстар ұсынылады:

1. Тұтас ұлттық сәйкестілікті (1-ші тип) кәсіби институцияландыру

- жоғары білімдегі тілдік көпвекторлылықты қамтамасыз ету: қазақтілді ортада білім алатын студент жастар үшін техникалық, экономикалық және медициналық салалардағы мамандықтар бойынша ағылшын тілін кәсіби бағытта оқытуды міндеттеу. Бұл олардың бірегейлігін сақтай отырып, жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады;

- әлемдік ғылыми әдебиеттерді аударумен айналысатын тұрақты ғылыми аударма институтын құру. Институттың негізгі міндеті – жаратылыстану және техникалық ғылымдар бойынша қазақ тіліндегі бірыңғай терминологияны бекіту және оның жоо-ларда міндетті қолданылуын қамтамасыз ету;

- техникалық және медициналық салалардағы дипломдық, диссертациялық жұмыстарды қазақ тілінде қорғап, оның ғылыми құндылығын дәлелдеген жас ғалымдарға арнап, шетелдік жоо-ларда PhD бағдарламаларына түсу үшін ағылшын тілі дайындығын қаржыландыратын арнайы гранттарды енгізу.

2. Билингвалды транзит сәйкестілігінің (3-ші тип) қазақ тілі деңгейін көтеру, аралас тілде сөйлеу (код-свитчинг) дағдысын жеңіп, таза қазақ тіліне өтуі

- мемлекеттік және ірі бизнес ортадағы тілдік норманы күшейту: мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік секторда және ірі ұлттық компанияларда ішкі іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынасты 80%-дан кем

емес деңгейде қазақ тілінде жүргізуді заңнамалық түрде бекіту. Бұл 3-ші типтегі студент жастар үшін кәсіби ортадағы қажеттілік ретінде қазақ тіліне көшуге ынталандыратын әлеуметтік-экономикалық жағдай жасайды;

- мемлекеттік және квазимемлекеттік мекемелердегі ішкі іс жүргізу ғана емес, қызметтік қарым-қатынастың да 85%-дан астамы қазақ тілінде жүруін талап ететін, қатаң корпоративті тілдік аудит жүйесін енгізу. Аралас тілде сөйлеуді төмен кәсіби мәдениеттің белгісі ретінде қарастыру;

- жастар арасында танымал, беделді блогерлер мен инфлюенсерлерді тарта отырып, сауатты және таза қазақ тілінде сөйлеуді заманауи тренд және интеллектуалды капитал ретінде көрсететін үздіксіз медиа-наукандарды қаржыландыру;

- сапалы аудио-визуалды контентке инвестиция мақсатында әлеуметтік желілерде (Youtube, Tiktok) танымал, жоғары сапалы, орыс тіліндегі контенттен кем түспейтін қазақтілді сериалдарды, ғылыми-танымдық және ойын-сауық шоуларын мемлекеттік тапсырыспен қаржыландыруды көбейту.

3. Мәдени доминантты (4-ші тип) және полилингвалды (5-ші тип) сәйкестілікке ықпал ету

- экономикалық ынталандыру тетіктерін енгізу: мемлекеттік емес және жеке сектордағы лауазымды, басшылық қызметтерге қабылдау кезінде қазақ тілін B2 деңгейінен жоғары білушілік үшін жалақыға 10-15% көлемінде қосымша үстеме белгілеуді жеке кәсіпорындарға ұсыну және оны мемлекеттік деңгейде насихаттау;

- коммуникативті-мәдени оқыту әдістемесін қолданып, орыс тілі басым топтар үшін қазақ тілін оқытуды тек грамматикадан ауыстырып, мәдениет, дәстүр және қазақстандық оқиғалар контекстінде жүргізу;

- қазақ тілін үйренуге өз еркімен кіріскен (A2 деңгейінен бастап) және бір жыл ішінде ресми тестілеу арқылы деңгейін көтерген (B1 немесе B2) жастарға арнап, оқу ақысын төлеуге немесе мамандық бойынша біліктілікті арттыру курстарына жұмсауға болатын бір реттік қаржылай сыйақы тағайындау. Бұл тіл үйренуді тікелей экономикалық пайдамен байланыстырады;

- қазақша IT жобасы және ЖИ-ді интеграциялау: прагматикалық топтардың басым мүддесін ескере отырып, бағдарламалаудың негіздерін, Data science сияқты IT салаларын қазақ тілінде үйрететін тегін, интерактивті онлайн платформалар (gamification элементтерімен) жасау. Сонымен қатар, халықаралық технологиялық компаниялармен ынтымақтаса отырып, қазақ тілінің жасанды интеллект жүйелеріндегі сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік тапсырмаларды белсендіру

- академик Ө. Айтбайұлы ұсынғандай [135, б. 260], «Тіл заңын бұзғандығы үшін қолданылатын шара керек.

4. Интеграцияланған қазақтілді сәйкестілікті (2-ші тип) жүйелі қолдау

- Қазақстан халқы ассамблеясының және этномәдени бірлестіктердің іс-шараларын басым түрде мемлекеттік тілде өткізуді қамтамасыз ету. Бұл қазақ тілінің этникааралық қатынастың тең құқылы тілі ретіндегі мәртебесін нығайтады;

- «тіл елшілері» институтының рөлін күшейту: қазақ тілін жетік меңгерген, бірақ этникалық тегі қазақ емес (2-ші тип) жас мамандарды мемлекеттік бағдарламаларға «тіл елшілері» ретінде жұмылдырып, оларға орыстілді орталарда қазақ тілін үйрету бойынша ақылы тренингтер өткізуге мүмкіндік беру. Бұл қазақ тілінің этникааралық байланыс тілі ретіндегі мәртебесін нығайтады.

Бұл ұсыныстар тіл саясатының тиімділігін арттыруға, студент жастардың тілдік сәйкестілігін ұлттық мүдделерге сәйкестендіруге және қазақ тілінің Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріндегі шешуші рөлін арттыруға бағытталған.

3.2 Жастардың тілдік сәйкестілігінің тілге қарым-қатынас арқылы репрезентациялануы

Жастардың тілдік сәйкестілігі мен тілге қарым-қатынасының қалыптасуы белгілі бір тілдік тәжірибелер мен ұмтылыстардың өзара ықпалдастығы нәтижесінде дамитыны байқалады. Дж. Эдвардстің [136, б. 213] пайымдауынша, тілдік тәжірибе мен тілдік жоспарлау адамдардың мәдени және әлеуметтік ұмтылыстарымен өзара тығыз байланыста болады: мәдени импульстер белгілі бір тілдік салдарларға әкелсе, тілдік тәжірибелер өз кезегінде әлеуметтік сәйкестілік пен әлеуметтік жіктеуге қатысты ой-пікірлерге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың тілдік таңдауы мен тілге деген қарым-қатынасы олардың өзіндік сәйкестілігін қалыптастырудағы маңызды тетік ретінде қарастырылады.

Сол себепті жастардың тілге/тілдерге деген қарым-қатынасын анықтау – жастардың тілдік сәйкестілігін ғана емес, жалпы қоғамдағы өзгерістерге алып келуі мүмкін әлеуметтік-мәдени сәйкестілігін де анықтауға мүмкіндік береді.

Индивид өз-өзін белгілі бір әлеуметтік топтармен сәйкестендіреді және бұл топтарға мүшелік көбіне сол топқа қатысты қоғамдағы оң немесе теріс бағалаумен бірге жүреді. Әрбір сәйкестілік белгілі бір тілмен немесе оның нұсқасымен байланыста болады. Әлеуметтік, мәдени немесе саяси тұрғыдан маңызды деп қабылданатын сәйкестіліктермен байланысты тілдер де қоғамда жоғары бағаланады. Сондықтан доминантты топтың тілі әдетте мәртебелі, беделді тіл ретінде қабылданады, ал миноритарлы тілдер немесе диалектілер жиі төмен бағаланады. Бұл тілдердің әртүрлі әлеуметтік функцияларды атқаруға «лайықты» деп саналуына ықпал етеді. Осы себепті тіл таңдау әлеуметтік акт ретінде қарастырылады: тіл таңдау арқылы индивид өзінің белгілі бір әлеуметтік топпен сәйкестігін білдіреді. Сәйкестілік таңдау – бұл саналы шешім, индивид әлеуметтік жағдай талаптарына сәйкес өз сәйкестігін белсенді түрде айқындайды.

Тілдік репертуардағы әртүрлі элементтерді қолдану арқылы адам түрлі жағдайларда өзінің әлеуметтік сәйкестілігінің әр қырларын не ерекшелейді, не көмескілейді. Мысалы, кейбір жағдайларда индивид өзінің этникалық сәйкестігін көрсету үшін қазақ тілін қолданса, басқа жағдайларда өзін космополит ретінде таныту үшін орыс тілін таңдауы мүмкін. Демек, тіл таңдау

тек қолжетімді тілдік сәйкестіліктердің бірін артық көру ғана емес, сонымен бірге осы сәйкестілікті белсенді түрде жүзеге асыру болып табылады. Осылайша, тілдік сәйкестілік индивидтің әлеуметтік мінез-құлқы мен тілге деген идеологиялық қатынасында, атап айтқанда, тілдік мінез-құлық пен тілдік ұстанымдарында көрініс табады.

Lanza, E., Svendsen, B. A. пайымдауынша, жастардың тілдік сәйкестілігін қалыптастыруда олардың әртүрлі тілдерге және сол тілдерде сөйлейтін адамдарға деген қарым-қатынасы ерекше рөл атқарады [137, б. 276].

Зерттеулер көрсеткендей [120, б. 15-16], тілге деген көзқарас мынадай сұрақтар арқылы көрініс табады: адамдар қандай тілдерді (немесе олардың диалектілерін) жоғары бағалайды, ал қай тілдерді төмен қояды; белгілі бір тілде сөйлейтін адамдар туралы қандай стереотиптер қалыптасқан; титулдық тілде акцентпен сөйлейтін адамдарға деген қоғамдық қабылдау қандай

Әдетте тілге көзқарастың (қарым-қатынастың) екі негізгі түрі байқалады. Біріншісі, позитивті және толерантты көзқарас – акцент пен қателіктерге жоғары төзімділік таныту, әртүрлі тілдік ерекшеліктерді құрметтеу, қарым-қатынас орнатуға, ынтымақтастық пен өзара көмекке ұмтылу. Екіншісі, негативті және толерантсыз көзқарас – акцент пен тілдік қателіктерге төзбеушілік, қарым-қатынас пен ынтымақтастықтан бас тарту, сөйлеу ерекшеліктерін келемеждеу немесе әзіл ету нысанына айналдыру. Осы аталған факторлар жастардың тілге деген ішкі қатынасын және сәйкесінше олардың тілдік сәйкестілік құрылымын айқындаушы маңызды элементтер болып табылады.

Зерттеуіміздің эмпирикалық базасы болып табылатын сауалнама жауаптарынан тілге қарым-қатынас бөлімінің нәтижелеріне тоқталайық. Тілдерді білу маңыздылығын бағалау нәтижелері: қазақ тілінің маңыздылығының орташа көрсеткіші – 4,7 балл, орыс тілінің маңыздылығы – 3,5 балл, ағылшын тілінің маңыздылығы – 4,2 балл.


Респонденттердің 95 %-ы Қазақстан азаматы үшін қазақ тілін білу міндетті деп есептейді. Сонымен бірге, ағылшын тілін білу қажеттілігі де (70 %) жоғары деңгейде мойындалған.

Болашақ ұрпағы үшін жастар көбіне қазақ (98 %), ағылшын (80 %) және орыс (50 %) тілдерін меңгергенін қалайды.

Тілге деген құрметтің негізгі себептері ретінде: бала кезден алған тәрбие – 50 %, білім беру жүйесі – 30 %, қоғамдық орта – 15 % көрсетілді.

«Сіз қай тілде сөйлегенде өзіңізді сенімді және еркін сезінесіз?» деген сұраққа респонденттердің шамамен 68 %-ы қазақ тілінде сөйлегенде өздерін сенімді әрі еркін сезінетіндерін айтты, ал 35 %-ы орыс тілінде сөйлескенде өзін барынша сенімді сезінеді. Тек 5 %-ға жуығы ағылшын тілінде өзін емін-еркін сезінетінін көрсеткен, бұл негізінен ағылшын тілін еркін меңгерген жастар саны өте аз екенін байқатады. Тағы бірнеше студент ана тілі қазақ немесе орыс емес (мысалы, өзбек тілі) болғандықтан, өзге тілде (өзбекше) сөйлегенде ғана өзін сенімді сезінетінін жазған.

Жалпы алғанда, жастар өзі еркін меңгерген ана тілінде коммуникация жасағанда өзін жайлы сезінеді деуге болады. Екі тілде бірдей өскен кейбір қатысушылар бір тілді таңдау қиын болғанын айтқанмен (бір тілге басымдық беруге қиналған), жауап беру барысында көбісі өзі жиірек пайдаланатын тілін таңдаған. Бұл нәтижелер қазақ жастарының негізгі бөлігі үшін қазақ тілі – ең өзіне жақын, ал айтарлықтай бөлігі үшін орыс тілі – ең ыңғайлы тіл болып тұр (көп жағдайда бұл олардың алғашқы тілі немесе үйреншікті тілдік ортасы).



Сурет 13 – Қазақ тілін білу маңыздылығын бағалау үлесі


«Қазақ тілін білу қаншалықты маңызды деп санайсыз?» деген сұраққа берілген жауаптар респонденттердің басым бөлігі қазақ тілін өте маңызды деп санайтынын көрсетті. Нақтырақ: 5 балл (өте маңызды) бергендер – 80 %; 4 балл – 12 %; 3 балл – 5 %; 2 балл немесе 1 балл (маңызды емес) – 2-3 % ғана; жауап беруге қиналғандар – шамамен 1 % (сурет 13).

Бұл деректер қазақ тілінің жастар үшін этникалық және азаматтық сәйкестіліктің негізгі факторы екенін көрсетеді. Студенттердің басым бөлігі қазақ тілін білу өздерін толыққанды қазақстандық сезіну үшін аса қажет деп есептейді.

«Орыс тілін білу қаншалықты маңызды?» деген сұраққа жауаптар былайша бөлінді: 5 балл – 30 %; 4 балл – 25 %; 3 балл – 25 %; 2 балл – 15 %; 1 балл (маңызды емес) – 3-5 %; жауап беруге қиналғандар – 2 % (сурет 14).


Респонденттердің пікірлерінен орыс тілінің күнделікті өмірде және кәсіби коммуникацияда белгілі бір маңызды рөл атқаратыны байқалады.

Алайда қазақ тіліне қарағанда орыс тіліне деген маңыздылық деңгейі төменірек.




Сурет 14 – Орыс тілінің маңыздылығын бағалау үлесі

«Ағылшын тілін білу қаншалықты маңызды?» деген сұраққа алынған жауаптар: 5 балл – 60 %; 4 балл – 20 %; 3 балл – 10 %; 2 балл – 5 %; 1 балл (маңызды емес) – 2 %; жауап беруге қиналғандар – 3 % (сурет 15).



Сурет 15 – Ағылшын тілінің маңыздылығын бағалау үлесі

Бұл мәліметтер ағылшын тілінің жастар арасында практикалық, жаһандық және кәсіби қажеттілік ретінде аса маңызды болып саналатынын көрсетеді. Яғни, қазақ тілі – ұлттық бірегейлік үшін, ал ағылшын тілі – халықаралық мүмкіндіктер үшін маңызды деп қабылданады.



Сурет 16 – Қазақстан азаматтары білуі тиіс тілдер

Бұл мәліметтер ағылшын тілінің жастар арасында практикалық, жаһандық және кәсіби қажеттілік ретінде аса маңызды болып саналатынын көрсетеді. Яғни, қазақ тілі – ұлттық бірегейлік үшін, ал ағылшын тілі – халықаралық мүмкіндіктер үшін маңызды деп қабылданады.

«Тілге деген құрметіңіз қандай факторларға байланысты?» деген сұраққа жауаптар мынадай пропорцияда бөлінді: бала кезден алған тәрбие – 50 %; білім беру жүйесі – 30 %; қоғамдық орта – 15 %; мамандық қажеттілігі – 4 %; басқа факторлар – 1 %; жауап беруге қиналғандар – 0,5 %.

Көріп отырғанымыздай, тілге деген құрметтің негізгі көзі – отбасылық тәрбие және мектеп жүйесі. Бұл дерек тілге деген қатынас ең алдымен балалық шақтағы тілдік орта арқылы қалыптасатынын дәлелдейді.

«Қазақстан азаматы қандай тілді білуі керек?» деген сұраққа жауаптар келесідей: қазақ тілі – 95 %; ағылшын тілі – 70 %; орыс тілі – 65 %; басқа тілдер – 5 %; жауап беруге қиналғандар – 2 % (сурет 16).

Қазақ тілі басым тіл ретінде қабылданса да, ағылшын және орыс тілдерінің маңыздылығы да мойындалады. Бұл көптілділік талаптарын ұлттық сәйкестілікпен ұштастыра білуді көрсетеді.

«Болашақта балаларыңыз қандай тілдерді білгенін қалайсыз?» деген сұрақтың нәтижелері: қазақ тілі – 98 %; ағылшын тілі – 80 %; орыс тілі – 50 %; басқа тілдер – 5 %; жауап беруге қиналғандар – 2 %. Бұл нәтижелер болашақта да қазақ тілінің негізгі тіл ретінде сақталатынын және ағылшын тілінің екінші негізгі тілге айналатынын, ал орыс тілінің рөлі біршама төмендейтінін болжауға мүмкіндік береді.

18-25 сұрақтар бойынша алынған нәтижелер қазақ жастары үшін тілдік сәйкестіліктің, функционалдық тілдік құзыреттіліктің және болашақ бағдарлардың үйлесімділігін көрсетеді. Қазақ тілі – негізгі ұлттық сәйкестілік тілі, ағылшын тілі – жаһандық интеграция құралы, ал орыс тілі – әлі де маңызды, бірақ біртіндеп екінші планға ауысып келе жатқан тіл ретінде қабылданады.

Бәйкердің пайымдауынша, тілге деген қарым-қатынас адамның мінез-құлқын түсіндіру мен болжауға мүмкіндік береді [138, б. 67]. Сондықтан тілдік ұстанымдарды тікелей өлшеу мүмкін емес, олар сыртқы тілдік мінез-құлықты талдау арқылы зерттеледі.

Осыған орай, жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасуындағы тілге қарым-қатынас маңызын аңқытау үшін жартылай құрылымдалған сұхбат жауаптарына тоқталайық.

Кесте 9 – Сұхбат респонденттерінің әлеуметтік сипаттамасы

Референттік топ	Орыс тілі басым қазақтар	Қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері	Орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері
Жынысы	A1 ер A2 әйел A3 әйел	B1 ер B2 әйел B3 ер	C1 ер C2 ер C3 әйел
Ана тілі	A1 орыс тілі A2 орыс және қазақ тілі A3 орыс тілі	B1 қазақ тілі B2 қазақ және өзбек тілі B3 қазақ тілі	C1 орыс тілі C2 орыс тілі C3 орыс тілі
Ұлты /әкесінің ұлты	A1 қазақ A2 қазақ A3 қазақ	B1 неміс B2 өзбек B3 татар	C1 неміс C2 кәріс C3 украин
Анасының ұлты	A1 украин A2 қазақ A3 қазақ	B1 қазақ B2 өзбек B3 қазақ	C1 орыс C2 кәріс C3 орыс
Тұрғылықты жері	A1 Астана қ. A2 Ақтөбе қ. A3 Петропавл қ.	B1 Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд. B2 Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд. B3 Өскемен қ.	C1 Петропавл қ. C2 Астана қ. C3 Солтүстік Қазақстан обл., Есіл ауд.

Өткізілген 20 сұхбаттың 9-ы ғана зерттеу жұмысына таңдалып алынды. Негіздеме: алдыңғы бөлімде ана тілі мен этникалық сәйкестіліктің арасындағы байланыстың маңыздылығы дәлелденген соң, бұл бөлімде келесі үш референттік топқа, орыс тілі басым қазақтар (А тобы), қазақ тіл басым өзге ұлт өкілдері (В тобы) және орыс тілі басым өзге ұлт өкілдеріне (С тобы) тоқталдық.

Аталмыш үш референттік топтың (кесте 9) тілдік сәйкестілігі мен тілдік тәжірибесі арасындағы байланысты аша түсу үшін сапалық әдіс – жартылай құрылымдалған сұхбат (қосымша Б) қолданылды.

А тобының респонденттері қалалық ортада өскен, орыс мектебінде оқыған және тілдік сәйкестіліктері этникалық сәйкестілікпен тең емес. Бұл топқа этникалық қазақ респонденттер кіреді, қазіргі тілдік тәжірибесінде орыс тілі басым.

В тобына кіретін респонденттер этникалық жағынан өзге ұлт өкілдері бола тұра, қазақ тілін басты тіл ретінде меңгеріп, сол тілдік ортада ер жеткен. Бұл респонденттердің барлығы қазақ тілді әлеуметтік ортада тәрбиеленген, қазақ мектебін бітірген. Олар үшін қазақ тілі – тілдік және әлеуметтік сәйкестіліктің негізгі құрамдас бөлігі.

С тобының респонденттері де өзге этникалық топтан шыққан, ана тілі ретінде орыс тілін көрсетіп, оның басымдығын күнделікті өмірде сақтап отыр. Бұл топ мүшелері негізінен солтүстік өңірлерде, қалалық және орыс тілді әлеуметтік ортада өмір сүреді. Олардың тілдік сәйкестілігі көбіне этникалық емес, тілдік тәжірибеге негізделген.

«Тілге қатысты ыңғайсыздық сезімі туындайтын жағдайлар болды ма? Болса қандай?» деген сұраққа А тобының респонденттері келесідей жауап берді. Қазақ тілінде сөйлегенде қателік жасаймын ба деген қорқыныш; басқа адамдардың бағалауынан қысылу сезімі байқалған. Бұған себеп ретінде өз тілін жақсы меңгермегенін және ортаның талапшылдығын атайды.

Мысалы А1 жауабынан ортаның талапшылдығынан өзін бөгде сезініп, тілдік сәйкестілігін анықтауда этникалық сәйкестілігінен алшақтауы байқалады: «Қазақ тілінде сөйлеу кезінде кейде мені түсінбей қалады деген үрей болады. Аулада қазақша сөйлейтін достарым бар, мен қазақша сөйлесем, олар күледі. Акцентің қызық дейді, маған орыс деп ат та қойып қойды. Ал менің атым Омар».

«Сіз болашақта қай тілдерді еркін меңгергіңіз келеді? Балаларыңыз қай тілдерді білсе екен дейсіз? Неліктен?» деген сұраққа респонденттердің барлығы ағылшын тілін еркін меңгергісі келетінін; балаларының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгергенін қалайтынын айтқан. Бұл олардың тілдік сәйкестілік дағдарысын өз балалары арқылы түзеткісі келетінін көрсетеді.

В тобының респонденттері, яғни қазақ тілді өзге ұлт өкілдері «Тілге қатысты ыңғайсыздық болған ба? Болса қандай?» сұрағына көп жағдайда орыс немесе ағылшын тілінде сөйлеу кезінде ыңғайсыздық туғанын мәлімдеді. Респонденттер бұл тілдерде сөзді дәл жеткізе алмау, тілдік қордың шектеулілігі, акценттен қысылу сынды қиындықтар болғанын айтты.

«Сіз болашақта қай тілдерді еркін меңгергіңіз келеді? Балаларыңыз қай тілдерді білсе екен дейсіз? Неліктен?» деген сұраққа барлығы ағылшын тілін терең меңгергісі келетінін; қазақ тілін сақтап қалу және ұрпаққа үйрету парыз екенін; балаларының үш тілді меңгеруі маңызды екенін атап өткен.

В тобының респонденттері этникалық жағынан өзге ұлттан шықса да, тілдік сәйкестілігін қазақ тілімен сәйкестендірген. Бұл олардың тілдік тәжірибесінің қалыптасуында отбасылық тіл мен әлеуметтік ортаның басымдығын көрсетеді. Олардың қазақ тіліне деген қатынасы эмоциялық, тұлғалық және практикалық деңгейде берік орныққан.

Бұл топ респонденттері қазақ тілін тек құрал ретінде емес, өзінің мәдени және тұлғалық сәйкестігінің негізі ретінде қабылдайды. Олар үшін қазақ тілі – «жүрек тілі», ал орыс және ағылшын тілдері – қажеттілікке байланысты қосымша тілдір.

С тобының респонденттері, яғни орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері «Тілге қатысты ыңғайсыздық сезімі туындайтын жағдайлар болды ма? Болса қандай?» деген сұраққа келесідей жауап берді. Ыңғайсыздық болады, әсіресе қазақ тілінде сөйлеу керек болған жағдайда. Олар қоғамдық орындарда немесе мемлекеттік мекемеде қазақша сөйлеуге мәжбүр болған сәттерді ыңғайсыз деп сипаттаған.

«Сіз болашақта қай тілдерді еркін меңгергіңіз келеді? Балаларыңыз қай тілдерді білсе екен дейсіз? Неліктен?» деген сұраққа барлығы ағылшын тілін еркін меңгеру – басты мақсат екенін; орыс тілі – басым тіл ретінде сақталуы тиіс екенін; қазақ тіліне қатысты көзқарас бейтарап немесе ішінара мемлекеттік тіл болғандықтан міндет ретінде қарастырылады.

Үш топтың да жауабынан байқауға болатын ерекшелік – үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) де меңгеріп, жетік білуге деген ұмтылыс.

Мысалы, А3 жауабы: «Қазақ тілін жетік білгім келеді. Себебі мемлекеттік қызметке барғым келеді, ол жерде қазақ тілін жоғары деңгейде білу керек деп ойлаймын. Сондықтан қазақ тілі курсына жазылып қойдым. Ағылшын тілін де еркін меңгергім келеді. Балама үш тілді де үйретемін, қазақ, орыс, ағылшын. Үшеуі де керек болады деп ойлаймын». В2 жауабы: «Мен үшін өзім біліетін барлық тіл маңызды. Әрқайсысын әртүрлі ортада қолданамын. Мысалы үйде қазақ тілі мен өзбек тілін араластырып сөйлейміз. достарыммен, мектепте тек қазақша. кейбір мекемелерге барғанда орысша қазақша араластырып сөйлеймін. Қазақша сөздер есіме түс пей қалғанда кей сөздерді орысша айтуға тура кеп қалады. Және мен ағылшын тілін өте жақсы білемін. Америкаға баруды жоспарлап жүрмін. Сондықтан бұл тілді еркін меңгеріп алдым».

Ал В тобы мен С тобына, яғни өзге ұлт өкілдеріне ортақ ерекшелік: мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін айрықша құрметтеп, жетік меңгеруге тырысып, тілдік курстарға жазылуы.

Мысалы, В2 жауабы: «Қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі көптеген өзге ұлт өкілдерімен түсінісе алатын тіл, ал ағылшын тілі технология мен білімнің тілі, халықаралық тіл, саясаттағанда да керек». С1 жауабы: «Қазақ және ағылшын тілдерімді дамытуым керек. Қазақстанның әр азаматы қазақ тілін

білуі тиіс». С2 жауабы: «Қазір бастысы қазақ тілін үйрену. Достарыммен қазақша сөйлесіп үйреніп жүрмін». Бұл екі топта азаматтық сәйкестілік ықпалымен тілге деген қатынасы тілдік сәйкестілігін анықтауға әсер етіп тұр деп тұжырымдауға болады.

С. Бэйкердің [131, б. 78] классификациясы бойынша тілдік ұстанымдар екі негізгі бағытта көрінеді: инструменталды мотивация (прагматикалық себептер: кәсіби пайда, әлеуметтік мәртебе, жеке жетістік); интегративті мотивация (тілдік топпен және оның мәдениетімен сәйкестену).

С. Бэйкердің пікірінше, тілге деген ұстанымдар өмір бойы өзгеруі мүмкін. Жас, жыныс, тілдік шығу тегі, білім беру ортасы, мәдени контекст және танымал мәдениет секілді факторлар тілге деген қатынасты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [138, б. 90].

Барлық үш топ респонденттері Қазақстандағы көптілділік саясатын қолдайды. Әсіресе, ағылшын тілін меңгеруді болашақ мақсатпен байланыстырады – мансап, білім, шетелмен байланыс. Бұл – тілдің утилитарлық құндылығын көрсетеді. А және С топтары қазақ тілін меңгеруді мемлекеттік талап ретінде бағалайды, бірақ оны өз сәйкестілігінің өзегі ретінде қарастырмайды. В тобы қазақ тілін тұлғалық, ұлттық және мәдени қажеттілік деп есептеп, оны ұрпаққа жеткізуді парыз ретінде қабылдайды.

Тілдік ұстанымдар тілдің сақталуына, жойылуына немесе жаңғыруына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Әсіресе көптілділік жағдайында тілге деген оң көзқарас екі тілді тең дәрежеде меңгеруге ықпал етеді. Керісінше, әлеуметтік мәртебесі жоғары тілге бағытталған ұстаным азшылық тілдерінің қолдану аясының тарылуына және тілдік сәйкестіліктің әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Финляндия ғалымдары К. Замятин, А. Пасанен, Я. Саарикиви тұжырымдауынша, бүгінгі қоғам бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді қатысуымен қалыптасады. БАҚ жастарға еліктеуге арналған үлгілер ұсынады, сол арқылы жастар жаңа сөздер мен тілдік қолданыстарды меңгереді. Егер азшылық топтардан шыққан балалар өз тілінде сөйлейтін жарқын қоғамдық тұлғаларды көріп, солармен өзін сәйкестендіре алатын болса, бұл олардың тілге деген ұстанымына және тілдік таңдауларына айтарлықтай әсер етуі мүмкін [74, б. 44].

Осы тұжырымды дәлелдейтін зерттеу сұхбатынан алынған жауаптар келесідей: «Қазір орыс тілді блогерлер де қазақ тіліне ауысып жатыр. Бұл да қазақ тілінің кең таралып келе жатқанының белгісі деп ойлаймын. Соларға қарап мен де қазақша үйреніп жүрмін қазір» (жауап С1). Және тағы бір жауап: «Қазақша сөйлегендерді дұрыс түсінбей қалған жағдайлар болды. Сол кезде қысылып қалдым. Мемлекеттік тіл болған соң білуім керек деп ойлаймын. Бірақ мен үйренуге тырысып жүрмін. Қазақ тілді блогерлерді қарап жүрмін» (жауап С3).

Жастардың тілдік сәйкестілігінің қалыптасуында этникалық сәйкестілік, тілдік тәжірибемен қатар, маңызды рөл атқаратын құрамдас бөліктердің бірі – тілге қатынас.

Сондықтан жастардың тілдік тәжірибесі мен тілдік сәйкестілігін зерттеу барысында қоршаған ортаның, әлеуметтік жағдайлардың және жеке тәжірибенің ықпалын ескеру маңызды.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері студент жастардың тілдік сәйкестілігі көпқабатты, иерархиялық құрылымнан тұратынын көрсетті. Бұл құрылымның үш негізгі, танымдық-коммуникативтік, эмоциялық-бағалауыш және әлеуметтік-мәдени деңгейлерге бөлінуі қазіргі әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика және мәдени антропологиядағы теориялармен толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, көптілді ортада қалыптасқан студент жастардың тілдік сәйкестілігін үш деңгейден және бірнеше өзара байланысқан компоненттерден тұратын күрделі құрылымдық модель ретінде қарастыруға болады (сурет 17).

Бұл модель жастардың тілдік құзыреттілігі мен коммуникативтік тәжірибесін ғана емес, сонымен қатар олардың тілге деген эмоционалдық қатынасын, әлеуметтік интеграциясын және мәдени сәйкестігін де сипаттайды.



Сурет 17 – Көптілді студент жастардың тілдік сәйкестілігінің құрылымдық моделі

Танымдық-коммуникативтік деңгей көптілді тұлғаның тілдік білімінің, сөйлеу тәжірибесінің және тілдерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілетінің жиынтығын қамтиды. Яғни, жастардың тілдік сәйкестілігі ең алдымен тілдік құзыреттіліктің мазмұны мен деңгейіне байланысты айқындалады.

Әлеуметтік лингвистикалық теорияда [29], [138] тілдік сәйкестілік алдымен тілдік құзыреттілік пен тілдік қолдану арқылы қалыптасады деп көрсетіледі. Э.Д. Сүлейменова [36] мен О.Б. Алтынбекова [72] еңбектерінде көптілді ортада тілдік сәйкестену үдерісі ең әуелі коммуникативтік

функцияның негізінде айқындалатыны атап өтілген.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі құзыреттілігі, тілдік арақашықтықты сезінуі, коммуникативтік таңдауы олардың өзін белгілі бір лингвомәдени топпен сәйкестендіруінің бастапқы когнитивтік негізін құрайтыны дәлелденді.

Осылайша, танымдық-коммуникативтік деңгей тілдік сәйкестіліктің базалық қабатын құрайды, себебі тілдің меңгерілуі мен қолданылуы адамның өзін белгілі бір топ мүшесі ретінде тануына алғышарт жасайды.

Аталған деңгейдің негізгі компоненттері төмендегідей сипатталады:

- тілдік құзыреттілік – әр тілдегі сөйлеу, түсіну, аудару және ойлау қабілеті;

- функционалдық көптілділік – тілдерді түрлі әлеуметтік жағдайларда (отбасында, оқу орнында, ресми ортада, медиакеңістікте) орынды қолдану икемі;

- коммуникативтік бейімделу – көптілді орталар арасында еркін ауысып, контексті дұрыс таңдай білу қабілеті.

Осы деңгей жастардың тілдік сәйкестілігінің когнитивтік (танымдық) және әрекеттік негізін қамтамасыз етеді.

Эмоциялық-бағалауыш деңгей жастардың тілге деген ішкі қатынасы, сезімдік байланысы мен құндылықтық бағдары арқылы көрініс табады. Тілге эмоционалды тұрғыда берілгендік, оны өзінің тұлғалық «менімен» байланыстыру және тілдік таңдау себептері – осы деңгейдің мазмұнын анықтайтын басты белгілер.

Tajfel & Turner [35] әлеуметтік идентификация теориясында топпен сәйкестену эмоциялық құндылыққа негізделеді деп түсіндіріледі. Қазақстандық зерттеушілер [36], [63], [70] көптілді жастарда тілдер арасындағы эмоциялық-бағалауыш қатынас олардың этномәдени өзін-өзі тануы мен тілдік таңдауларына тікелей әсер ететінін көрсетеді. Сауалнама нәтижелерінде де студенттердің әр тілге берген құндылықтық бағасы, тілге жақындығы, тілді мақтаныш ресурсы ретінде қабылдауы олардың тілдік сәйкестілігінің екінші – эмоционалдық қабатын құрайтыны көрсетілді.

Эмоциялық-бағалауыш деңгейдің негізгі компоненттері төмендегідей:

- аффективтік байланыс – тіл арқылы өзіндік сәйкестікті сезіну, тілдің тұлғаның рухани кеңістігін қалыптастырудағы рөлі;

- тілдік лоялдылық (тілге адалдық) – ана тіліне және меңгерілген өзге тілдерге эмоционалдық және құндылықтық қатынас;

- мотивациялық бағдар – тіл үйрену мен қолданудағы ішкі түрткілер, яғни кәсіби қажеттілік, мәдени қызығушылық немесе әлеуметтік мәртебе.

Бұл деңгейде тіл тұлғаның ішкі әлемімен, оның эмоциялық және құндылықтық ұстанымдарымен өзара бірлікте қарастырылады.

Үшінші деңгей – әлеуметтік-мәдени деңгей. Көптілді қоғам жағдайында тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, әлеуметтік және мәдени интеграцияның маңызды механизмі болып табылады. Сондықтан бұл деңгей тұлғаның тілдік тәжірибесінің әлеуметтік контекспен және этникалық

сәйкестілікпен байланысын бейнелейді. S. Hall [21] мәдениет пен тілдің ажырамас бірлігін дәлелдеп, тілдік сәйкестіліктің ең жоғарғы деңгейі тұлғаның мәдени кодты игеруі екенін көрсетеді. Қазақстандық жастардың тілдік сәйкестілігі бойынша жүргізілген зерттеулер [73], [146] мәдени және әлеуметтік факторлар көптілді жастардың тілдік өзіндік санасының жоғары деңгейін айқындайды деген тұжырым жасайды.

Аталған деңгейдің негізгі компоненттері мыналар:

- этникалық сәйкестілік – тіл мен этностың тұтастығын сезіну, «ана тілі – менің тегім» деген сана үлгісінің орнығуы;

- әлеуметтік интеграция – көптілді қоғамда өз орнын табу, әртүрлі ортада тең дәрежеде қатысу, тіл арқылы әлеуметтік ұтқырлыққа қол жеткізу;

- мәдени-символдық құндылықтар – тілдің ұлттық мәдениеттің коды ретіндегі рөлі, дәстүр мен рухани мұрамен байланыс, мәдени репрезентация тетігі.

Бұл модель көптілді жастардың тілдік таңдауларын, тілдерге деген қатынасын, мәдени және әлеуметтік өзін-өзі сәйкестендіруін кешенді түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, тілдік сәйкестілік тек тіл меңгеру деңгейімен ғана шектелмейді; ол тұлғаның әлеуметтік ортасы, мәдени тәжірибесі мен құндылықтық бағдарларының тоғысында қалыптасатын кешенді психоәлеуметтік құбылыс ретінде танылады.

Ұсынылып отырған құрылымдық модель көптілді қазақстандық жастардың тілге деген қатынасы мен тілдік тәжірибесін біртұтас әлеуметтік лингвистикалық жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

3.3 Жастардың тілдік сәйкестілігіндегі ішкі қайшылықтар

Қазіргі жаһандану дәуірінде көптілді жастардың тілдік сәйкестілік дағдарысына ұшырау ықтималдығы ғылыми тұрғыда кеңінен зерттеліп, жиі талқыланатын мәселе болып табылады. Сәйкестілік, оның ішінде тілдік сәйкестілік, таңдамалы құбылыс ретінде, белгілі бір әлеуметтік және мәдени контексте қалыптасады, сондықтан жастардың бір тілдік сәйкестіліктен екінші тілдік сәйкестілікке көшуі олардың жеке сәйкестілігіне қатысты дағдарыс тудыруы мүмкін. Бұл жағдай, әсіресе, әлеуметтік танылу мен өзіндік қадір-қасиетті жоғалту қаупі туындағанда айқын байқалады. Осылайша, жастар өздерін «ұсқынсыз үйрек балапаны» күйінде сезінуі ықтимал.

Е.Ю. Протасованың пікірінше, сәйкестіліктердің өздері тұрақты немесе тұрақсыз сипатта болуы мүмкін, олар бір-бірінен айырмашылығы болуы, араласуы немесе тоғысуы мүмкін [139, б. 10]. Бұл тілдік сәйкестіліктің біртұтас және өзгермелі табиғатын көрсетеді.

А. Pavlenko, А. Blackledge пікірінше, Қазіргі кезеңдегі жаһандану, технологиялық дамудың үдеуі және көші-қон үдерістерінің артуы сияқты социологиялық және әлеуметтік-экономикалық құбылыстар нәтижесінде сәйкестіліктер бұрынғыдан әлдеқайда тұрақсыз бола бастады [140, б. 243-257].

Яғни, қазіргі жастардың тілдік сәйкестілігі де әлеуметтік ортаның өзгерісіне тәуелді болып келеді және динамикалық сипат алады.

Осы тұрғыда адамның тілдік сәйкестілігі бір жағынан оның жеке ерекшеліктері арқылы көрінсе (мысалы, мінез-құлық пен өмірлік ұстанымдары арқылы), екінші жағынан ол әрқашан әлеуметтік және мәдени орта арқылы қалыптасады. Қоршаған ортаның өзгерістері тілдік сәйкестілікке тікелей ықпал етіп, оның тұрақты немесе бейімделмелі сипатын айқындайды.

А.С. Маркосян атап өткендей [141, б. 97-102], «тілдік сәйкестілікке ықпал ететін маңызды факторлардың бірі – адамның тілдік доминанттылығы, яғни қай тілде жоғары деңгейде сөйлейтіндігі немесе қай тіл күнделікті өмірде басым қолданылатыны». Сонымен қатар, тұлғаның қай тілде алғаш сөйлей бастағаны және мектеп жасына дейінгі кезеңде қандай тілдік ортада тәрбиеленгені де тілдік сәйкестіліктің қалыптасуында шешуші рөл атқарады.

Осылайша, жастар арасындағы тілдік сәйкестілік ішкі қайшылықтармен сипатталуы мүмкін: бір жағынан, ана тілі мен этникалық сәйкестілікке ұмтылыс байқалса, екінші жағынан, әлеуметтік орта талаптарына бейімделу мақсатында басқа тілдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл жағдай жастардың тілдік сәйкестілігін күрделі әрі көпқырлы құбылыс ретінде қарастыру қажеттілігін айқындайды.

Сәйкестілік дағдарысы тілдік идеологияның қалдыптасуы мен қоғамның саясаттануында негізгі құрал тұрғысындағы маңызды қасиетін бұрынғыдан бетер көрсете отырып, қазіргі өзгеріс үстіндегі қоғамда өз жалғасын табуда.

Сондықтан ұлттық және тілдік сәйкестілік арасындағы, ана тілі арасындағы қатынастарды, оларды игеру дәрежесін, оның қолданылу салаларын, халықтың жаңа мемлекеттіліктің символы ретіндегі мемлекеттік мәртебе берілген қазақ тіліне қатынасын анықтау сәйкессіздендіру үдерістерін және жаңа тілдік сәйкестіліктің қалыптасуын түсінуде мейлінше қажетті болып шықты [142, б. 182]. Ал қоғамның белсенді бөлігі – жастардың тілдік сәйкестілігі дағдарысының алдын алу арқылы тілдік жағдаяттың тұрақтандыруға, тіл саясатын нәтижелі түрде жүзеге асырып, ұлттық бірегейлік пен қауіпсіздікті сақтауға ықпал етуге болады.

Тілдік сәйкестілік дағдарысы жастардың тілді таңдауы кезінде айқын көрінеді. Өйткені, өзін белгілі ұлтпен сәйкестендіретін әлеуметтік топ мүшелері үшін өзге тілді таңдау көп қиындықтар мен кедергілер туындатады. Сондықтан аталмыш үдеріс саналы түрде жүзеге асады [106, б. 202]. Сана-сезімі енді толығып, әлеуметтену үдерісінің белсенді кезеңіндегі жастар мінез-құлқында, таңдауында тұрақсыздық танытуы мүмкін.

Студент жастардың тілдік тәжірибесі мен тілдерді меңгеру деңгейлері бойынша сауалнама нәтижелерін талдай отырып, тілдік ерекшеліктеріне қарай респонденттерді мынадай категорияларға бөліп қарастырылды: қазақ тілі басым қазақтар; орыс тілі басым қазақтар; орыс тілі басым орыстар; қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері; орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері.

Бұл категориялардың ішінде этникалық сәйкестілігі мен тілдік сәйкестілігі сәйкес келмейтін үш топтың, яғни орыс тілі басым қазақтар, қазақ тілі басы өзге

ұлт өкілдері және орыс тілі басым өзге ұлт өкілдерінің тілдік ерекшеліктерін тереңірек зерттеу үшін жартылай құрылымдық сұхбат алынды. Тілдік дағдарыс мәселесі де осы үш топқа қатысты (кесте 10).

Г.С. Қойшыбаева, А.С. Қазмағамбетова пікірінше, көптілді жастардың тілдік сәйкестілік дағдарысы көбіне этникалық және тілдік сәйкестіліктер арасындағы қайшылықтар мен тіл мәртебесінің ауысуы секілді қоғамдағы түбегейлі өзгерістермен тығыз байланысты. Этникалық топтың тілін ауыстыру немесе жоғалту жағдайында, сол топтың мүшелері өз тілін өзгерткеніне қарамастан, қоғамда орныққан стереотиптер мен мәдени кодтардан арыла алмай, тілдік сәйкестілік дағдарысына тап болуы мүмкін. Бұл құбылыс, әсіресе тілдің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі немесе бір тілден екінші тілге көшу кезінде жиі кездеседі [143, б. 126].

Жартылай құрылымдалған сұхбат нәтижелері тілдік тәжірибе тек лингвистикалық дағды ғана емес, ішкі психологиялық реакциялармен де байланысты екен дәлелдейді. Және сол реакциялар тілдік қайшылықтап, яғни тілдік дағдырсты туындатады.

Кесте 10. Сұхбат респонденттерінің әлеуметтік сипаттамасы

Референттік топ	Орыс тілі басым қазақтар	Қазақ тілі басым өзге ұлт өкілдері	Орыс тілі басым өзге ұлт өкілдері
Жынысы	A1 ер A2 әйел A3 әйел	B1 ер B2 әйел B3 ер	C1 ер C2 ер C3 әйел
Ана тілі	A1 орыс тілі A2 орыс және қазақ тілі A3 орыс тілі	B1 қазақ тілі B2 қазақ және өзбек тілі B3 қазақ тілі	C1 орыс тілі C2 орыс тілі C3 орыс тілі
Ұлты /әкесінің ұлты	A1 қазақ A2 қазақ A3 қазақ	B1 неміс B2 өзбек B3 татар	C1 неміс C2 кәріс C3 украин
Анасының ұлты	A1 украин A2 қазақ A3 қазақ	B1 қазақ B2 өзбек B3 қазақ	C1 орыс C2 кәріс C3 орыс
Тұрғылықты жері	A1 Астана қ. A2 Ақтөбе қ. A3 Петропавл қ.	B1 Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд. B2 Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд. B3 Өскемен қ.	C1 Петропавл қ. C2 Астана қ. C3 Солтүстік Қазақстан обл., Есіл ауд.

Респонденттердің жауаптарынан өз тілімен сәйкестенбегенде – қысым, ұялу, бөгделік; өз тілімен сәйкестенгенде – еркіндік, сенімділік, қабылдану сезімі байқалды.

А тобының респонденттері, орыс тілі басым қазақтар қазақша сөйлегенде «қателік жасаймын ба», «түсінбей қалады ма» деген ішкі кедергілерді көрсетті.

Мысалы, «Қазақша сөйлеу керек болғанда, қатесіз сөйлеу керек деген қысым сеземін» (жауап А1). «Қазақ тілінде сөйлеу кезінде кейде мені түсінбей қалады деген үрей болады. Аулада қазақша сөйлейтін достарым бар, мен қазақша сөйлесем, олар күледі. Акцентің қызық дейді, маған орыс деп ат та қойып қойды. Ал менің атым Омар» (жауап А2).

Ал С тобы респонденттері қоғамдық ортада қазақша сөйлеу кезінде ыңғайсыздық пен сенімсіздікті атады. «Қазақша түсінбей қалу – ыңғайсыз. Өте ыңғайсыз мен үшін. Бала кезде онша білінбейтін еді. Қазір есейе келе тұрып жатқан мемлекетімнің тілін білуім керек деп ойлаймын» (жауап С1).

Бұл тіл мен эмоция арасындағы байланыстың тілдік сәйкестілікке тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Осы эмоциялар тілдік дағдарыс себебіне айналуы мүмкін.

Қазақстанда тілдік сәйкестілік үдерістері кеңестік кезеңнен кейінгі өзгерістерге байланысты, этникалық сәйкестілікпен тығыз байланыста қалып отыр. Примордалистік теория бойынша, этникалық сәйкестілік тілдік сәйкестілікпен тікелей байланысты және бұл байланыс адамдардың табиғи түрде туындайтын, олармен бірге қалыптасатын қасиеті ретінде қарастырылады.

Осыған сәйкес, этникалық топтың тілін меңгеру оның мүшелерінің осы топқа жататындығын білдіреді. Бұл ұстанымға сәйкес, тіл білмеу этникалық топқа жатпаудың белгісі болып саналады.

Дегенмен қазіргі қоғамда этникалық топтың өкілдері өздерінің ана тілін білмеген жағдайда да, өздерін сол топтың мүшесі ретінде танып, сезінуі мүмкін. Бұл құбылыс тілдің тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және символикалық мәнге ие екендігін көрсетеді.

Жаһандану үдерісі және оның әсерінен туындайтын мәдени және тілдік өзгерістер ұлттық тілдердің мәртебесін нығайту және сақтап қалу қажеттілігін алға тартады. Жастар арасында тілдік сәйкестіліктің өзгеруі тілдік идеологияның қалыптасуы мен қоғамдық трансформациялармен қатар жүреді. Бұл жағдайдағы тілдік сәйкестілік дағдарысы, әсіресе, жаһандық деңгейде түрлі мәдениеттердің өзара әсерлесуі және бірегейленуі тұрғысында айқын көрінеді.

Сонымен қатар, тілдік сәйкестілік дағдарысының тағы бір себебі – бір тілдік немесе этникалық сәйкестіліктің басымдылығы, яғни басқа тілдерге немесе этникалық сәйкестіліктерге деген қарсылықтың көрінісі. Бұл үдеріс жаһандануға қарсы реакция ретінде, өз ұлтының тілін жоғары қою қажеттілігімен байланысты. Көптілді қоғамдағы жастар өздерінің ана тілін қорғап қалуға тырысып, оны әлеуметтік және мәдени ортада үстемдікке жеткізуге ұмтылуы мүмкін.

Көптілді жастардың тілдік сәйкестілігіне қатысты дағдарыстың алдын алу үшін, тіл саясаты мен әлеуметтік бағдарламаларға бағытталған кешенді шаралар қажет. Бұл шаралар ұлттық тілдің мәртебесін арттыруға, жастардың өз тілдеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға, сондай-ақ көптілді қоғамда тілдік теңдікті сақтау арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталуы тиіс. Тілдік сәйкестілік дағдарысы мәселесін зерттеу қоғамның ұлттық және мәдени тұтастығын сақтауға ықпал етеді, бұл өз кезегінде тіл саясаты мен мәдени даму стратегияларын дұрыс таңдау мен іске асыруға мүмкіндік береді.

Э.Д. Сүлейменованың пайымдауынша, бүгінгі таңда байқалып отырған батысшылдану деңгейі тілдік экспансия, тілдік империализм, лингвофагия (тілдерді жою), американдық ағылшын тілінің мәдени-тілдік тоталитаризмі туралы айтуға мәжбүр етеді, ал дәстүрлі және таныс терминді қолданатын болсақ, тілдердің ретсіз және басқарылмайтын варварлануы туралы айтуға болады [73, б. 19].

Дегенмен, мәдениеттер мен ұлттық құндылықтардың толық бірігуі орын алған жоқ, керісінше, соңғы онжылдықтарда ұлттық бөлектену үрдісі, мәдени ерекшеліктерді анықтау және олардың басқа ұлттардан ерекшелігін көрсету артып келеді.

А.В. Павловская атап көрсеткендей, «мүмкін, мәдениеттерді біріктіруге, біріктіруге ұмтылған тенденция, кейде біркелкілік пен тұлғасыздыққа айналғаны, өздерінің ұлттық бастауларын ашуға деген ұмтылысты тудырған шығар. Қоғамның, сондай-ақ жеке тұлғалардың қайшылықтары тән рухы, өздерінің ұлттық мәдениетін игеруіне деген қызығушылықты арттырды». Ұлттық дәстүрлі салт-дәстүрлер, мерекелер, тұрмыстық заттар, музыкалық аспаптар және басқалар қайта жаңғыртылып жатыр [144, б. 108-118].

Өртүрлі мәдени және тілдік топтардың өкілдері арасында екі немесе одан көп тілдің бәсекелестік жағдайында туындайтын тілдік шиеленістің өсу мәселесі әр тілдің коммуникативтік қуаттылық деңгейімен тығыз байланысты. Осы параметр бойынша Л. Масенко тілдік жағдайларды теңдестірілген және теңдестірілмеген деп бөледі [145, б. 106].

Қазақтілділердің өз ұлттық тілін жоғары қою мәселесі орыстілділердің мемлекеттік тілге деген немқұрайлы қарым-қатынасынан туындайды.

К. Замятин, А. Пасанен, Я. Саарикиви пікірінше, Кеңес дәуірінен бастап біржақты екітілділік тәжірибесі қалыптасты, бұл тәжірибе бойынша көпшіліктің өкілдері жергілікті тілді білуге міндетті емес, тіпті сол тілдің иелмендерімен қоршалған ортада да бұл талап сақталмаған [74, б. 179].

Ең алдымен, Еуропада және әлемнің басқа бөліктерінде көптеген мемлекеттер ұлттық мемлекеттер болып табылады. Бұл олардың құрамында бір мемлекет қалыптастырушы ұлт бар екенін білдіреді, оның тілі бірден-бір ресми тіл болып табылады.

Ұлттық мемлекеттің идеологиялық түптамырлары неміс романтикалық философиясынан бастау алады. Бұл философияның негізінде ұлт, тіл және мемлекет арасындағы ажырамас байланыстың идеясы жатыр, оған сәйкес әрбір

ұлт өз мемлекетін құруға және өз тілін оның аумағында қолдануға құқылы болуы керек.

Алайда, шын мәнінде мемлекеттердің шекараларын тек ұлттық принцип бойынша қатаң түрде белгілеу мүмкін емес. Әлемде әртүрлі тілдік топтардың аумақтары қабаттасатын көптеген аймақтар бар. Сондықтан ұлттық мемлекеттерде әдетте ұлттық тіл мен мәдениеттен әлсіз жағдайда болатын ұлттар, тілдер мен мәдениеттер кездеседі.

Тарихи тұрғыдан, көптеген ұлттық мемлекеттер азшылықтарды негізгі халық құрамына ассимиляциялау үдерісін жүзеге асыруға тырысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, азшылықтардың позицияларын нығайту үшін көптеген шаралар қабылданды.

XXI ғасырдың басында ұлттық мемлекеттің идеологиясының әлемдік саясатқа әсері әлсіреген. Барлық елдер бір-біріне экономикалық және қаржылық байланыстар мен жалпы экологиялық проблемалар арқылы күннен-күнге тәуелді бола түсті [74, б. 32].

Басты мәселе – бұл сәйкестілік дағдарысының теріс салдарларын болдырмау және алдын алу. Бұл дағдарыс әсіресе интенсивті жаһандану кезеңінде пайда болуы мүмкін, өйткені жаһандану мен локализацияның күшті үдерістері қатар жүріп жатыр. Эрик Эриксон атап өткендей, «сәйкестілік дағдарысы» терең қоғамдық трансформациялар жағдайында туындайды [146, б. 24].

Қазақстан қоғамында байқалып отырған тілдік үдерістердің күрделілігі мен екіұштылығы, соңғы үш-төрт онжылдықта қазақ тілінің мәртебесін арттыру және оның барлық функцияларын қалпына келтіру бағытында белсенді жұмыс жүргізілуімен күшейіп отыр.

Жастар мен ересектердің рухани және тілдік құндылықтары арасында белгілі бір қайшылықтар пайда болып, әр түрлі ұрпақтар арасындағы дәстүрлі байланыстар күрделене түсті. Жастардан көп нәрсе күтілуде. Нақтырақ айтқанда, жастар, ұрпақтарынан сақталып келген, бірақ жоғалған мәдени ерекшеліктерді қалпына келтіре отырып, бүгінде қоғамда табысқа жетуді ең алдымен қазақ тілінің көмегімен жүзеге асыруға ұмтылуда [147, б. 164].

Әлеуметтену үдерісінде қалыптасып, тілдік сәйкестілік бізді жеке тұлға ретінде қалыптастырады. Ол біздің барлық болмысымызды қамтиды, бірақ көбінесе біз оны байқамаймыз, ауадағы тынысымызды сезінгеніміздей. Бірақ ауа құрамының өзгеруімен біз бұл өзгерістерге назар аударып, олардың себептерін түсінуге тырысамыз. Сол сияқты, тілдік сәйкестілік те, егер біз басқа, бөтен немесе одан да маңыздырақ, таныс емес нәрсеге тап болғанда, өзімізге айқын көрініс табады.

Бұл тілдік сәйкестіліктің тек коммуникациялық емес, символикалық табиғаты бар екендігімен де байланысты деп ойлаймын. Оның символикалық мәні, адамдар арасындағы қарым-қатынаста алмасатын таңбалар арқылы әрқашан белгілі бір мағына қалыптасатынымен түсіндіріледі. Бұл мағыналар өзімізге ашық болса, басқаларға жабық болуы мүмкін.

Сонымен қатар, социализацияның негізгі үдерісі – мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа беру, ал бұл үдеріс әрдайым коммуникацияда жүзеге асырылады және коммуникация әрқашан белгілі бір тілде жүреді. Сондықтан тіл әлеуметтенудің басты, бірақ бірден-бір емес арнасы болып табылады.

Тіл халықтың мәдениетін бейнелейді. Әрбір тіл ерекше, себебі халықтар, олардың мәдени дәстүрлері, өмір сүру жағдайлары және әлем бейнесі әртүрлі. Бір ғана ғаламдық тілдің болуы немесе тілдерді таңдау қажеттілігі халықтар арасындағы мәдени айырмашылықтарды жоюды, мәдени байлықтан бас тартуды білдіреді.

Тілдердің жойылуы – бұл тек бірнеше тіл білетін адамдар үшін ғана емес, бүкіл әлемдік мәдени мұра үшін қауіп болып табылады. Сондықтан да біз қандай тілдерде сөйлейтініміз және оларды балаларымызға қандай тілдер ретінде беретініміз маңызды [74, б. 5].

Қоғамдағы тілдік үдерістер әлеуметтік лингвистикадағы тіл саясаты мен тілдік құрылыс сияқты категориялармен тығыз байланысты. Тіл саясаты – бұл ұлттық саясаттың бір бөлігі.

Ю.Д. Дешериевтің пікірінше, тіл саясаты – қоғамның тілдік жүйеге бағытталған саналы әрі мақсатты ықпалын білдіретін әлеуметтік категория. Ол белгілі бір идеологиялық және әлеуметтік қағидаттарға сүйеніп қалыптасады. Ғалымның анықтамасы бойынша, тіл саясаты – «тілдердің өзара әрекеттесуін, олардың қоғам өміріндегі орнын және қызметін айқындайтын, әртүрлі идеологиялық жүйелердің тілге қатысты саяси, теориялық және практикалық ұстанымдарының шоғырланған көрінісі». Басқаша айтқанда, тіл саясаты қоғамдағы тілдердің мәртебесі мен функциясын реттеуге бағытталған, саяси-идеологиялық негізі бар стратегиялық жүйе ретінде қарастырылады [148, б. 255].

Жүргізілген ғылыми-теориялық шолу мен жартылай құрылымдалған сұхбат нәтижелеріне негізделген талдау жастардың тілдік сәйкестілігі – күрделі, динамикалық және көпқабатты құрылым екенін көрсетті. Жаһандану, урбанизация, ішкі және сыртқы көші-қон, мемлекеттік тіл саясаты және білім беру жүйесіндегі өзгерістер сияқты факторлар жастардың тілдік таңдауы мен өзін-өзі тануына тікелей әсер етуде.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тілдік тәжірибе мен тілдік сәйкестілік арасында әрдайым үйлесім болмайды, бұл өз кезегінде тілдік сәйкестілік дағдарысына әкеледі. Этникалық тегі қазақ болғанымен, тілдік тәжірибесі орыс тіліне негізделген жастар (А тобы) ішкі қайшылыққа жиі ұшырайды: олар мемлекеттік тіл мен этникалық сәйкестілікке ұмтылса да, әлеуметтік-тілдік ортаның әсерінен қазақ тілін меңгеруде қиындық көреді, ал бұл қысым, ұялу, қабылданбау сезімін туындатады. Сәйкесінше, олар өз болмысын толық ашуда қиындық сезінеді, бұл жағдай тілдік сәйкестіліктің психоэмоциялық қырын айқындайды.

В тобының (қазақ тілді өзге ұлт өкілдері) респонденттері керісінше, этникалық тегінен бөлек қазақ тілімен өзіндік сәйкестену қалыптастыра алған. Бұл – отбасылық тілдік трансмиссия, әлеуметтік орта және мектеп тілі арқылы

қазақ тілін қабылдап қана қоймай, оны мәдени және тұлғалық сәйкестіліктің өзегіне айналдырған жастардың мысалы. Аталған топ өкілдері арасында тілдік сәйкестілік пен тәжірибе арасында қайшылық байқалмайды, бұл олардың өзіндік «менін» еркін, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік берген.

С тобының (орыс тілді өзге ұлт өкілдері) респонденттері үшін тілдік сәйкестілік этникалық тегіне тәуелді емес, керісінше, орыс тілді әлеуметтік орта мен отбасыда қалыптасқан тәжірибеге негізделген. Бұл топта қазақ тілін игеру қажеттілік ретінде қабылданғанымен, ішкі сәйкестілік деңгейінде ол өз орнын таппаған. Мұндай жағдайда тілдік қажеттілік пен ішкі тілдік қабылдаудың арасындағы алшақтық та жасырын психологиялық шиеленіс тудыруы мүмкін.

Осылайша, тілдік сәйкестілік үдерісін зерделеу барысында бірнеше маңызды тұжырым жасалды:

1. Тілдік сәйкестілік – тек тілдік құзыреттілік емес, сонымен бірге сезім, сенім және әлеуметтік қабылдау тәжірибесіне негізделген құбылыс;

2. Тілді меңгеру мен оны қолдану ішкі сенімділікпен және әлеуметтік жайлылықпен тікелей байланысты;

3. Сәйкестілік дағдарысы – студент жастардың өзіне деген сенімділігіне, ұлттық бірегейлікті сезінуіне және болашақ бағдарын анықтауына ықпал ететін маңызды фактор.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тілдік сәйкестіліктегі ішкі қайшылықтар негізінен кең қолданыстағы, белгілі бір мәртебесі бар тілді білмеуден немесе қолданбаудан туындайды. Бұл тілдік сәйкестіліктің ішкі қабатының [58, б. 25] мәселесі. Зерттеуімізде студент жастардың тілдік сәйкестілігін ішкі қабаты арқылы анықтауда нақты индикаторлар арқылы мемлекеттік тіл мәртебесі бар қазақ тілін қарастырдық (кесте 11). Өйткені, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» [87] деп көрсетілген.

Кесте 11 – Ішкі қабаты бойынша тілдік сәйкестілікті анықтау индикаторлары

Тілдік құзыреттілік	Тілді біледі	Тілді білмейді
Тілдік тәжірибе	Тілді қолданады/қолданбайды	Тілді қолданбайды
Тілге қатынас	Оң/теріс	Оң/теріс/нейтрал

Эксперименттік сауалнама және жартылай құрылымды сұхбат нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тіліне қатысты ішкі қабаты бойынша студент жастардың тілдік сәйкестілігінің келесідей типтерін ажыратуға болады:

- тілді біледі, қолданады, тілге қатынасы оң (А);
- тілді біледі, қолданбайды, тілге қатынасы теріс (В);

- тілді білмейді, қолданбайды, тілге қатынасы оң (C);
- тілді білмейді, қолданбайды, тілге қатынасы теріс (D);
- тілді білмейді, қолданбайды, тілге қатынасы нейтрал (E).

А типі (*белсенді*) тілдік сәйкестіліктің ең мықты формасын көрсетеді. Олар тілді толық меңгерген, оны күнделікті өмірде белсенді қолданады және тілге деген жоғары құрмет пен оң көзқарасқа ие. Бұл топ – тілдің дамуы мен кеңеюінің негізгі қозғаушы күші, тілдік нормаларды сақтаушы және оны келесі ұрпаққа жеткізуші.

В типі (*дағдарысты*). Бұл топ тілдік құзыреттілікке ие болғанымен, оны қолданудан бас тартады немесе теріс қатынаста болады. Теріс қатынас тілдік ортаның ықпалына, функционалдық қажеттіліктің жоқтығына немесе жеке тұлғалық/саяси себептерге байланысты болуы мүмкін. Бұл топ тілді біле тұра, оның қолдану аясын шектейді, бұл тілдің әлеуметтік функциясын төмендетуі мүмкін.

С типі (*әлеуетті*) тілдік білімі (құзыреттілігі) жоқ болса да, тілге деген оң көзқарасы бар. Олар тілді үйренуге немесе оның мәртебесін көтеруге ынталы болуы мүмкін. Бұл топ – мемлекеттік тіл саясаты мен тілді оқыту бағдарламаларының негізгі нысаны. Олардың оң қатынасы тілді үйрену үдерісін жеңілдетеді.

Д типі (*шектелген*) тілдік сәйкестіліктің ең қиын жағдайын көрсетеді. Тілді білмеуі, қолданбауы және оған деген теріс қатынасы тілдік қоғамдастықтан шеттетілуді білдіреді. Бұл топты тілдік ортаға интеграциялау қиынға соғады, себебі оң қатынастың жоқтығы оқуға деген мотивацияны төмендетеді. Бұл мәселе әлеуметтік-мәдени және психологиялық кедергілерді тереңірек зерттеуді талап етеді.

Е типінің (*бейтарап*) тілдік білімі жоқ, қолданбайды, бірақ тілге деген қатынасы бейтарап. Олар тілді үйренуге ашық болуы мүмкін, егер олар үшін функционалдық қажеттілік туындаса немесе оқуға жеткілікті мотивация берілсе. Нейтралдық – жұмыс істеуге болатын бастапқы нүкте, бірақ оны оң қатынасқа ауыстыру үшін нақты ынталандыру шаралары қажет.

Нәтижесінде қозғаушы күш (А типі) тілді сақтап, дамытатын негізгі ядро, әлеуетті резерв (С және Е типтері) тиісті жағдайда белсенді қолданушыға айналуы мүмкін студент жастар. Мәселелі аймақ (В және D типтері) тілдік саясат тұрғысынан ерекше назар аударуды талап етеді.

Сауалнама нәтижесі бойынша мемлекеттік тілге қатысты В типі және D типінің көрсеткіштері 3 % және 1 % құрап отыр. Бұл салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш болғанымен, тілдік сәйкестілігінде ішкі қайшылығы бар жастар әлеуметтік тобының өкілдері бар екенін көрсетеді. Жалпыхалықтық немесе жастардың әлеуметтік тобының бірнеше топшалары қамтылған кезде көрсеткіштер өзгеруі мүмкін екені ескерілуі тиіс.

Сәйкестілікке қатысты бұл ішкі қайшылықтардың орын алуы Қазақстандағы ұлттық бірегейлік пен тілдік саясат үшін елеулі мәнге ие. Мемлекеттік тілдің символдық мәртебесін нығайту тек сыртқы реттеумен емес, жастардың ішкі қабылдауын күшейту арқылы жүзеге асуы тиіс. Бұл үшін тіл

саясаты мәдени трансмиссия мен әлеуметтену тетіктеріне, білім мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасатын тілдік бейнелерге, сондай-ақ тілмен байланысты эмоциялық тәжірибеге назар аударуы керек. Сонымен қатар, жастар арасындағы тілдік сәйкестілік дағдарысының алдын алу үшін: ұлттық тілдің эмоциялық және прагматикалық құндылығын арттыру; көптілді жастар үшін баламалы тілдік модельдер ұсыну; этникалық емес, функционалды тілдік сәйкестілікке бағытталған қолдау жүйелерін қалыптастыру қажет.

Студент жастардың тілдік сәйкестілігінің ішкі құрылымына қарай анықталған бес типке сүйене отырып, тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту мақсатында кешенді және дифференциалды (жекеленген) шешімдер ұсынылады:

1. Белсенді тілдік сәйкестілік типіне қатысты ұсыныстар бұл топтың тілдік көшбасшылық рөлін нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік мекемелерде, іс қағаздарында және БАҚ-та сапалы әрі нормаға сай қазақ тілінің қолданылуын қатаң бақылау арқылы осы топтың тілдік стандартты сақтаушы ретіндегі рөлі күшейтіледі. Сонымен қатар, жоғары сапалы қазақтілді ғылыми, танымдық және мәдени контенттерді өндіруге мемлекеттік гранттар мен тапсырыстарды ұлғайту арқылы тілдің мәдени капиталы мен имиджі арттырылады.

2. Дағдарысты тілдік сәйкестілік типі үшін ішкі қайшылықты шешу және теріс мотивацияны өзгерту басты міндет болып саналады. Бұл топтың теріс қатынасының негізгі себептерін анықтауға бағытталған әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізіліп, соған сәйкес коммуникациялық стратегияны өзгерту қажет. Кәсіби функционалдандыру мақсатында экономиканың түрлі секторларында қазақ тілін білуді мансаптық өсумен тікелей байланыстыратын нормативтік талаптарды енгізу ұсынылады. Тілді білетін, бірақ қолданбайтын тұлғалар үшін сөйлеу дағдысын жаңғыртуға бағытталған арнайы «тілдік кедергіні жеңу» бағдарламаларын ұйымдастыру маңызды.

3. Әлеуетті тілдік сәйкестілік типі оң қатынасқа ие болғандықтан, негізгі ұсыныс осы қатынасты нақты білімге айналдыруға бағытталады. Мемлекеттік тіл үйрену курстарының сапасын, әдістемесін және географиялық қолжетімділігін арттыру қажет. Оқыту үдерісінде қатысушының оң көзқарасын сақтап қалу үшін инновациялық және ойындық (геймификация) элементтерін белсенді қолдану оқу үдерісін жеңілдетеді. Бұдан бөлек, белсенді топтың өкілдерін «тілдік тәлімгерлер» ретінде тартып, оларға тілдік ортада тәжірибе жинауға көмектесетін бағдарламаларды дамыту қажет.

4. Шектелген тілдік сәйкестілік типі тілдік сәйкестіліктің ең қиын жағдайы болғандықтан, алдымен әлеуметтік-психологиялық кедергіні жою қажет. Тілді оқытуды мәдени және әлеуметтік интеграциямен біріктіретін кешенді бағдарламалар енгізілуі тиіс. Бұл бағдарламалар тілді үйрену арқылы қазақстандық мәдениет пен тарихтың оң имиджін қалыптастыруға бағытталуы керек. Тілдік саясатта мәжбүрлеуден аулақ болып, қоғамда тілдік мәселелерге қатысты өзара сыйластық пен төзімділік атмосферасын қалыптастыру басты орында тұруы керек.

5. Бейтарап тілдік сәйкестілік типі үшін функционалдық қажеттілікті тудыру және ынталандыру негізгі стратегия болып табылады. Тіл білуді кәсіби мансаптық өсудің (мысалы, мемлекеттік қызметте, квазимемлекеттік секторда) маңызды факторы ретінде бекіту арқылы оларға прагматикалық ынталандыру беру қажет. Сонымен қатар, тіл үйренудің тікелей пайдасын (жаңа жұмыс, кең әлеуметтік орта) көрсететін, эмоционалды емес, нақты және прагматикалық ақпараттық науқандарды жүргізу арқылы бейтараптықты позитивті қатынасқа ауыстыруға болады.

Қазақстандағы үштілділік саясатын жүзеге асыру бастамаларының жастардың тілдік құзыреттілігін, мәдениаралық коммуникация дағдыларын және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырды. Әр топқа жеке тәсіл қолдану арқылы тілдік саясаттың тиімділігін арттыруға және қоғамдағы тілдік келісімді нығайтуға қол жеткізуге болады. Соның ішінде, үштілді білім беру бағдарламаларының тиімділігін жетілдіру және тілдік әрі мәдени интеграцияны тереңдету арқылы қоғамдағы әлеуметтік бірлікті нығайтуға болады [149].

Жалпылай алғанда, тілдік сәйкестіліктегі ішкі қайшылықтарды түсіну қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікке тікелей ықпал ететін, аса өзекті мәдени-саяси мәселе ретінде алдағы зерттеулерде тереңірек қарастырылуы тиіс.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

Жүргізілген сапалық зерттеу нәтижелері Қазақстан жастарының тілдік сәйкестілігі бірқабатты емес, кешенді және динамикалық құбылыс екенін көрсетті. Жастардың тілдік тәжірибесі, тілге деген қарым-қатынасы мен таңдауы олардың этникалық тегінен, әлеуметтік ортасынан, отбасылық тілдік трансмиссиядан, және қоғамдық нормалардан туындайды.

Бірінші тараушада жастардың тілдік тәжірибесіне талдау жасала отырып, олардың ана тілі, ішкі тілі мен күнделікті сөйлеу тілінің әртүрлі болуы тілдік сәйкестілікке тікелей әсер ететіні анықталды. Жастар бір тілде ойлап, екінші тілде сөйлеп, үшінші тілді болашаққа бағытталған құрал ретінде қолдануы мүмкін. Бұл көптілді тәжірибе сәйкестіліктің тұрақтылығы мен бағытын айқындауда шешуші рөл атқарады. Екінші тараушада жастардың тілге деген қарым-қатынасы зерттеліп, тілдерді қолдану тек функционалдық қажеттілікпен емес, эмоциялық және символикалық мәндермен де айқындалатыны белгілі болды. Қазақ тілі – кейбір респонденттер үшін мәдени және ұлттық парыз, кейбіреулер үшін ресми талап болса, орыс тілі – сенімділік пен күнделікті қатынас тілі ретінде танылды. Ағылшын тілі көбінесе болашақпен байланыстырылады. Тілге деген бұл көпқырлы көзқарас жастардың тілдік сәйкестілігін шартты әрі икемді етеді. Үшінші тараушада жастардың тілдік сәйкестілігіндегі ішкі қайшылықтар қарастырылды. Этникалық сәйкестілік пен тілдік тәжірибе арасында үйлесім болмауы, тілдік ортада қысым немесе бөгделік сезімі, бір тілмен сәйкестеніп, екіншісіне қатысты ыңғайсыздық сезіну – мұның бәрі тілдік сәйкестілік дағдарысының белгілері ретінде көрінді. Бұл

қайшылықтар әсіресе урбандалған, орыс тілді ортада өскен қазақ жастары мен өзге ұлт өкілдерінде айқын байқалатыны анықталды.

Зерттеу барысында көптілді орта жағдайындағы студент жастардың тілдік сәйкестілігіне талдау жасалып, тілдік тәжірибе мен этникалық-мәдени бағдарлардың арақатынасы негізінде бес шартты тип айқындалды. Эксперименттік сауалнама және жартылай құрылымды сұхбат нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тіліне қатысты ішкі қабаты бойынша студент жастардың тілдік сәйкестілігінің бес типі ажыратылды.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, көптілді ортада қалыптасқан студент жастардың тілдік сәйкестілігін үш деңгейден (танымдық-коммуникативтік, эмоциялық-бағалауыш, әлеуметтік-мәдени деңгей) және бірнеше өзара байланысқан компоненттерден тұратын күрделі құрылымдық модель ретінде қарастыруға болады.

Жастардың тілдік сәйкестілігі қалыптасу үстіндегі, үнемі өзгеріп отыратын, әлеуметтік, мәдени және психоэмоциялық факторларға тәуелді күрделі құрылым. Тілдік тәжірибе мен тілге деген қарым-қатынас, тілдік дағдылар мен ішкі сезімдердің өзара байланысы олардың өз «менін» анықтауда шешуші орын алады. Сондықтан тілдік сәйкестілікті зерттеу тек тілдік құзыреттілікпен шектелмей, оның сапалық, тұлғалық және әлеуметтік астарларын да қамтуы қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі Қазақстан Республикасының тілдік жағдаяты – тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық факторлардың өзара әрекеттесуінің күрделі нәтижесі. Елдегі этникалық және тілдік алуантүрлілік, мемлекеттік тіл саясатының дамуы, жаһандану үдерістері және еңбек нарығындағы өзгерістер Қазақстан жастарының тілдік сәйкестілігі мен көптілділігінің қалыптасу ерекшеліктеріне айтарлықтай әсер етеді. Оған қоса, екі құбылыстың өзара тығыз байланыстылығы екеуін қатар зерттеуді қажет етеді.

Біріншіден, Қазақстан – көпэтносты, көптілді мемлекет, және оның жас ұрпағы да осы тілдік ортада өмір сүреді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қатар қолданылуы жастардың бір ғана тілмен шектелуіне мүмкіндік бермейді. Жастардың тілді таңдау еркіндігі, олардың көптілділігі мен тілдік сәйкестілігін қатар қарастыру қажеттілігін тудырады.

Екіншіден, көптілділік тілдік сәйкестілікке әсер етеді. Жастар бірнеше тіл білсе де, олар өзін белгілі бір тілдік топпен сәйкестендіреді. Бұл сәйкестендіру объективті (қай тілде сөйлейді) және субъективті (қай тілді өзінің мәдени, этникалық немесе азаматтық сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдайды) факторларға негізделеді.

Үшіншіден, көптілділік тілдік сәйкестілік дағдарысына әкелуі мүмкін. Көптілді ортада өскен жастар кейде қай тілмен өзін сәйкестендіру керектігін анықтай алмауы мүмкін. Бұл «тілдік сәйкестілік дағдарысы» деп аталатын құбылысқа алып келеді. Мысалы: Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қолданатын жас қай тілді өзінің негізгі сәйкестілігі ретінде көреді? Орыс тілінде сөйлейтін қазақ жастарының бір бөлігі қазақ тіліне деген қатынасы қандай?

Төртіншіден, мемлекеттік тіл саясаты екі үдерісті де қатар дамытады. Қазақстандағы үштілділік саясаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін нығайта отырып, орыс және ағылшын тілдерінің коммуникативтік функцияларын сақтауды көздейді. Яғни, мемлекет бір мезгілде: қазақ тілін меңгеру арқылы тілдік сәйкестілікті нығайтуға; орыс және ағылшын тілдерін меңгеру арқылы көптілділік дағдыларын дамытуға басымдық береді.

Бесіншіден, жастар үшін көптілділік – қажеттілік, ал тілдік сәйкестілік – таңдау. Көптілділік – бүгінгі таңда еңбек нарығына бейімделу, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болу үшін қажет. Ал тілдік сәйкестілік – тұлғаның ішкі жан дүниесінің, мәдени және этникалық санасының көрінісі.

Мысалы: жастар ағылшын тілін меңгеруді қажет деп санаса да, оны өзінің тілдік сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдамайды. Кейбір жастар қазақ тілінде еркін сөйлемесе де, оны ұлттық және азаматтық сәйкестілігінің ажырамас бөлігі ретінде көреді.

Алтыншыдан, тілдік сәйкестілік әлеуметтік ортаның ықпалымен өзгеруі мүмкін. Жастардың тілдік сәйкестілігі тұрақты құбылыс емес, ол өмір бойы өзгеруі мүмкін және оның қалыптасуына білім беру ортасы, медиа, отбасылық тәрбие, саяси және экономикалық факторлар әсер етеді.

Мысалы, қазақ тілін үйренбеген жас шетелде білім алғаннан кейін немесе қазақтілді ортаға енгеннен кейін оны өзінің тілдік сәйкестілігінің бір бөлігі ретінде қабылдауы мүмкін. Көптілділік деңгейі артқан сайын жастар белгілі бір тілге деген көзқарасын өзгертіп, тілдік сәйкестілігіне жаңа элементтер енгізуі мүмкін.

